

БЕКЕТ ҚАРАШИН

СКИФТІҢ ОЙЛАРЫ

**(ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
ЭССЕЛЕР)**

МЫСЛИ СКИФА

(ФИЛОСОФСКИЕ И ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЭССЕ)

АТЫРАУ 2020



Академик Зейнолла Қабдолов
Атындағы қор

Фонд имени академика
Зейноллы Кабдолова



**БЕКЕТ ҚАРАШИН
СКИФТІҢ ОЙЛАРЫ**

(ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭССЕЛЕР)

**БЕКЕТ КАРАШИН
МЫСЛИ СКИФА**

(ФИЛОСОФСКИЕ И ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЭССЕ)

АННОТАЦИЯ

Бұл кітап екі тілдегі ғылыми-көпшілік туындыларды қамтиды.

Ол сондай-ақ философия, этнография, тілтану, бойынша қосымша оқу құралы болып табылады.

Екі тілде құрастырылған бұл кітап оқырмандардың қазақ және орыс тілдерін салыстырмалы түрде үйренуіне көмектеседі.

Сонымен бірге кітаптың жастар тәрбиесінде маңызы жоғары: патриоттық-отансүйгіштік рухты оятуға, олардың бойында қайсар мінезді қалыптастыруға, әділеттілікке және демократиялық көзқарастардың дамуына қызмет етеді.

Кітап үлгісі электрондық оқулықтарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Аталған кітап тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде таратылады.

Оқулықты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «ҚАЗАҚШАН СЭЙРА-2020» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған.

Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық коллегия: М.М. Әуезов, Б. Қарашин.

Бас редактор және корректор – Б.Қарашин.

Аудармашы: Д.Имамбаева

Суретші: Мария Кель.

Беттеу, дизайн - Аждар Гаджиев



Данная книга представляет собой научно-популярное произведение на 2-х языках.

Она также является дополнительным учебным пособием по философии, этнографии, языкознанию

Двуязычная книга составлена таким образом, чтобы читатели могли сравнительным способом изучать одновременно и казахский, и русский языки.

Она также несёт огромный воспитательный заряд для молодёжи, её формирования и развития в духе героизма и патриотизма, интернационализма и демократизма.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Книга распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях.

Скачивание бесплатное.

Книга издана на спонсорские средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «ҚАЗАҚШАН СЭЙРА-2020».


Она предназначена для широкого круга читателей, изучающих казахский язык.

Редакционная коллегия: М.М. Ауэзов, Б. Карашин. Главный редактор и корректор – Б. Карашин.

Переводчик: Д.Имамбаева

Художник: Мария Кель.

Верстка, дизайн: Аждар Гаджиев



ГЕГЕЛЬ ЖӘНЕ ШЫҒЫС

Менің досым және ағам, жазушы Герольд Карлұлы Бельгердің аруағына

Георг Вильгельм Фридрих Гегель... Әлемнің ұлы ойшылдарының бірі. Адамзаттың ұстазы.

Ол орасан зор еңбек тындырып, ойлардың, идеялардың, білімдердің ғаламат жүйесін құрды.

Ақырында оның бүкіл жүйесі «басымен қадалып тұрғандай» болып шықты, содан оны Маркс «аяғынан тік тұрғызды».

Ой титандарын сынап-мінеу әрі оңай, әрі қиын. Егер Маркс Гегельді сынның даңғыл жолы бойынша әдіснама мен логика жағынан сынаған болса, онда Гегельде басқа ерекшеліктері жағынан да бәрі мінсіз, мұнтаздай емес...

Шынымен де, оның жүйесінің жалпы ақаулары (оны ақыр соңында метафизикалық мәреге жеткізген идеалистік диалектика, объективті идеализм) сол ерекшеліктердің де абыройын төкті.

Олай болса, оның туындыларының кейбір қырларына назар салайық.

Өзінің бүкіл энциклопедиялық білімімен қоса алғанда бұл философ шығыстанушы болған емес.

Әдеттегі еуропоцентрист.

Гегельдің «Философия тарихы» өте жақсы, бірақ онда Шығысқа арналған орын тым аз. Ол оны бұл еңбекке алдымен Сезімталдық категориясына басып кіргізіп, ал содан кейін, дәл бір қытай сауыты сияқты күл-талқан етіп сындыру, өзіне тән менмендікпен жеңу, «жұлып алу» (оның сөзімен айтқанда) үшін ғана енгізді.



ГЕГЕЛЬ И ВОСТОК

Памяти писателя Герольда Карловича Бельгера, моего друга и старшего брата

Георг Вильгельм Фридрих Гегель... Один из величайших мыслителей мира. Учитель человечества.

Прodelав титанический труд, он создал грандиозную систему мысли, идей, знаний.

Как оказалось впоследствии, вся его система «стояла на голове», которую Маркс «поставил на ноги».

Критиковать титанов мысли и легко, и трудно. Если Маркс раскритиковал Гегеля по части методологии и логики, что является столбовой дорогой критики, то не всё безупречно у Гегеля и по части частных...


Действительно, общие пороки его системы (объективный идеализм, идеалистическая диалектика, приведшая его, в конце концов, к метафизическому финишу), опорочили и частности.

Обратим свой взор на некоторые стороны его творений.

При всей своей энциклопедичности философ этот не был востоковедом.

Типичный европоцентрист.

«История философии» Гегеля великолепна, но в ней слишком мало места для Востока. Его он включил в этот труд только для того, чтобы высокомерно преодолеть, «снять» (как он сам выражался), втиснув его сначала в категорию Чувственности, а затем, словно китайскую вазу, разбить, как ему казалось, вдребезги.



Оның қытайлық және үнділік философияға көзқарасын қозғамай-ақ, тек Гегельдің «арабтық» (арабтілді,- деген дұрыс болады) философияға қарым-қатынасы тақырыбын сөз қыламыз.

Ол Аристотельдің еңбектерін құшақтап ұйқтаған әл-Фарабидің ерлігін түсінбей, қыпшақтың «мықты асқазанын» мазаққа айналдырды.

Адамзат баласы үшін адами антикалықты сақтап қалған арабтілді ғалымдардың адресіне дифирамбалар айтудың орнына, оларды кемсіте қорлады.

Гегель өзі Қайта Өрлеу, Жаңа Дәуір, Ағарту «гиганттарының иығында» тұрғанымен қоймай, осы дәуірлердің пайда болуының өзі, оның жолбастар-титандарын қоса алғанда, кресшілердің арабтармен, әсіресе Кордова халифатының арабтарымен, сириялықтармен, Мысырдың селжүктерімен және мамлюктерімен «қарым-қатынасының» арқасында Еуропаға келген шығыстық ойшылдардың еңбегінің нәтижесі екенін түсінбеді.

Католиктік инквизиция жойып жіберген ұлы гректер мен римдіктердің Еуропалық антикалық философиясын Еуропаға тағы да дәл осы арабтілді ойшылдар қайта «жіберді», олардың арасында тек арабтар ғана емес, сонымен бірге түріктер де, еврейлер де, сириялық христиандар да болды.

Сөйтіп, сириялықтардың арқасында грек авторларының шығармалары алдымен шам (сирия) тіліне, ал содан кейін араб тіліне аударылды, солайша әл-Кинди, ибн-Рошд (Аверроэс) сияқты арабтар ғана емес, сонымен қатар қыпшақ әл-Фарабидің арқасында Аристотельдің еңбектері бүкіл әлем үшін сақталып қалды.

Не касаясь его отношения к китайской и индийской философии, затрону лишь тему взглядов Гегеля на «арабскую» (правильней будет, - арабоязычную) философию.


Не понимал он подвиг Аль-Фараби, издеваясь по поводу «крепкого желудка» кипчака, спавшего в обнимку с трудами Аристотеля.

Вместо того чтобы петь дифирамбы в адрес арабоязычных учёных, сохранивших для человечества человеческую античность, он издевался над ними.

Гегель стоял «на плечах гигантов» Возрождения, Нового Времени, Просвещения, не понимая того, что само появление этих эпох, как и её проводников-титанов, есть результат трудов восточных мыслителей, проникших в Европу благодаря «общению» крестоносцев с арабами, в особенности арабами Кордовского халифата, сирийцами, сельджуками и мамлюками Египта.

Европейскую античную философию великих греков и римлян, уничтожавшуюся католической инквизицией, снова в Европу «отправили» именно арабоязычные мыслители, среди которых были не только арабы, но и турки, евреи, сирийские христиане.

Так, благодаря сирийцам произведения греческих авторов были переведены сначала на сирийский язык, а затем на арабский, а благодаря не только арабам Аль-Кинди, Ибн-Рошду (Аверроэс), но и кипчаку Аль-Фараби труды Аристотеля были сохранены для всего мира.



Ең алдымен, бұл ойшылдар аристотельдік доктрина қандай да бір түзетуге немесе қосымшаларға мұқтаж емес деп санады.

Олар оның ілімінің кейіннен бұрмалануына жол бермеу, оны саналуан талдаулар мен түсіндірмелердің көмегімен болашақ ұрпақтарға кристалдай тазалығымен және толық күйінде жеткізу мақсатын қойды.

Сол себепті ұлы Стагириттің еңбектері осы ойшылдар арқылы айтарлықтай бүлінбеген күйінде Гегельдің өзіне дейін жетті.

Гегельдің орнына осы адамдарға біз құрмет көрсетелік, өйткені ол мұнда да осы философтардың замандастарының сөзін майын тамыза келтіре отырып, біреулерді кемсітпей тұра алмады: «Аристотель табиғатты, ал ибн-Рошд — Аристотельді түсіндірді».

Шындығына келгенде, әл-Кинди, әл-Фараби мен ибн-Рошд Аристотельдің жай ғана түсініктемшісі болған жоқ, керісінше, негізінен оның материалистік үрдістерін дамыта отырып, оның ілімін кәдімгідей қайта өңдеп шықты.

Гегельдің философия тарихында мутакаллимдер (мутазилиттер) мен суфизм үшін де лайықты орын табылмады.

Еуропаның ортағасырлық инквизициясы дәуірінде, яғни білім жойылып, оның орнына сенім отырғызылған кезде, мутакаллимдер өздері ислам диктаты жағдайында өмір сүрсе де үлкен ерлік көрсетті.

Әрине, олар теологиялық киімге оранған болатын, өйткені мұсылман елдерінде үстемдік құрған нақты көзқарастардан арыла алмады.

Бірақ олар діни догматика мен соқыр сенімнен бас тарта отырып, оның орнына іргелі AKL (акл, қазақша - ақыл) категориясын, яғни сана, логос, саналы таным ұсынып, батыл тәуекелге барды.

Прежде всего, эти мыслители полагали, что аристотелевская доктрина не нуждается в каких-либо исправлениях или дополнениях.

Они ставили цель не допустить последующих искажений его учения, передать её грядущим поколениям в кристальной чистоте и полноте посредством многочисленных анализов и комментариев.

Так что труды великого Стагирита дошли до самого Гегеля почти в первозданности через этих мыслителей.

Отдадим дань уважения этим людям вместо Гегеля, ибо он и здесь не сдержался от издёвки, со вкусом цитируя выражение современников этих философов: «Аристотель объяснил природу, а Ибн-Рошд – Аристотеля».



В действительности же Аль-Кинди, Аль-Фараби, и Ибн-Рошд не были простыми комментаторами Аристотеля, а подвергали его учение существенной переработке, развивая в основном его материалистические тенденции.

Не оказалось должного и достойного места в истории философии Гегеля и для мутакаллимов (мутазилитов) и суфизма.

В эпоху средневековой инквизиции Европы, когда уничтожалось знание, а на его место сажали веру, мутакаллимы совершили героизм, хотя тоже жили в условиях диктата ислама.

Разумеется, они рядились в теологические одежды, не могли «откреститься» от реально существующих отношений в мусульманских странах.

Но они смело пошли на риск, отвергая религиозную догматику и слепую веру, а вместо неё предлагая фундаментальную категорию AKL (акл, по-казахски, - ақыл), т.е. разум, логос, разумное познание.



Айтпақшы, бұл терминнің қай тілден екені әлі белгісіз, ал үстірт көз салғанда ол – арабтекті сияқты.

Бірақ бұл түбір сөз ежелгі гректерде де болған, мысалы, ГерАКЛ, АХИЛл (грекше, - АХИЛлес).

Көптеген ежелгі грек аңыздары мен мифтері бойынша, Геракл да, Ахилл де далалық болған).

Мысалы, Ахилл Скифияда туды, өмір сүрді, сол жерден оны тойымсыз темпераменті, жұғымсыздығы, айналасындағыларын өлтіруге дейін баратын ессіздігі мен сабырсыздығы үшін рудан қуып жіберді.

Сөйтіп оны Элладаға жіберді (немесе жер аударды?), мұнда ол сахара батыры, рыцарь ретінде үнемі ерлік, әскери қақтығыстар жасауға себеп-сылтау іздеп жүрді.

Дәл сондай ерлік іздеу Гераклға да тән, ал мұндай іс-әрекеттер – даланың тым бағзы және кең таралған дәстүрі.

Сол скифтер сахаралық болғанмен де, - бір жағынан, - түптүркілер еді (скифтердің бірінші патшасы Тарғытайдың есімі нені білдіреді?

Гректер Ахиллдің байырғы есімін өз қалыптарына салып, басқаша өзгерткені қарастырылып отырған терминнің түркітілділігінің пайдасына шешіледі.

Егер де оған туа салып бірден грекше есім бере алатын болса, онда оларға не үшін бұлай істеу керек болды?

Осылайша, мутакаллимдер философиясының осы бір орталық категориясы грекшедегі түркизм және/немесе арабтағы «тюркизмді-грекизм» болып шығуы әбден мүмкін.

Әрине, мұндай шығыстық этимологиялық биязылықтар мен «қулықтарға» Гегельдің тісі батпады.

Кстати, ещё неизвестно из какого языка этот термин, хотя на поверхности он – арабского происхождения.

Но это корневое слово существовало и у древних греков, например, ГерАКЛ, АХИЛл (по-гречески, - АХИЛлес).

По многим же древнегреческим преданиям и мифам, и Геракл, и Ахилл были степняками.

Например, Ахилл родился, жил в Скифии, откуда его за неумеренный темперамент, неуживчивость, несдержанность, доходящую до безумств и убийств окружающих, изгнали из рода.

Выслали (или сослали?) в Элладу, где он, как степной батыр, рыцарь, всё время искал повод совершить подвиги, военные столкновения.

Тот же поиск подвигов присущ и Гераклу, а эти деяния – древнейший и широко распространённый степной обычай.



Те же скифы, будучи степняками, - хотя бы отчасти, - являлись пратюрками (имя первого царя скифов Таргытай о чём-то говорит?)

В пользу тюркоязычности анализируемого термина говорит то, что греки переименовывали исконное имя Ахилла на свой лад.

На кой ляд им надо было так поступать, коли ему, могли дать греческое имя сразу при рождении?

Таким образом, эта центральная категория философии мутакаллимов может оказаться тюркизмом в греческом и/или «тюркизм-грецизмом» в арабском.

Разумеется, такие восточные этимологические тонкости и «штучки» Гегелю были не по зубам.



Міне, Гегельдің бүкіл жүйесі оның өзінше өрістеткен және дамытқан АҚЛынан басқа ештеңе де емес.

Дәл осы мутакаллимдер (сөзбе-сөз – «сөйлеушілер», «ойлаушылар», «тілді жеткізушілер») өркениеттік әлемде бірінші болып грек антикалық философтарының еңбектеріне бет бұрды.

Осы ерте арабтілді ойшылдар көп ұзамай мутазилиттер – «бөлінгендер» атауын алды.

Әлбетте, ресми және жалпы қоғамдық, ислам дүниетанымын таптайтын идеологиядан бөлінгендер.

Олар баршаға таңылатын дінге қатысты рационалистер және скептиктер болатын.

Мутазилиттер құдай туралы антропоморфтық түсініктерден бас тартты және оның атрибуттарының көптігін жоққа шығарды.

Олар құдай, оның қасиеттері, жасампаздық бастама және т.с.с. нәрселер туралы жалпылама пайымдаулардың орнына «Құдай бар» деген бір ғана фразаны айту жеткілікті деп есептеді.

Болды. Сол арқылы олар Христостың да, Будданың да физиономиясын жойқын шапалақпен тартып жібергендей болды.

Мұндай дүниетанымдық қағидат Христостың орнын «Құдай бар» деген постулаттың өзін білдіретін Абсолютті идея басқан дәл осы гегельдік философияның алдын орап кетті деуге болады.

Тағдыр, жазмыш немесе пешене сияқты ортодоксальді мұсылмандық концепцияға қарсы шыға отырып, мутазилиттер адамның ерік-жігері бостандықта болады, ал оның өзі – өз іс-әрекетінің иесі деп жариялады.

Так вот, вся система Гегеля есть не что иное, как тот же развёрнутый и развитый им по-своему АҚЛ.

Именно мутакаллимы (дословно – «говорящие», «мыслящие», «реченосные») первыми в цивилизованном мире обратились к трудам греческих античных философов.

Эти ранние арабоязычные мыслители получили вскоре имя мутазилитов – «отделившихся».

Разумеется, отделившихся от официальной идеологии и общего общественного, подавляющего мировоззрения ислама.

Они были рационалистами и скептиками по отношению к навязываемой всем религии.



Мутазилиты отвергали антропоморфные представления о боге и отрицали множественность его атрибутов.

Они считали, что вместо пространных рассуждений о боге, его чертах, созидательном начале и т.п. вещам, достаточно лишь произносить единственную фразу: «Бог есть».

И всё. Тем самым ими были нанесены сокрушающие шлепки по физиономии и Христа, и Будды.

Такой мировоззренческий принцип, можно сказать, предвосхитил именно гегелевскую философию, в которой место Христа заняла Абсолютная Идея, которая и есть постулат «Бог есть».

Выступая против ортодоксальной мусульманской концепции фатума, рока или же предопределения, мутазилиты объявили, что воля человека свободна, а сам он – творец своих деяний.



Бірақ бостандық деген, мутазилиттер бойынша, өз бетімен кетушілік емес, ол, өз кезегінде, әділеттілікке және құдыретті күштердің мейіріміне тәуелділікті білдіреді.

«Арабтардың» бұл уәждері де гегелизммен үндес.

Гегель бойынша, индивид те еркін, және тіпті дәл сол Абсолютті Идеяның қалауы бойынша, еркін болуға мәжбүр, ол жекелеген адамдардың және тіпті тұтас қоғамның озбырлығына жол бере алмайды.

Қоғамның да, индивидтің де бүкіл нәрін (іс-әрекеттері, ойлары, еңбегі мен еркіндігін) осы Абсолют «сорып алады», ол, жыртқыш сияқты, өзін тануға және өзіне ұмтылу жолында барлығын жұтады.

Осы мәселе бойынша Гегельдің мутазилиттерден жалғыз өзгешелігі – оның диалектикасы.

Әлбетте, мутазилиттер, Гегельге ұсқап, бостандық пен сананың мінсіз қорғаушылары болды деп айтуға болмайды.

Олар өз дәуірінің қатыгездігін және адам ақыл-ойының әлсіздігін толығымен қуаттады.

Дәстүрлі наным-сенімдерге дұрыс скепсис көрсете отырып, олар сонымен бір уақытта өз көзқарастарын бұлжымас ереже санады және басқаша ойлауға төзімсіз болды.

Олармен салыстырғанда басқаша ойлағанның барлығы мутазелит еретиктер (дінбұзарлар) деп жарияланды және қуғын-сүргінге ұшырады.

Түптеп келгенде Гегель де басқаша ойлауға дәл сондай төзімсіздік танытты және өз көзқарастарын ең жоғары инстанциядағы ақиқат деп білді.

Но свобода, по мутазилитам, не есть произвол, она, в свою очередь, есть зависимость от справедливости и благости божественных сил.

Эти утверждения «арабов» также созвучны с гегелизмом.

По Гегелю, индивид тоже свободен, и даже обречён, быть свободным, именно по воле Абсолютной Идеи, которая не может допустить произвол отдельных людей и даже общества в целом.

Все соки и общества, и индивида (деяния, мысли, труд и свобода) «высасываются» этим Абсолютом, который, как хищник, пожирает всё на пути стремления к себе и обретения себя.

По этому вопросу единственное отличие Гегеля от мутазилитов – его диалектика.


Конечно, сказать, что мутазилиты, подобно Гегелю, были идеальными поборниками свободы и разума, нельзя.

Они в полной мере разделяли жестокость своей эпохи и слабость человеческого ума.

Проявляя здоровый скепсис к традиционным верованиям, они в тоже время считали свои взгляды непреложными и были нетерпимы к инакомыслию.

Все, кто мыслил иначе, чем они, были объявлены мутазелитами еретиками и подвергались преследованию.

В принципе и Гегель считал свои взгляды истиной в высшей инстанции, проявлял такую же нетерпимость к инакомыслию.



X ғ. аяғы және XI ғ. басына қарай араб әлемінде суфизм тәрізді жан-жақты және күрделі философиялық ілім пайда болды. Бұл философияның аса бай тарихы бар. Ол күні бүгінге дейін жасап келеді.

Сопылар («данышпандар») маскировканың шебері болған. Басындағы сәлдесімен және аузындағы Алласымен олар нағыз «кәпір» болатын: пантеизмді (табиғат философиясы) және тіпті материализмді насихаттауға дейін барған.

Әрине, олар исламдық ортодокстар тарапынан қудаланды. Бірақ тақырып бойынша олардың көзқарастарының бұл қыры маңызды емес.


Суфизмнің бір арнасы неоплатонизм, дүниенің мән мен құбылысқа бөлінуі туралы ілім болатын. Дәл осы сопылар тек шығыстық аристотелизмді ғана емес, сонымен қатар платонизмді де, расын айтқанда оның эрзац формасын дамытты.

Платонның мән бола отырып, жекелеген заттарға, субъективті көзқарастарға, яғни құбылыстарға дейін төмендейтін және қонатын қасиеттерге ие бола алатын жалпы идеялар (сұлулық, мейірім және т.б.) туралы матрицалық іліміне қарағанда, сопылар индивидтің өзі аскетизм және экстаз арқылы құдыретті идеяларға шарықтап жете алады деп тұжырымдады.

Осылайша, сопылар объекті-субъектілік қатынастар саласына басып кірді, және бұл, тағы да, осы көзқарастарды Гегельдің доктринасына жақындатады. Аскетизм мен экстаздан басқасы.

Оған қоса, мұнда да Гегель өзінің ұлы ізашарларына қатысты жылы сөз таппай қалды.

Діни тоталитаризм жағдайында керемет ғажайыптар туғызған ғылымның «арабтық» Шығыстағы дамуын тек жеңіл шолып өтейік, бұл кездегі батыста оның көлеңкесі де жоқ болатын.



К концу X и началу XI в. в арабском мире возникло такое многостороннее и сложное философское учение как суфизм. У этой философии богатейшая история. Она существует и поныне.

Суфии («мудрые») были мастерами маскировки. С чалмой на голове и Аллахом на устах они являлись настоящими «кафирами»: доходили до пропаганды пантеизма (философии природы) и даже материализма.

Разумеется, они преследовались ортодоксами от ислама. Но не эта суть их взглядов важна по теме.

Одним из русел суфизма был неоплатонизм, учение о разделении мира на сущность и явления. Именно суфии развивали не только восточный аристотелизм, но и платонизм, правда, в его эрзац форме.

В отличие от матричного учения Платона об общих идеях (красоты, добра и т.д.), которые, являясь сущностью, имеют свойство нисходить и вселяться в отдельные вещи, субъективные взгляды, т.е. явления, суфии утверждали, что индивид сам может взмывать к божественным идеям через аскетизм и экстаз.

Таким образом, суфии вторглись в область объект-субъектных отношений, что, опять-таки, сближает эти взгляды с доктриной Гегеля. Кроме аскетизма и экстаза.

Опять-таки, и здесь Гегель не находит тёплых слов по отношению к своим великим предшественникам.

Лишь вскользь коснёмся, развития науки на «арабском» Востоке, в условиях религиозного тоталитаризма совершившей чудеса, тогда как ею на западе и не пахло.



Араб ғалымдары Птоломейдің «Ұлы құрылым» атты еңбегін тәржімалады, оны өздерінше «Альмагест» деп атады және тіпті оның астрономиялық есептеулерін түзетті (Әл-Батани).

9 ғасырдың өзінде-ақ Бағдад пен Дамаскіде аспан денелеріне бақылау жүргізген екі астрономиялық обсерватория салынған болатын. Қабырғалық квадранттар мен астролябиялар сияқты құралдар пайда болды. Тіпті Шығыс ғалымдары меридианның доғасын өлшеуді білді. Осындай теориялық жаңалықтар астрономияның қарқынды дамуына алып келді, сөйтіп ол Орта Азияға да келді (Ұлықбек).

Астрономиямен айналысу математиканың өрлеуіне алып келді. Шығыс гректерден гөрі алысқа барды (квадраттық теңдеулер, түбірді шығару тәсілдері, тригонометрия). Тіпті қазіргі заманғы арифметика арабтар енгізген цифрларды пайдаланады.

Физика (әсіресе оптика, механика, гидростатика), химия (айыру, айналдыру, кристалдандыру, еру, күйдіру, металдарды тазалау рецептілері, матаны бояу, лактарды даярлау), медицина (хирургия, анатомия) және басқа ғылымдар шарықтап дамығаны соншалық, оларды қазірдің өзінде асыра бағаламау қиын.

Осы ғылыми жетістіктердің барлығының құндылығын Гегель лайықты бағаламады. Гегельге не жорық, тіпті марксизм классигінің өзі оларды менсінбеген сыңаймен «арабтардың кездейсоқ жаңалықтары» деп атады.

Әрине, егер де оларды Еуропалық Жаңа Дәуірдегі ғылымның қарқынды дамуымен салыстыратын болса, онда бұлай айтуға болады. Бірақ оларды Жаңа Дәуірмен емес, ортағасырлық Еуропаның кертартпалығымен салыстыру керек емес пе!

Арабские учёные перевели труд Птолемея «Великое построение», назвав её по-своему: «Альмагест», даже исправив его астрономические вычисления (Аль-Батани).



Уже в 9 веке в Багдаде и Дамаске были сооружены две астрономические обсерватории, проводившие наблюдения за небесными телами. Появились такие инструменты как стенные квадранты и астролябии. Даже дугу меридиана сумели измерить учёные Востока. Эти теоретические открытия привели к бурному развитию астрономии, которое проникло и в Среднюю Азию (Улугбек).

Занятия астрономией привели к всплеску математики. Восток пошёл дальше греков (квадратные уравнения, способы извлечения корней, тригонометрия). Даже современная арифметика пользуется цифрами, введенными арабами.

Физика (в особенности оптика, механика, гидростатика), химия (перегонка, возгонка, кристаллизация, растворение, обжигание, рецепты очистки металлов, окраска тканей, изготовление лаков), медицина (хирургия, анатомия) и другие науки получили столь бурно развитие, что трудно переоценить их и поныне.

Все эти научные достижения не были по достоинству оценены Гегелем. Да что там Гегель, даже классик марксизма пренебрежительно назвал их «спорадическими открытиями арабов».

Конечно, можно так сказать, если сравнивать их с бурным развитием науки в Европе Нового Времени. Но сравнивать-то их надо не с Новым Временем, а со средневековым мракобесием Европы!



Сонда біз ешқандай салыстырудың болуы да мүмкін еместігін мойындар едік, өйткені орта ғасырда Еуропада ғылым болған да емес! Тіпті монша мен мұрын сүртетін орамал да болмаса, ғылым қайдан болсын, бұған кезінде мамлюктер таңқалып, Еуропаның рыцарларын варварлар деп атаған...

Ал енді Гегель де, Маркс та ұлы араб ойшылы ибн-Халдунның еңбектерін білген жоқ және білуі де мүмкін емес еді, олар еуропалықтарға тек 2-дүние жүзілік соғыстан кейін ғана жетті.

Оның өзі «Әл-Мукаддима» деп атаған «Арабтардың, парсылардың, берберлердің және басқа сол замандағы қуатты халықтардың тарихынан мәліметтер және ғибратты мысалдар кітабына» кіріспеде, оның әлеуметтік философиясының негіздері баяндалады.

Бір ғажабы, бұл кітап өзінің еуропалық аналогтары – құнның еңбек теориялары идеясы, таптық күрес, ағартушы абсолютизмі, таным әлеуметтануынан анағұрлым асып түсті.

...Гегельдің «Тарих философиясы» - еуропоцентризмнің ең жоғарғы догмасы. Гегель Шығысты жек көрді.

Ол еуропалық мәдениет көзқарасымен ғана жоғары білімді болатын, ал Шығыс тұрғысынан ол – надан. Ол тіпті Азияның тарихын нақты білмеді.

Әрине, ол оны айналып өте алмады, бірақ осы айсбергтің шыңын өз биігінен таптап қана жүруге шамасы жетті.

Ол оған тек өзін көрсетуі, өзінің энциклопедияшылдығына «масаттануы» үшін ғана, оны Абсолютті Идеяның «денесіне» бір шертіп кіргізіп, ал содан кейін, жағасынан алып Бүкіләлемдік Тарихтың босағасына отырғызып қою үшін қажет болды. Еуропалық тарихтың шылауы еткісі келді.

Тогда бы мы признали, что сравнения-то никакого быть не может, ибо в средневековой Европе науки и не было! Откуда ей быть, когда не было даже бань и носовых платков, чему удивлялись мамлюки, называя рыцарей Европы варварами...

И уж конечно ни Гегель, ни Маркс не знали и не могли знать трудов величайшего арабского мыслителя Ибн-Халдуна, которые дошли до европейцев лишь после 2 мировой войны.

Во введении к его «Книге поучительных примеров и сведений из истории арабов, персов, берберов и др. современных им могущественных народов», названном им «Аль-Мукаддима», излагаются основы его социальной философии.

Что поразительно, книга эта предвосхитила, причём намного, чем её европейские аналоги, идеи трудовой теории стоимости, классовой борьбы, просвещённого абсолютизма, социологии познания.

...«Философия истории» Гегеля – высшая догма европоцентризма. Гегель ненавидел Восток.

Высокообразованным он был только с точки зрения европейской культуры, а с позиций Востока он – невежда. Он даже не знал истории Азии, как таковой.

Конечно же, он не мог обойти её стороной, но в своём обозрении лишь потоптался на вершине этого айсберга.

Она была нужна ему лишь для того, чтобы покрасоваться, «посамолюбоваться» своей энциклопедичностью, одним щелчком вкатив её в «тело» Абсолютной Идеи, а затем, взяв за шиворот, посадить у порога Всемирной Истории. Сделать придатком европейской истории.

Әрине, ол Еуропаның тарихын тамаша білді, бірақ тіпті оның өзін теріс айналдырып жіберді. Мысалы, әлгі кресшілерді өзін өзі іздеп адасып жүрген және өзінен-өзі ұрықтана отырып, өзіне қарай қозғалған Абсолютті Идеяның Қозғалысының бір сатысы ретінде қабылдады, ал ақ боз ат мінген Наполеон – осы Идеяның дамуындағы бір шың.

Жалпы тарих және философия тарихы бойынша, оның ішінде, Гегельдің адасулары мен қателіктері оның жеке басының кінәсі емес, керісінше бүкіл еуроцентризмнің бақытсыздығы, ол Шығыстың тарихын егжей-тегжейлі зерттеп, содан кейін барып ол туралы білімдерді жинақтаудың орнына оған қатысты көпе-көрінеу жалған негіздер мен позицияларды – араздық, жауласу, қарсылық, бөгдені бөтен, жат ретінде қабылдау позициясын ұстанды.

Гегель – тек өз дәуірінің және еуроцентризм «әдіснамасының» жемісі. Алайда оның кінәсін көрмей қалуға да болмайды.

Бұл кінә оның есті адам ретінде өзі білмейтін нәрсеге қатысты сөз қатпай қалмауында, керісінше ол жалпы еуропалықтарға ортақ есірікке берілді, - Дон Кихотқа ұқсап жел диірменмен соғысып жүргенінен хабарсыз күйде Шығысты жоя бастады.

Маркс одан тереңдеу еді. Ол «өндірістің азиаттық тәсілі» туралы өздері негіздеп алған гипотезаны қалай болса солай дамытуға тырыспады, өйткені бұл феномен туралы білімдер сол уақыттағы Еуропада жоққа таяу болатын.

Міне, адамның ұстамдылығы, сабырлылығы ойлау тәсілдерінің бірі деуге болады. Сөз реті келгенде айта кетейік, біздің дәуірімізде осы бір терең тақырыпқа қатысты мол материал жиналғаны соншама, олар бірнеше докторлық диссертацияға жүк болады.

Конечно, он отлично знал историю Европы, но даже её вывернул наизнанку. Например, тех же крестоносцев он воспринимал как этап в Движении той же Абсолютной Идеи, которая блуждала в поисках самой себя и двигалась к себе, самооплодотворяясь, а Наполеона на белом коне – пиком в развитии этой же Идеи.

По части истории в целом и истории философии, в частности, заблуждения и ошибки Гегеля не его личная вина, а беда всего евроцентризма, который вместо скрупулёзного изучения истории Востока, а затем уже выведения знаний о нём, стоял на заведомо ложных основах и позициях по отношению к нему, позициях неприятия, неприязни, восприятия чужого в качестве чуждого.

Гегель - лишь продукт своей эпохи и «методологии» евроцентризма. Но и вину его нельзя не видеть.

А она в том, что он, как умница, не сдержался по отношению к тому, чего он не знал, а поддался всеобщей европейской истерии, - как Донкихот, стал уничтожать Восток, не ведая о том, что бьётся только с ветряными мельницами.

Маркс был глубже. Он не стал, как попало, развивать постулированную им гипотезу об «азиатском способе производства», так как знаний об этом феномене в Европе того времени почти не было.

Сдержанность, получается, тоже один из способов мышления. К слову, в нашу эпоху уже накопилось столько материала, касающегося этой глубокой темы, что они «тянут» не на одну докторскую диссертацию.

Гегельдің «Логика ғылымы» – компьютер дәуірін және заманауи технологияларды алдын ала масаттана болжауы. Бірақ, тағы да, бұл «ғылымда» Шығыс, оның Гегель мансұқ еткен ұлы Сөзіншегі жоқ. Шығыстың «Эзотериялығы» оның үрейін алды, өзге мәдениеттің, өзге өркениеттің аса терең қыртыстарын ол меңгере алмады. Оның осы әлсіздігін оған кінә етіп қоюға ешбір болмайды.

Оның үстіне, оның тындырған істері де жеткілікті.

Кез-келген ойшыл Жүйе құрмай тұра алмайды, мейлі ол химиялық элементтер кестесі, немесе экономикалық қатынастар болсын. Бірақ жүйе дегеніміз, басқаша айтқанда, - білімнің, ғылымның, ойлаудың түйінделген құрылымы.

Олардың шекарасын анықтау, панцирь немесе қытай қабырғасы сияқты, ұлы қабырға тұрғызу, бірақ ол тексере келгенде осал және пайдасыз болып шықты, өйткені далалықтар ол арқылы майдан қыл суырғандай өтіп кететін.

Гегельдің жүйесі – сол қытайлық қабырға, ол ғаламат, бірақ жасандылығы және ойдан тұрғызылғаны себепті Фейербахтың таранына және Маркстің «ауыр артиллериясына» шыдас бермеді.

Дегенмен, Спиноза оған дейін-ақ кемеңгер әдіснамалық афоризм айтты емес пе: «Кез-келген анықтама шектеу деген сөз». Жүйе деген де сол анықтаманың өзі және сонымен қатар шектеу де.

Күйреу – кез-келген жүйенің үлесі және нәтижесі.

Маркс мұны жақсы түсінді және «жүйеқұрушылықты» сынауды дамытты, бірақ өзі де оның еліктіргіш қақпанына түсіп қалды.

Тіпті осының өзінен «Гегельдің қарғысы» көрініп тұр.

«Наука Логики» Гегеля – предвосхищение эпохи компьютера и современных технологий. Но, опять-таки, в этой «науке» нет Востока, его великой Чувственности, которой Гегель пренебрегал. «Эзотеричность» Востока его пугала, не смог он освоить глубочайшие пласты иной культуры, иной цивилизации. Эту его слабость ни в коем разе не стоит ставить в его вину.

Сверх достаточно того, что он сумел сделать.

Любой мыслитель не может не создавать Систему, будь это таблица химических элементов, или экономических отношений. Но система, по-другому, - завершённое строение знаний, науки, мышления.

Определение их границ, создание панциря или стены, подобно китайской, великой, но на поверку уязвимой и бесполезной, ибо степняки проходили через неё, как нож через масло.

Система Гегеля – та же китайская стена, она грандиозна, но из-за искусственности и надуманности не выдержала тарана Фейербаха и «тяжёлой артиллерии» Маркса.

Но ведь ещё до него Спиноза высказал гениальный методологический афоризм: «Любое определение есть ограничение». Система и есть определение и в тоже время ограничение. Крах – удел и итог любой системы.

Маркс это понимал и развивал критику «системосозидания», но сам же оказался в его заманчивой ловушке.

Даже в этом видится «проклятье Гегеля».



«Менің Гегелім» – ұлы, сыпайы, қарапайым, кішкентай адам, Құдыреттің деңгейіне дейін шарықтаған данышпан.

Ол – өзін өзі жасаған Құдай.

Менің ойымша, ол Шығыстың ғаламат зор екенін білді, сондықтан оған ақылы да қолы да жетпейтін болғаны үшін өзін өзі жазғырды, сол себепті ол оны «Адамзаттың ұлы қателігі», Абсолютті Идеяның Ұлы Қозғалысындағы әшейін бір шылауы деп кемсіте жариялады.

Тұтасымен алғанда Гегельдің философиясы – адамдардың арсыз Санасының, оның толайым заттарға, қатынастарға, ой өнімдеріне кекіреюшілігінің көрнекті гимні, нақұрыстық пен қайратсыздықтың, ойдың Мәңгілік, Шексіздік пен Дүниенің ырықсыздығынан бояма басымдығының гимні.

«Мой Гегель» - великий, скромный, простой, маленький человек, гений, воспаривший до уровня Божества.

Он – Бог, создавший самого себя.

Я думаю, он корил себя именно за то, что Восток огромен, недостижим и недоступен ему, поэтому-то он пренебрежительно объявил его «Великим Заблуждением Человечества», лишь каким-то придатком в Великом Движении Абсолютной Идеи.


В целом философия Гегеля – выдающийся гимн обнаглевшего людского Сознания, его претенциозности на всеохват предметов, отношений, мыслительных продуктов, гимн безумия и беспомощности, ложного возвышения мысли над Вечностью, Бесконечностью и Неумолимостью Мироздания.

СИЗИФ ТУРАЛЫ СКИФТИҢ АҢЫЗЫ

*Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің
ректоры, профессор, философия
ғылымдарының докторы Бердімұратов
Темерхан Байбосынұлына*

МИФ СКИФА О СИЗИФЕ

*Ректору Казахско-Российского международн-
ого университета, профессору, доктору
фило-софских наук Бердимуратову Темерхану
Байбосыновичу*



*«Аңыздар біздің қиялдарымызда
шындыққа айналу үшін құрылады»*

Альбер Камю «Сизиф туралы аңыз»

1

Сизиф туралы аңыз көпке белгілі, сондықтан тек оның фабуласын қысқаша еске саламын...

Сизиф ол кезде қылмыспен бірдей болып келетін, Құдайларға құрметпен қарамағандықтан, тірі қалғысы келіп, өлім жазасынан қашуға дейін барып, өмір сүргісі келіп жанталасқандықтан құдайлар оны таудың басына зор тасты мәңгі домалатуға үкім шығарады, ол жерде тасты ұстап қалуға күші жетпей және шарасыздықтан төмен қарай қайта құлдилаытын. Сөйтіп бәрі қайтадан басталатын. Қорыта айтсақ, Сизиф бітпейтін шырғалаң еңбекке мәңгі байланған еді.

*«Мифы складываются для того,
чтобы их оживляло наше воображение»*

Альбер Камю «Миф о Сизифе»

1

Миф о Сизифе известен многим, поэтому лишь вкратце напомним его фабулу...

Сизиф, за непочтительное отношение к богам, равное по тем временам преступлению, неумную жадность жизни, дошедшую до попыток избежать смерти, был приговорён богами, навечно вкатывать на вершину горы огромный камень, который он не в силах был там удерживать и который неизбежно обрушивался вниз. И всё начиналось сначала.

Таким образом, Сизиф был обречён на труд, представлявший порочный круг.

Жаһаннамдағы сизифтіктей еңбек туралы әңгімелей отырып, Камюдің пікірі бойынша, Камюдің өзінің эссесінен басқада жоқ, сондықтан аңыздың жалғасының бұл бөлігі елестету және қиял үшін белгілі бір қызығушылық туғызады.

Камю сизифтіктей еңбекті ғажап тұтастай бере алды және қайғылы нұсқасын суреттей отырып нандырды. Оның Сизифі өз жағдайының барлық жайсыздығы мен қайтпастығына қарамай батыр болып саналады.

Ол Бейнет пен Қайғыға душар адам болғандықтан бәрін басынан өткере отырып осындай Рухқа ие болады, құдайлар оның талайын мәңгі анықтап бергендіктерін, оны тағдырмен жалғыз қалдырғандықтарын түсініп Көзі ашылады.

Мұндай жағдайды ұғыну оның тағдырына деген мұндай тәртіпке Жек көру түріндегі оның қарсылығын туғызады, бұл Сизифтің құдайлардың орнатқан тәртіптеріне биіктен қарауға мүмкіндік береді.

Адами қасіреттің таусылмайтын ағынында, қасіреттен басқа ештеңе мүмкін еместей көрінсе де, оның қуануға қабілетті еді.

Мәңгі азап шегуіне душар еткен тағдыры немесе құдайлардың бұйрығы одан теріс айналып, оны өзімен өзін қалдырғанына Сизиф бақытты.

Жаратушы күш жасаған, жаратушы секілдіге ұқсас, тіршілік етуге тәуелсіздік пен бостандық ала отырып, өзінің жасаушысынан бөлектелген, Сизиф те, құдайлардың тәртібіне өзінің тәуелді болуынан тәуелсіз болғанына, құдайлардың оған «еріксіз бостандық» ұсынғандарына қуанады.

Рассказов о сизифовом труде в преисподней, по утверждению Камю, нет (кроме эссе самого Камю), поэтому эта часть продолжения мифа вызывает определённый интерес для воображения и фантазии.

Камю удивительно цельно выжал и разыграл трагический вариант сизифова труда. Его Сизиф, при всей абсурдности и фатальности своего положения, - герой.


Им его делает Дух, посредством которого он, пройдя через Страдание и Скорбь обречённого человека, приходит к Прозрению того, что боги раз и навсегда определив его участь, оставили его один на один с Судьбой.

Осознание этого факта вызывает в нём отрицание существующего положения в форме Презрения к судьбе, что позволяет Сизифу возвыситься над установленным богами порядком.

В бесконечном потоке человеческого страдания, казалось бы, ничего, кроме страдания не допускающего, он способен радоваться.

Сизиф счастлив оттого, что судьба или воля богов, обрекая его на вечное мучение, отвернулась от него, тем самым, предоставляя его самому себе.

Подобно тому, как творение, созданное демиургом, отчуждается от своего создателя, приобретая независимость и свободу существования, так и Сизиф, радуется тому, что он уже независим в своей зависимости от воли богов, что лишая его свободы выбора, боги предоставили ему «свободу без выбора».



Камюдің аңызды түсіндірмесінде Сизифтің бостандығы шын емес, жорамалданған бостандықты көрсететін болып шығады.

Бостандық жолында талай кезеңдер өтетін болса да, оған деген қажеттілікті ұғыну бұл әлі бостандыққа қол жеткізу деген сөз емес.

Бостандық берілмейді, ол сонымен бірге адамның әрекеттерінің жалаң қорытындыларынан тұрмайды. Адамның нақты әлемге қатты құштарлығын жеңуіне бағытталған, Еріктің әсер етуі көмегімен, нақты тәжірибелік әрекеттердің қажеттілігі жолынан адамды азат ету нәтиже-үдерісі шын бостандық болып шығады.

2

Бұл тұрғыдан алғанда осы аңызды басқа арнада түсіндіруге болады...

Ендеше, Сизифті құдайлар жазалаған. Камю «еш пайдасыз және ешқанай үмітсіз таусылмайтын жұмыстан асқан жаза жоқ» деп сендірген болатын.

Бірақ адамның тағдырында мүлдем бітпейтін, қажетсіз және үмітіз нәрселер болуы мүмкін бе?!

Егер берілген оқиғаның желісінен ой туындатсақ, қойылған сұраққа жалпы алғанда оңды жауап берілмесе –аңызды пайымдауда күтпеген бетбұрыс туындайды.

Мұндай көзқарас іс жүзінде Сизифтің қиындыққа душар болған және жанынан безген субъект емес, керсінше Оптимист екені көрінеді.

Ол күндердің күнінде өзінің аса жалықтыратын және пайдасыз еңбегінен тұратын шырғаланды үзіп, бәріне әлемде үмітсіз және амалсыз жағдайлар мен тәртіптер жоқ екенін дәлелдеп береді.



При такой трактовке мифа у Камю выходит, что свобода Сизифа носит характер мнимой, а не действительной свободы. Осознание необходимости не есть ещё свобода, хотя представляет веху на пути к ней.

Свобода не даётся а priori, она в то же время не есть голый итог человеческих действий.

Действительная свобода есть вечный процессо-результат высвобождения человека из пут необходимости, посредством влияния Воли, реальных практических действий, направленных на преодоление жёсткой привязанности человека к объективному миру.

2

В этом отношении данный миф можно интерпретировать в иной плоскости...


Итак, Сизиф наказан богами. Камю утверждал, что «нет кары ужаснее, чем нескончаемая работа без всякой пользы и без надежд впереди».

Но разве в человеческой судьбе бывает что-либо абсолютно бесконечное, бесполезное и безнадежное?!

Поставленный вопрос, если, исходя из индуктивных данных опыта, ответить на него, в общем, и отрицательно, - вызовет неожиданный поворот в толковании мифа.

С этой точки зрения дело представляется таким образом, что Сизиф не обречённый и отчаявшийся субъект, а Оптимист.

Он надеется на то, что когда-нибудь разорвёт порочный круг своего крайне нудного и бесполезного труда и докажет всем, что безнадежных и безвыходных ситуаций и положений в мире нет.



Сизиф көптеген әрекеттердің нәтижесінде алған Білімі оған Үміт пен Сенім беру үдерісінің арқасында, бір тастың шексіз қолданыста бола беруі мүмкін емес, өйткені ол өрге әрмелетуден сансыз үйкелістерге ұшырап, төмен құлдылау кезінде уатылып міндетті түрде көлемі кішірейеді, түйіршікке дейін, ең соңында тозаңға айналатыны туралы қорытынды жасар еді.

Сизиф байланып қалғандай болған тас қалай тозаңға айналса, оның мойнынан да құдайлардың қарғысы өзімен-өзі кетіп қалады деп үміттенеді.

Ол сонымен бірге уатылып қалған тастың орнына құдайлар басқа тасты ауыстырмайды деп үміттенеді, өйткені тек құдайдың емес, тіпті адами сот та бір қылмыс үшін екі рет жазаламайды.

Мұндай үміт тек қана Сизифтің күшіне нір беріп қойған жоқ, сонымен бірге оның бір қалыпты еңбегіне әлдебір шығармашылық шырай берді деп ойлау керек.

Бұл орайда Сизиф тасты таудың басында ұстап қалмағанына қынжылмай, қайта төмен қарай гүрсілдеп зымырап бара жатқанына қуанды, одан басқа құлағанда қаттырақ бүлінсін деп өзі де итере бастады деп елестетуге тұрады.

Тасты физикалық дене емес, метафизикалық ой деген қисыны бар дерек, нақты емес, бейнелі түрде, мұнда ешқандай да мағынаға ие болмайды.

Сизифтің бүлікті әрекеті мұндай жағдайда тағдырға қарсы душар болушының торығуы емес, адамның Бостандық алуына үміттенген Сенім болып табылады.

Надежду и Веру в это ему придаёт Знание, полученное в результате многократных действий, в процессе которых Сизиф неизбежно сделал бы вывод о том, что один и тот же камень не может использоваться бесконечно, ибо он, подвергаясь многочисленным трениям от движения вверх, расщеплению и раскалыванию при скатывании вниз, непременно уменьшится в размерах, дойдя до комочка и, в конце концов, до пылинки.

Сизиф надеется на то, что как только камень, к которому он как бы привязан, сотрётся в пыль, так сразу с него будет автоматически снято проклятие богов.

Он к тому же надеется и на то, что боги не заменят стёршийся камень новым, ибо не только божий, но даже человеческий суд не наказывает дважды за одно и то же преступление.

Надо полагать, что надежда питала не только силы Сизифа, но и придавала его монотонному труду некий творческий характер.

В этом плане стоит вообразить, что Сизиф не только не огорчался тому, что не может удержать камень на вершине горы, а скорее радовался грохочущим скачкам его вниз, более того, что он сам его подталкивал, дабы придать его падению более разрушительные последствия.

Тот возможный факт, что камень мог быть не физическим телом, а метафизической идеей, не реальным, а символическим, не имеет здесь никакого значения.

В таком случае бунт Сизифа против судьбы пытается не отчаянием обречённого, а Верой надеющегося на Освобождение человека.



Ал Сизифтің өзі сандырақ емес, нағыз Батыр бола бастайды.

Мұндай Сизиф өзімен Ажалсыздыққа қарсы және ғайыптан өмір аясына қайта келу мүмкіндігіне адамның мәңгі Нанымын бейнелейді.

Оның Бостандығы айласыздық, мағынасыздық және үмітсіздіктерге көнбес Рухтың Жеңіс әнұраны болып табылады.


Мен Сизифті душарлықтан құтылып, мейлі уақытша және шапшаң өтіп кететін болса да адамзат әлеміне қайтып келе алатына сенімді ретінде қалдырамын.

Сам же Сизиф становится не абсурдным, а что ни на есть настоящим Героем.

Такой Сизиф олицетворяет собой вечную Веру человека в Бессмертие и возможность возврата из небытия в лоно жизни.

Его Освобождение есть Гимн Победы мятежного Духа над безысходностью, бессмысленностью и безнадёжностью.

Я оставляю Сизифа, уверенный в том, что он, прорвавшись сквозь обречённость, сумел вернуться в человеческий мир, даже если этот возврат был временным и скоротечным.



СОПЫЛАР ТУРАЛЫ

Менің досым және ағам Мұрат Әуезовке

Философия, сопышылдар, сопылық, сопылар, сопы және басқа да сөздер ежелгі гректің «софия» сөзінің негізінде шыққан және даналықты, ақыл-парасатты, рухани бастауды білдіреді.

Даналық әрқашан, барлық уақытта және қоғамдарда қадірлі болды. Философия сөзінің өзі («даналыққа құштарлық») осы көзқарастың белгісі.

Даналық көбінесе құдыретпен байланысты болды, міне сондықтан осындай қасиеттерге ие және ол қасиеттерін діни сенімді насихаттауда, құдайлық ақиқатқа жол ашуда қолданған адамдарды Құдайдың нұры түскен, Құдайға жақын адамдар деп есептеді.

10-шы ғасырдан кейін араб халифаттарында пайда болған алғашқы сопылар осындай болған.

Олар дәруіштердің (пақырлардың), өзінше бір қайыршылықпен күн көрген монахтардың рухани бауырластығын ұйымдастырды, елден аулақта өздері Махаббатпен теңестірген Құдайға жету үшін шөл дала мен үңгірлерге кетті.

Сопылықта әртүрлі ағымдар мен өзгешеліктер өте көп болды: пантеизмнен және тіпті материализмнен қияли пессимизмге және діни мистикаға дейін.

Сопылық 11 ғасырда күпірлік (ересь) деп жарияланды, ресми билік және билеуші таптар тарапынан қудалана бастады, ваххабистік ислам деп аталды, бірақ қолөнершілер мен қала кедейлерінің ортасында кеңінен танымалдыққа ие болды. Айта кетерлік жайт, сопылықтың қазіргі заманғы ваххабизмге ешқандай қатысы жоқ.

О СУФИЯХ

Моему другу и брату Мурату Ауэзову

Философия, софисты, суфизм, суфии, сопы (каз.) и другие слова, вышедшие из древнегреческой основы «софия», обозначают мудрость, разум, духовное начало.

Мудрость почиталась всегда, во всех временах и обществах. Слово философия («любовь к мудрости») и есть обозначение этого отношения.



Мудрость часто была связана с божественностью, вот почему людей, обладавших этими качествами, да к тому же применявших их в пропаганде веры, открытии путей к божественной истине считали осенёнными Богом, приближёнными к Богу людьми.

Такими были первые суфии, появившиеся после 10 века в арабских халифатах.

Они организовывали духовные братства дервишей (факиров), своего рода нищенствующих монахов, уходили в пустыни и пещеры для того, чтобы наедине дойти до Бога, которого отождествляли с Любовью.

В суфизме было очень много различных течений и оттенков: от пантеизма и даже материализма до созерцательного пессимизма и религиозной мистики.

Суфизм в 11 веке был объявлен ересью, стал преследоваться официальной властью и господствующими классами, был назван исламом ваххабизмом, но приобрёл широкую популярность в среде ремесленников и городской бедноты. К слову, с современным ваххабизмом суфизм ничего общего не имеет.



Кейінірек сопылар аскетизм мен дүниеауи игіліктерден бас тарту, төзімділік пен қарсылық білдірмеу, күрестен бас тарту идеяларын насихаттаушыға айналды.

Сопылықтың бір бұтағы неоплатониктердің мән мен құбылыстар туралы ілімдерімен байланысты.

Құбылыстар әлемі, осы ілім бойынша, аскетизм мен экстаз арқылы жететін құдайлық ақиқаттар әлемін білдіретін мәнге ие емес. Сопылықтың осындай бұтақтарының барлығын оның классикалық негіздеріне жатқызуға болады.

Бірақ сопылық тек араб елдерінде ғана өмір сүріп қоймады, ол парсы және түркі халықтарының арасына да тарала бастады.

Исламды таратқан арабтар ұзақ уақыт бойы түріктерді жеңе алмады, тіпті Мұхаммедтің өзі, ұлы пайғамбар бірде былай депті: «Түріктер сендерге тиіспесе, оларға сендер де тиіспендер!».

Түріктерді арабтар исламның жаулары, нағыз кәпірлер деп есептеді, бірақ олар туралы ең керемет теңеулермен пікір білдіріп, жарамсыз қылықтарының жоқтығын, жауынгерлердің арыстан текті қасиеттерін, билікке құмарлығын, адамдарды басқара білу қабылетін, әділеттілігін және басқа толып жатқан қасиеттерін жоғары бағалады, мұның бәрін Фирдоуси мен Баласағұннан бастап Низами мен Науаиге дейінгі араб, парсы және түрік ақындары сүйіне мадақтаған.

Арабтар ислам экспансиясын Түркияда қылыштың көмегімен жүргізе алмады.

Түркі-хазарлар Русь пен Шығыс Еуропаны исламданудан сақтап қалды.

Қыпшақтар Византияны мұсылмандардың шапқыншылығынан қорғады.

Позднее же суфии стали проповедниками идей аскетизма и отречения от мирских благ, терпения и непротивления, отказа от борьбы.

Одна из ветвей суфизма связана с учениями неоплатоников о сущности и явлениях.

Мир явлений, по этому учению, не имеет сущности, под которой они подразумевали мир божественных истин, которые достигаются через аскетизм и экстаз. Все эти ответвления суфизма можно отнести к его классическим основаниям.

Но суфизм существовал не только в арабских странах, он стал проникать в среду персидских и тюркских народов.

Долгое время арабы, распространявшие ислам, не могли одолеть тюрков, даже сам Мухаммед, великий пророк однажды изрёк: «Не трогайте тюрков, пока они не трогают вас!».

Тюрков арабы называли врагами ислама, высшими неверными, но отзывались о них самыми выдающимися эпитетами, ценили их за отсутствие пороков, львиноподобные качества воинов, страсть к власти, умение управлять людьми, справедливость и многие-многие качества, которые были восторженно описаны арабскими, персидскими и тюркскими поэтами от Фирдоуси и Баласагуни до Низами и Навои.

Исламскую экспансию арабы не сумели провести в Тюркии посредством мечей.

Тюрки-хазары спасли от исламизации Русь и Восточную Европу.

Кипчаки охраняли Византию от нашествий магометанства.

Арабтарды түркештер, қарлұқтар бірнеше рет жеңді, ал түрік жалдамалылары мен мамлюктер халифтерден билікті тартып алып, бүкіл ислам әлеміне өз билігін орнатты.

Олар талай рет моңғолдардың түменін тас-талқан етті, сөйтіп, Еуропаны қираудан сақтап қалды, кресшілердің ордасын талқандады, осылайша, ислам әлемін және Византияның (Русьтің де) православтық шіркеуін шапқыншылықтан қорғады, орта ғасырдың бірегей мәдениетін қалыптастырды, оны жете түсіну және сипаттау алдағы күннің еншісі.

Ислам Далаға пайғамбар ақиқаттарын қарапайым таратушылар, діни пірөдарлар арқылы «жұмсақ тәсілмен» енгізілді, олар әлемді Құдайға бағынудың көмегімен, сопылар даналығының және өз отбасыларымен далалықтар ортасына сіңіп кеткен, ал кейіннен түркіленген және түркі халықтарының құрамында «қожа», «хожа» деп аталған араб-миссионерлердің көмегімен бағындырды.

Бірақ канондық ислам адат (табиғи құқық) және шариғат (діни құқық) формаларында далалық укладқа үйлесімді және табиғи түрде төселе алмады.

Қазақтардың ата-бабалары Аллахпен қатар Тәңірге және Әруақтарға (бабалар рухы) сенуін табандылықпен жалғастыра берді, алайда, ислам канондары Аллахтан басқа Құдай жоқ деп тұжырымдайды, басқа Құдайларға, исламда канондалмаған әулиелер мен пайғамбарларға сенуге тыйым салатыны белгілі.

Міне осылай, ресми мұсылмандықты далалық жағдайларға бейімдеу, ислам мен түркілердің көпғасырлық діни дәстүрлері арасындағы қайшылықтарды алып тастау үшін, сопылардың, софтардың қызметі қажет болды, олар ислам теологиясына **тарихат** ұғымын енгізді.

Неоднократно побеждали арабов тюргеши, карлуки, а тюркские наёмники и мамлюки, отобрав власть у халифов, установили свою власть над всем исламским миром.

Они несколько раз разгромили тумены монголов, спасая, таким образом, от разгрома Европу, разбили орды крестоносцев, тем самым, сохранив от разгрома исламский мир и православную церковь Византии (и Руси), создали уникальную культуру средневековья, которую ещё предстоит осознать и описать.

Ислам внедрился в Степь «мягким способом», через простых носителей истин пророка, пилигримов веры, которые покорили мир посредством покорности Богу, посредством мудрости суфий и арабов-миссионеров, влившихся со своими семьями в среду степняков, а затем отюреченных и названных в составе тюркских народов «хожа», «кожа».

Но канонический ислам в формах адата (естественного права) и шариата (религиозного права) не мог гармонично и органично вжиться в степной уклад.

Предки казахов упорно продолжали наряду с Аллахом верить в Тенгри и Аруахов (духов предков) хотя, как известно, каноны ислама утверждают об отсутствии Бога, кроме Аллаха, запрещают верить в других Богов, святых и пророков, не канонизированных исламом.

И вот, чтобы приспособить официальное мусульманство к степным условиям, снять противоречия между исламом и религиозной многовековой традицией тюрков, понадобились услуги суфиев, софов, которые внедрились в теологию ислама понятие **тарихат**.

Тарихат - діннің догма еместігі, жекелеген халықтардың және елдердің тарихи, мәдени, моральдық және менталдық ерекшеліктерін ескермейтін идеологиялық канондардың өлшеуіші («прокрустово ложе») еместігі туралы ілім, ол **ақиқатты** – дәстүрлер мен сенімнің тарихи және логикалық, рухани тұтастығы ретінде түсінілетін ақиқатты іздеуге бағытталған.

Бірақ бұл іс оңайға соққан жоқ.

Сопылар өздерінің тарихи және қандас туыс тайпаластары тарапынан да, сонымен бірге ресми мұсылман діні тарапынан да қысымға ұшырады.

Сол себепті сопылар көбінесе оқшаулануға тырысты, дәруіш болды, тіпті өзгеше аласталған адамдар кейпін киді.

Алайда, жападан жалғыз, саяқ, аулақ жүрсе де олар қарбалас тірліктің батпағына батып, мезі қылған шындықты баршамен бірге бөлісуге мәжбүрлер мен тобырмен күн кешкендердің алдында шүбәсіз артықшылыққа ие болды.

Сопылар діни догманың кез-келген формасына төзе алмады, олар тіпті діннің, ғұрыптардың, ғибадаттық керек-жарақтардың культтік жағын да мойындаған жоқ.

Олардың көзқарасы тұрғысынан адам көпшілікпен емес, бір өзі құлшылық жасауына болады, намазды мешітте оқу міндетті емес, көңілің қалаған жерде және уақытта оқы.

Сөйтіп, ақылман адамдар өзімен өзі болып кетті, ақиқатты Сократ сияқты өзін өзі танудан іздеді, содан кейін бұқараны өз білімдерінің тереңдігімен, оқыту, емдеу, өмір сүре білу қасиеттерімен таңқалдырды.

Тарихат - учение о том, что религия не догма, не «прокрустово ложе» идеологических канонов, не учитывающих исторические, культурные, моральные, ментальные особенности отдельных народов и стран, а тем учением, которое направлено на поиски **ахихата**, - истины, понимаемой как единство исторического и логического, духовной целостности традиций и вероисповедания.

Но дело это было нелёгким.

Софы испытывали давление, как со стороны своих исторических и кровнородственных соплеменников, так и со стороны официальной магометанской религии.


Поэтому очень часто софы уединялись, были отшельниками, даже своеобразными изгоями.

Но одинокие, отринутые, уединившиеся, они обладали несомненным преимуществом перед теми, кто погряз в суете быта и необходимости жить в толпе, разделять избитые истины со всеми.

Суфии не могли мириться с любыми формами религиозного догматизма, они даже не признавали культовую сторону религии, обрядов, молитвенных принадлежностей.

С их точки зрения молиться можно и не в толпе, а в одиночестве, не обязательно в мечети, а там, где и когда душе будет угодно.

Мудрецы «уходили» в себя, как Сократ, искали истину в познании самого себя, поражали затем массы глубиной своих знаний, умением учить, лечить, жить.



Біздің даламызда осындай Қожа Ахмет Йассауи, Шақпақ-Ата, Сейіт-Баба, Шопан-Ата, Бекет-Ата, ал кейінірек – Самалық-Ата, Асар софы, Байбақты, Асау Барак, Жан-Қожа, Қойбағар, Аманбай-Ата, Жұмабай, Мұқан және тағы басқа көптеген даналар мен ұстаздар болды.

Мұндай даналар мен әулиелер әсіресе Маңғыстау облысында өте көп (360-тан астам), олардың аса көрнектілерін Пір деп атады, яғни ұстаз, ағартушы, тәрбиеші, әулие және т.с.с.

Айтпақшы, ағылшынның пэрлері осылардан шыққан жоқ па екен?

Олардың ішінде Бекет-Ата ерекше танымал, оның 250 жылдығы 2000 жылы аталып өтті.

Осы мерейтойға арнап осы ұлы адамның бабаларының атамекенінде, кезінде өзі негізін қалаған, «Қызыл Жұлдыз» казактарының жазалаушы отрядтары және гвардияшылардың зеңбіректері атқылап қиратқан көптеген мешіттердің бірі орналасқан Атырау облысының Жылой ауданында «Ақ-мешіттің» құрылысы салынды.

Маңғыстауда орналасқан, оның жерленген жері және қазіргі зиярат етілетін орталықтардың бірі Оғланды баршаға белгілі.

Бұл арадан кімді ғана кездестірмейсің!

Мармұмның мәйітіне зиярат ету, ежелгі заман аңыздарын тыңдау, оның мешітінде ғибадат жасау, аурулары мен сырқаттарынан емделу үшін өзбектер мен қарақалпақтар, түркмендер мен орыстар, қырғыздар мен венгрлер, Кавказдан және жер шарының түкпір-түкпірінен келген адамдар ағылып жатады!

Такими мудрецами и учителями в наших степях были Ходжа Ахмед Йассауи, Шакпак-ата, Сеит-Баба, Шопан-Ата, Бекет-Ата, а позже – Самалык-Ата, Асар софы, Байбакты, Асау Барак, Жан-Кожа, Койбагар, Аманбай-Ата, Жумабай, Мукан и многие-многое другие.

Таких мудрецов и святых особенно было много в Мангыстауской области (свыше 360), особо выдающихся из которых называли Пір, т.е. учитель, просветитель, воспитатель, святейший и т.п.

Не от них пошли английские пэры?!


Наиболее известен из них Бекет-Ата, 250-летие которого было отмечено в 2000 году

К этой дате приурочили строительство «Ак-мечети» в Жылойском районе Атырауской области, на родине предков этого великого человека, где он в своё время основал одну из своих мечетей, которая была разрушена выстрелами из пушек казачьих карательных отрядов и гвардейцев «Красной Звезды».

Широко известно Оғланды, место его захоронения и один из центров нынешнего паломничества, что находится в Мангыстау.

Кого только не встретишь в этих местах!

Поклониться праху покойного, услышать легенды седой старины, помолиться в его мечети, излечиться от болезней и недугов едут узбеки и каракалпаки, туркмены и русские, киргизы и венгры, люди с Кавказа и различных точек земного шара!



Адамдар оның рухының ғажайып күшіне, қорғап-қоршап, емдеп, тазалайтын, ақиқат жолына салатын қасиеттеріне шын көңілдерімен сенеді.

Осы адам-рух, адам бейнесіндегі құдырет туралы толып жатқан аңыздар, әңгімелер бар, олардың кейбіреуі оның өмір сүрген заманынан бастау алады.

Бірақ ол – өзінің ата-тегі, шежіресі, ұстаздары бар, соғыстарға қатысқан, бала өсірген, бүкіл Орта Азияның барлық жерінде адамдарды емдеген, Таяу және Орта Шығыстың көптеген елдерінде кеңінен танымал нақты тарихи тұлға.

Адамдар оның шапағатты есімін аузына алып ұрысқа аттанды, қиыншылықтарды, қорқыныштарын жеңді, оның аты ұранға, яғни жауынгер адай руларының әскери ұранына айналды.

Қазіргі кезде оның есімін, Отан алдындағы еңбегін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Сопылыққа қатысты, ең болмағанда кресшілер жорықтарынан кейін пайда болған Прованстағы Дева Мария культін алсақ та болады.

Қатыгез кресшілер Шығыстағы бүкіл жеңілістерінен кейін өздерімен бірге оның материалдық байлықтарын емес, ең алдымен рухани құндылықтарын: ғылымын, рыцарлық намыс кодексін, рухани қуаты мен философиялық мағынасындағы Махаббатын алып кетті.

Тіпті Фейербахтың философиясынан біз сопылықтың негіздерін табамыз, өйткені ол өз ілімінің басына Махаббатты қойған.

«Нағыз сопыны, - деп жазды Роберт Грейвс, - Батыстан да, Шығыстан да кездестіруге болады, ол генерал, шаруа, саудагер, адвокат, мектеп мұғалімі, үй шаруасындағы әйел және кез-келген адам болуы мүмкін.

Люди искренне верят в чудодейственную силу его духа, способность оберегать, лечить, возвышать, очищать, направлять на истинный путь.

Об этом человеке-духе, божестве в образе человека, существует масса легенд, рассказов, некоторые из которых ведут своё начало ещё со времён его жизни.

Но он – реальная историческая личность, которая имеет свою родословную, учителей, воевала, растила детей, лечила людей во всех точках Средней Азии, широко известная во многих странах Ближнего и Среднего Востока.

С его благословенным именем на устах люди шли в бой, преодолевали трудности, страхи, его имя стало ураном, т.е. боевым кличем воинственных адайских родов.

Наверное, нет ныне казахов не знающих его имя, заслуги перед Отечеством.

Суфизм проник и приобрёл сторонников и в Европе. Взять хотя бы культ Девы Марии в Провансе, который появился там после крестовых походов.

Жестокие крестоносцы после всех своих поражений на Востоке увезли с собой не его материальные богатства, а духовные ценности: науку, кодекс рыцарской чести, силу духа и Любовь в философском значении этого слова.

Даже в философии Фейербаха мы находим основы суфизма, ибо во главу угла своего учения он ставил Любовь.

«Настоящего суфия, - писал Роберт Грейвс, - можно встретить и на Западе и на Востоке, он может быть генералом, крестьянином, торговцем, адвокатом, школьным учителем, домашней хозяйкой и вообще кем угодно.

Атақұмарлықтан, дүниеқоңыздықтан, интеллектуалдық дандайсудан, дәстүрге үнсіз мойынсұнудан, лауазымды тұлғалардың алдындағы құрметті қорқыныштан еркін болу – міне, сопының мінсіз мұраты (Быть в миру, но не от мира)».

Тек Сұлулық, Әсемдік қана әлемге ықпал жасауға қабылетті емес, сонымен бірге Даналық, Сана, Рух, Махаббат та сол әлемді «оның қатерлі сәттерінде» құтқара алады.

Оның ішінде тіпті тән шіріген соң да өмір сүре беретін рухани бастаулар бар.



Сопылардың, тіпті сопы-әруақтардың бүгінгі күні өмір сүріп жатқандарға көмектесетіні сөзсіз, өйткені олар – парықсыз бұқаралық мәдениет шабуылына қарсы тұруға қабылетті біздің мәдениетіміздің, дүниетанымыздың, сеніміміздің, біздің елімізге мұнай шығаруға және үстеме пайда табуға келгендер сүйенетін прагматизм философиясының квинтэссенциясы.

Быть в миру, но не от мира», быть свободным от честолюбия, алчности, интеллектуальной спеси, слепого повиновения обычаю или благоговейного страха перед вышестоящими лицами – вот идеал суфия».

Не только Красота, Прекрасное способны воздействовать на мир, но и Мудрость, Разум, Дух, Любовь могут спасти тот же мир в «его минуты роковые».

В том числе и те духовные начала, которые остаются и живут даже после тлена тела.

Суфии, даже суфии-аруахи, безусловно, помогают ныне живущим, т.к. они – квинтэссенция нашей культуры, мировоззрения, веры, которая способна противостоять нашествию безликой массовой культуры, философии прагматизма, на которой базируются те, кто прибыл в нашу страну выкачивать нефть и сверхприбыль.



АСАН ҚАЙҒЫ

*Менің досым және ағам, ақын, қоғам
қайраткері Ғаділбек Минажұлы
Шалахметовке*

Асан Қайғы – аңызға айналған тұлға, абыз жырау, пір, оракул-болжаушы, діндар-саяхатшы, геолог-жаһанкез, бітімгер сот, ақын, композитор, философ, өз Отанының көрнекті азаматы.

Көптеген тарихшылар мен әдебиетшілер оны нақты емес, мифтік тұлға деп санауға бейім, жинақтама бейне немесе «Ажун қазғу» философиялық категориясы, - өмірлік қайғы-қасырет, адам тіршілігінің азабы.

Әлбетте, бұл тәсіл – әдемі философиялық-ойлау ағымы, бірақ өзге фактілер мен аңыздардың айтуынша, Асан – Алтын Орда тараған аласапыран заманда және Қазақ хандығы аталған бірінші Қазақ мемлекетінің пайда болуы тұсында өмір сүрген нақты тарихи тұлға. Бұл тұжырымды мынадай фактілер растайды...

Біріншіден, Асан Қайғы өзінің артында тым қомақты поэтикалық мұра қалдырғаны бұлжымас шындық болып табылады, айтпақшы, осы жолдардың авторы оны орыс тіліне аударған.

Екіншіден, қазақ ұлтының музыкалық қазынасында ол туғызған күйлер, музыкалық әуен-рапсодиялар сақталған.

АСАН ПЕЧАЛЬНИК

*Моему другу и страшему брату, поэту и
общественному деятелю Гадильбеку
Минажевичу Шалахметову*

Асан Кайгы – легендарная личность, вещий певец-сказитель, жрец, оракул-предсказатель, пилигрим-путешественник, геолог-землепроходец, мировой судья, поэт, композитор, философ, выдающийся гражданин своего Отечества.

Многие историки и литераторы склонны считать его не реальной, а мифической личностью, обобщённым, собирательным образом или философской категорией «Ажун казгу», - жизненной скорбью, печалью человеческого существования.

Конечно, этот подход - красивый философско-мыслительный ход, но другие факты и сказания говорят, что Асан – реальная историческая личность, жившая в смутные времена распада Золотой Орды и возникновения первого Казахского государства, именовавшимся Казахским ханством. В пользу этого утверждения говорят следующие факты...

Во-первых, неопровержимым является то, что Асан Кайгы оставил довольно солидное поэтическое наследие, кстати, переведённым автором этих строк на русский язык.

Во-вторых, в музыкальной сокровищнице казахской нации сохранились кюи, музыкальные наигрыши-рапсодии, сочинённые им.

Үшіншіден, оның атақ-даңқы кең жайылғаны сонша, оның есімі мен халық үшін бозторғай жұмыртқалаған жер іздеп табу үшін еткен еңбектері мен іс-әрекеті және тіпті оның транспорттық құралының есімі, - өз қожайынымен бірге Алтайдан Қырымға дейін барлық жерді шарлап шыққан Желмаясы халықтың жадында сақталғаны соншалық, бізді Асан Қайғыны нақты тарихи тұлға мәртебесіне жатқызу туралы ойға еріксіз мойын ұсындырады.

Және, ең соңында, тарихи деректер бойынша ол бірнеше ханның замандасы болған, ал оның Жәнібек ханға өткір сын айтуы көптеген ғасырлар бойы халық аузында қалған.

Бұл тұрғыда оның тұлғасын Хасан Сәбитұлы есімді нақты адаммен сәйкестендіруге болады, ол 14 ғасырдың ортасында (оның туған жылы шамамен 1361-ден 1370-жылға дейін) және 15 ғасырдың бірнеше онжылдығы бойында өмір сүрген.

Ауызша аңыздарда оның саятшының, яғни аушы құстардың үйретушісінің, аңшының ұлы болғандығы туралы айтылады.

Дәл осы ауызша хикаяларда оның Оралдың немесе Еділдің жағасында туғаны, біздің ұлан-байтақ даламыздың барлық түкпірінде ғана болып қоймай, сондай-ақ түрлі жерлерде: Ойылдың, Ембінің, Сырдарияның, Арал теңізінің жағаларында, Нижний Новгородта, Қазанда тұрғаны айтылады.

Ал Қызылорда облысының Шиелі ауданында орналасқан «Жеті әулие» пантеоны, кейбір зерттеушілердің пікірінше, сонымен бірге Асан-атаның мазары, оның жерленген жері болып табылады.

Тек оның 14 ғасырдың қай жылында қайтыс болғаны белгісіз.

В-третьих, он был настолько знаменит, что имя его, деяния и труды по поиску и разведке для народа земель обетованных и даже имя его транспортного средства, - верблюдцы Желмая, вместе со своим хозяином обошедшей все земли от Алтая до Крыма, настолько опечатались в памяти народа, что невольно склоняет нас к мысли об отнесении Асана Кайгы к статусу реальной исторической личности.

И, наконец, по историческим сведениям он был современником нескольких ханов, а его резкая критика хана Джанибека осталась на устах в течение многих веков.

В этом плане его личность стоит отождествить с реальным человеком по имени Хасан Сабитулы, жившего в середине 14 века (год его рождения приблизителен: от 1361 по 1370) и на протяжении нескольких десятилетий 15 века.

В устных преданиях говорится, что он был сыном саятшы, то есть дрессировщика ловчих птиц и охотника.

В этих же устных преданиях утверждается, что он родился на берегах Урала или Волги, побывал не только во всех концах нашей необъятной степи, но и жил в различных местах: на берегах Ойла, Эмбы, Сырдарьи, Аральского моря, в Нижнем Новгороде, Казани.

Так, пантеон «Жети аулие» или место захоронения «Семи святых», что находится в Шиелинском районе Кызылординской области, как считают некоторые исследователи, одновременно является мазаром Асан-ата, местом его захоронения.

Только неизвестно в каком году 14 века он умер.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, ол климаттың өзгерістеріне, табиғи катаклизмдерге және тарихи оқиғаларға байланысты қазіргі Қазақстанның көптеген өлкелерінде өмір сүргені, өзінің соңынан халықты ғана емес, хандарды да ерткені, халық үшін тағдырлы мәселелер жөнінде теріс әрекет жасаған кейбір билеушілердің шешімдеріне қарсы шыққаны көрінеді.

Жүзеге асырылған толып жатқан дарыны, қабылеттері мен іс-әрекеттерінің арасынан оның азаматтық ұстанымы, әлеуметтік-философиялық дүниетанымы ерекше маңызды болып табылады.

Бұл тұрғыда ол классикалық «республикашыл», дала демократиясының өкілі және жақтаушысы болды.

Егер де біз ойша ол өмір сүрген дәуірлерге бойлайтын болсақ, онда біздің алдымызда бір мемлекеттердің тарауы және келесілерінің пайда болуының аса бай және қасыретті тарихы көрініс береді, ал Асанның өзі қазақ мемлекетінің қалыптасу ісіне орасан зор үлес қосып, басты міндетін атқарған көрнекті саяси тұлға болып көрінеді.

Сол дәуірлерді елестетейікші.

Шыңғысханның түмендері жаулап алған жер шарының жартысы, ұлы «Жер-жаһанды қалтыратушының» және «Орасан зор империяны құрушының» өлімінен кейін көптеген ұлы ордаларға бөлініп кетті, солардың бірі Алтын Орда болатын.

Ол да өз кезегінде, ұзаққа бармастан күйрей бастады және жекелеген патшалық-мемлекеттерге: Москва Русіне, Молдава княздігіне, Хорезм, ал кейіннен – Хиуа хандығына және т.б. ыдырап кетті.

Казахстана, в зависимости от изменений климата, природных катаклизмов и исторических событий водил за собой не только народ, но и ханов, противодействовал решениям некоторых владык, которые предпринимали неверные выводы по судьбоносным для народа вопросам.

Из всех многочисленных реализованных дарований, способностей и действий наиболее важными являются его гражданские позиции, социально-философское мировоззрение.

В этом плане он являлся классическим «республиканцем», представителем и поборником степной демократии.

Если мы мысленно перенесёмся в те эпохи, в которых он жил, то перед нами предстанет богатейшая и трагическая история распада одних государств и появления других, а сам Асан будет выглядеть как выдающаяся политическая личность, главным делом которого явился огромный вклад в дело формирования казахского государства.

Представим себе те эпохи.

Половина земного шара, которую завоевали тумены Чингисхана, после смерти великого «Потрясателя Вселенной» и «Создателя огромной империи», раскололась на множество великих орд, одной из которых стала Золотая Орда.

В свою очередь и она, недолго просуществовав, стала разлагаться и разваливаться на отдельные царства-государства: Московскую Русь, Молдавское княжество, Хорезм, а затем – Хивинское ханство и т.д.

Едігенің орасан зор қайрат-жігері, қолбасшылық дарынының және оның дана саяси шешімдерінің арқасында, Ноғай ордасы Алтын орданың мирасқорына айналды.

Ол Шығыс Еуропа елдерін, Кавказды, Прибалтиканы, орыс князьдіктерін өзінің темір алақанында ұстады.

Бірақ Москва Русінің күшеюі, содан кейін оның барлық бағытта, әсіресе өзінің оңтүстіктегі көршілеріне қатысты экспансия жүргізуі Ноғай Ордасының да ыдырауына әкеп соқты. Ол дала жалдамалыларын өз мақсатында қолданған Москва Русінің соққыларына шыдай алмады.

Ұлы Даланың жаңадан бөлшектенуі Московияның ғана емес, сонымен бірге бүкіл Еуропаның да мүддесі болатын.

Қазан, Астрахан, Қырым, Өзбек, Сібір хандықтары пайда болды, олардың кейбіреуі Иван Грозный және оның мұрагерлері билеген Москва Русінің тарапынан жаңа соққыларға ұшырады. **Бір** кездегі біртұтас этностың алауыздық, тұрақсыздық және тентіреу жайлаған алапат дәуірі келді.

«Алтын Орда» атты ғаламат үлкен табақтан әрбір азды-көпті атаққұмарлығы бар патшасымақ немесе «хансымақ» жіліктің майлы басын алуға тырысты.

Шын мәнінде, этникалық тұрғыдан алғанда, Алтын орданың бөлініп қалған барлық хандықтарын бұлғарлардың, ғұндардың, қыпшақтардың, оғыздардың, қазақ-ноғайлардың, моңғолдардың ұрпақтары құраған.

Орыс тілі өзінің кейбір кездегі жеңілтектігімен олардың бәрін «татарлар» деп атады.

Благодаря огромной силе воли, полководческих дарований Едиге и мудрых политических решений его, преемницей орды Золотой стала Ногайская орда.

Она в своих ежовых рукавицах держала за горло страны Восточной Европы, Кавказа, Прибалтики, русские княжества.

Но усиление Московской Руси, а затем проведение ею экспансии во всех направлениях, в особенности по отношению к своим южным соседям, привело к распаду и Ногайской Орды. Она не выдержала ударов Московской Руси, использовавшей в своих целях степных наёмников.

Новое дробление Великой Степи было в интересах не только Московии, но и всей Европы.

Появились Казанское, Астраханское, Крымское, Узбекское, Сибирское ханства, некоторые из которых подверглись новым ударам со стороны Московской Руси в лице Ивана Грозного и его преемников. Наступила страшная эпоха разброда, скитаний и шатаний некогда единого этноса.

Из огромного пирога под названием «Золотая Орда» каждый более-менее честолюбивый царёк или «ханович» пытался оторвать себе самые лакомые куски.

По существу, в этническом плане, все отколовшиеся от Золотой орды ханства составляли потомки булгаров, гуннов, кипчаков, огузов, казахов-ногаев, монголов.

С лёгкого или легкомысленного в этом отношении русского языка все они были названы «татарами».

«Еділ татарлары», «қазан татарлары», «қырым татарлары», «сібір татарлары», «қара татарлар», - тарихи және тілдік нонсенс.

Қазан татарлары – түркі-бұлғарлардың, ғұндардың, қыпшақтардың және оғыздардың бір бөлігінің ұрпақтары.

Қырым татарлары – сол бұлғарлардың, ғұндардың, қыпшақтардың, оғыздардың, ноғай-қазақтардың ұрпақтары.

Иә, дәл солай, себебі қазақ термині 9-10 ғасырлардың өзінде болған.

Асан Қайғы осы дәуірлерде өмір сүрген.

Сонау Алтын Орда тұсында ол Ұлық-Махмұд ханның кеңесшісі лауазымын атқарды, одан кейін, онымен бірге, алдымен Ұлық-Махмұд хан билеуші болған (1437-1438) Нижний Новгородқа кетті, ал одан соң Қазанға ойысып, оған Қазан хандығының негізін құруға (1438-1445) көмектесті.

Ұлық-Махмұдтың өлімінен кейін (өз ұлы Махмұд 1445 жылы өлтірген), Асан Дешті-Қыпшақ даласына қайтып оралады.

Мұнда ол тағы да бүліншіліктің үстінен түсті: көшпелі тайпалардың жікке бөлінуі.

«Протоқазақ» тайпалардың бір бөлігі өзбектерге (Өзбек-ханның есімімен) айналып үлгерген, оларды басында «көшпелі өзбектер» деп атады.

Қазақтардың қалған бөлігі Әбілқайыр ханның тұсында (анағұрлым кейін, 17-18 ғасырларда өмір сүрген 2-ші Әбілқайырмен шатастырмау керек) тағы да бөлшектенді.

Әбілқайырдан өз қоластындағылармен бірге Жәнібек пен Керей сұлтандар бөлініп шығады.

«Волжские татары», «казанские татары», «крымские татары», «сибирские татары», «черневые татары», – исторический и языковой нонсенс.

Казанские татары - потомки тюрок-булгар, части гуннов, части кипчаков и огузов.

Крымские татары – потомки тех же булгар, гуннов, кипчаков, огузов, ногайцев-казахов.

Да, именно так, поскольку термин казах существовал ещё в 9-10 веках.

Асан Кайгы жил во всех этих эпохах.

Ещё при Золотой Орде он занимал пост советника хана Улуг-Махмуда, затем, подавшись вместе с ним, сначала в Нижний Новгород, где Улуг-Махмуд стал правителем (1437-1438), а затем в Казань, помог ему в основании Казанского ханства (1438-1445).



После смерти Улуг-Махмуда (убитого собственным сыном Махмудом в 1445 году), Асан возвращается в степи Дешти-Кыпчак.

Здесь он застаёт новую смуту: раскол кочевых племён.

Часть «протоказахских» племён уже становятся узбеками (от имени Узбек-хана), которых вначале называли «кочевыми узбеками».

Оставшаяся часть казахов при хане Абулхаире (не путать с Абулхаиром-2, жившем намного позже, в 17-18 веках) снова раздробилась.

От Абулхаира вместе со своими подданными отделяются султаны Джанибек и Керей.



Тарихтың бұл сәтін Қазақ хандығының құрылуының басы деп санау қабылданған, дегенмен бұл сұлтандардың әрекетін біртұтас этносты ұсақ бөліктерге бөлуге бағытталған кәдімгі сепаратизм ретінде қабылдауға болады.

Бөлшектенген тайпаларды бір тәртіпке бағынған ордаға біріктіруге қанша талпынғанымен Асан Қайғы бұл ойын сол кезде жүзеге асыра алмады.

Ол Жәнібек пен Керей сұлтандарды жақтауға мәжбүр болды, бұған олардың сансыз жақтастарын Моғолстанға қоныс аударудан алып қалу, сөйтіп кең даланы елсіз қалдырмауға тырысуы себеп болды.

Осы сұлтандармен және олардың «қазақтарымен» (сол кезде-ақ оларды осылай атайтын) бірге Моғолстанға ірге аударады, бірақ сосын Әбілқайыр ханның өлімінен кейін (1468 ж.) қазақтың өз даласына тағы да қайтып оралады.

Бұл кезде жүз жасқа келіп қалған қария жаңа мемлекетті қалыптастыру жөніндегі миссияны өз мойнына алады, Жәнібек-ханға осы іске қатысты ақыл-кеңес береді.

Бірақ бірбеткей және шектен тыс атаққұмар Жәнібек Асанның көптеген кеңестеріне құлақ аспады. Іс тіпті Жәнібек хан мен оның кеңесшісі Асан Қайғының айрылуына дейін жетті.

Дәл осы кезеңде Асанның Жәнібек ханға арналған қайғылы, мұңды, драмалық өлеңдері дүниеге келеді. Және де, ең дұрысы, дәл осы сәттерде Асанның өзі «Асан Қайғы» деген лақап ат алған болса керек.

Этот момент истории принято считать началом образования Казахского ханства, хотя поступок этих султанов можно воспринимать как элементарный сепаратизм, направленный на раскол единого этноса на мелкие части.

При всём своём стремлении объединить раздробленные племена в упорядоченную орду, Асан Кайгы сделать этого в тот момент не смог.

Он вынужден был принять сторону султанов Джанибека и Керейя для того, чтобы удержать откочёвку многочисленных их сторонников в Моголистан, тем самым попытаться не оголить степь.

С этими султанами и их «казаками» (так уже их и звали) откочёвывает в Моголистан, но затем уже после смерти Абулхаира (1468), возвращается снова в собственно казахские степи.

Уже почти столетний старец взваливает на себя миссию по формированию нового государства, даёт советы Джанибеку-хану по части этого дела.

Но своенравный и чрезмерно честолюбивый Джанибек не внял многим советам Асана. Дело дошло до разрыва уже хана Джанибека и его советника Асана Кайгы.

Именно в этот период появляются на свет грустные, печальные, драматические стихи Асана, посвящённые Джанибеку. И, скорее всего, именно в этот момент сам Асан получает свои прозвища: «Асан Печальник», «Асан Скорбящий», «Асан Озабоченный».

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың.
Кеңестің түбі нараду
Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың
Алтын менен күміске!..

Степи полные сайгой,
речка, рыбное раздолье,
лес густой оброс тайгой,
полной живности, приволья...
Мы на Эмбе жили той,
но увёл ты нас с собой.
Ойл, сердце наших грёз,
Ойл, речка наших слёз,
но и там мы не прижились,
снова всех нас ты увёз.
Много суток и неделей
пробирались мы к Едилю.
Плотный, сочный ебелек *
замедляет стада бег.
А мужи с тревогой в мыслях
гонят стадо мелкой рысью.
Ты пробрался в тесный двор,
разобрав, как вор, забор.
Хоть привёл нас в эту даль,
не нашли мы здесь причал.
Нам на Волге бы, Урале
летом жить, да зимовать...
Чтобы руки погружать
в серебро и золото...
Пусть же все мытарства
наши будут прокляты!



Прим. * Ебелек – вид степной травы

Осындай аласапыран уақыттарда Асан Қайғы өзінің «Ымыраға келу» атты белгілі «теориясын» ұсынады, яғни келісімге, мәмілеге келу, бірігу.

Әлбетте, мұнда сөз бөлінген тайпалар, хан мен халық арасындағы келісім, мәмілелесу, бірлесу, Асанның Алтын Орданың жарықшақтарынан мықты біртұтас ел, мемлекет, держава құруға ұмтылысы, сыртқа тебуші күштерге және көшпелі қоғамның одан әрі бөлшектенуіне нүкте қою туралы болып отыр.

В эти смутные времена Асан Кайгы выдвигает свою известную «теорию» под названием «Ымыраға келу», т.е. прийти к согласию, примирению, единению.

Разумеется, речь идёт о согласии, примирении, единении между племенами-раскольниками, ханами и народом, о попытке Асана создать из осколков Золотой Орды сильную единую страну, государство, державу, положить конец центробежным силам и дальнейшему раздроблению кочевого общества.



Осы мақсатпен Асан халыққа белсенді насихат жүргізе бастайды, өздерінің жеке амбицияларын, жағдайын, лауазымы мен бас амандығын халық пен қоғамның мүдделерінен жоғары қойған билеушілерге қарсы ашық бағыттағы сөздерімен жұрт алдына шығады.

Бұл тұрғыда да Асанның көп нәрсе тындыра алғанын айтқан жөн, ал ең бастысы, - ол бытыраңқы көшпелі ру-тайпалардан жаңа этникалық құрылым, жаңа мемлекет – Қазақияның негізін қалай білді.

Мұнымен қоса, Асанның өзі 9-10 ғасырларда далалықтардың көршілері болған кавказдықтар, орыстар, византиялықтар оларды атау үшін пайдаланған «қазақ» этникалық атауын қайта жаңғыртып, осы атауды беруі әбден мүмкін. Дәл осы батыстағы «протоқазақтар» тайпасын: қосоқтарды, шеркештерді, беріштерді және т.б. осылай атаған.

Жаңа мемлекеттің құрылысшысы ретінде Асан Қайғы басқа істерде де ерекшеленді.

Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясынан белгілі, мемлекеттің негізгі белгісінің бірі оның территориясы болып табылады.

Басқа-басқа, дәл осы Асан өзінің атақты Желмаясына мініп алып жаңа мемлекеттің шекарасын белгіледі.

Ол алты жыл бойы болашақ елдің бүкіл түкпірін айналып шықты, оның барлық бұрыштарының табиғи ерекшеліктерін барлады, Қазақияның төлтума «ауызша географиялық картасын» құрастырды.

Оның **«Жерұйық»** термині немесе категориясы мемлекеттік шекара түсінігінің дәл өзі.

Бұл терминді басқаша әртүрлі аударуға болады: «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жер», «жердің ортасы», өзінше бір «Жұмақ жер».

В этих целях Асан начинает проводить активную агитацию в народе, публичные выступления, резко направленные против тех правителей, которые свои личные амбиции, положения, должности и благополучия ставили выше интересов народа и общества.

И в этом плане, надо сказать, Асану удалось сделать многое, а главное, - он сумел из разрозненных кочевых родов-племён сцементировать новое этническое образование, новое государство – Казахию.

Более чем, возможно, что именно Асан дал и название ему, возродив этническое имя «казах», которым именовали степняков с 9-10 веков их соседи: кавказцы, русские, византийцы. Так называли именно племена западных «протоказахов»: косоогов, шеркешей, бершей и т.д.

Как строитель нового государства, Асан Печальник отличился и в других делах.



Как известно из общей теории государства и права, одним из основных признаков именно государства является его территория.

Как никто другой, именно Асан на своей знаменитой верблюдице Желмая, обозначил границы нового государства.

Он в течение 6 лет объездил все стороны будущей страны, разведал природные особенности всех уголков ее, составил своеобразную «устную географическую карту» Казахии.

Его термин или категория **«Жерұйық»** и есть понятие государственных границ.

По-другому этот термин можно перевести различно: «Земля обетованная», «центр земли», своего рода «Эдем».



«Жердің ортасына» келетін болсақ, - Асан, ұлы Қорқыт-ата сияқты, оны Байқоңырдың аумағынан табады, ол қазір, көптеген ғасырлар өткен соң ғарышқа қатысты Жердің ең жақын нүктесі ретінде есептеп шығарылған және осы жерден ракеталар адамдарды ұшы-қиыры жоқ космос тұңғышына алып кетіп жатады.

Осындай ұлы географиялық және астрономиялық ашылулардан басқа Асан әлеуметтануда мәңгілік құндылықтар қалдырды.

«Жерұйық» категориясына ол тек географиялық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік көзқарастарын да енгізеді.

Бұл тұрғыда «Жерұйық» – қоғамдық қатынастардың үйлесімі, адамдардың теңдігі, әділеттілік, тәуелсіздік, демократиялық, республикалық басқару патшалық құратын кемел ел, бақытты адамдардың рахат мекені.

Бір ғажабы, Асан Қайғының осы көзқарастары Томас Мордың атақты «Утопия» (1516) және Томмазо Кампанелланың «Күн қаласы» (1602) шығармаларының алдын орап кетеді.

Бұл бақытты және кемел қоғам (арал, қала, ел) туралы утопиялық идеялар өмір бойы адамның ақыл-парасатының ізінен қалмай келеді. Кімнің мінсіз табиғи және қоғамдық жағдайда өмір сүргісі келмесін?!?

Бірақ бұл жағдайлар бізге аспаннан түспейді немесе құдайдың еркімен сыйға келмейді, адамның еңбегі, оның азабы мен ұмтылысы арқылы жасалады.

Сол себепті Асан Қайғыны біз қасырет шегуші деп атай аламыз. Бұл сезім мен дүниетанымды біз оның мына жолдарынан табамыз...

Что касается «центра земли», - Асан, как и великий Коркыт-ата, находит его на территории Байконура, который теперь, по происшествии многих веков вычислен как самая ближняя точка Земли по отношению к космосу и откуда ракеты уносят людей в необъятные космические дали.

Кроме этих великих географических и астрономических открытий Асан оставил непреходящие ценности в социологии.

В категорию «Жеруык» он включает в себя не только географические взгляды, но и социальные.

В этом плане «Жеруык» - совершенная страна, страна благоденствия, счастья людей, в которой царствует гармония общественных отношений, равенство людей, справедливость, независимость, демократическое, республиканское правление.

Замечательно, что эти взгляды Асана Скорбного предвосхищают знаменитые произведения Томаса Мора «Утопия» (1516) и «Город Солнца» Томмазо Кампанеллы (1602).

Эти утопические идеи о счастливом и совершенном обществе (острове, граде, стране) всю жизнь преследуют человеческие умы. Кому не хочется жить в идеальных природных и общественных условиях?!?

Но эти условия дарует нам не небо или божественная воля, а человеческие труды, его старания и страдания.

Поэтому-то Асана Кайгы мы можем назвать и «Асаном Страдальцем». Это чувство и мировоззрение находим мы в его следующих строках...

*Көлде жүрген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Көшіп – қонып көрмеген
Жер қадірін не білсін!
Көшсе, қона білмеген,
Қонса, көше білмеген,
Ақылына көнбеген,
Ақылыңа көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін!*

*Разве знает гусь озёрный
благородье синих гор?!?
А способен кеклик горный
оценить красу озёр?!?
Кто не зрит мир дальше стен,
разве смыслит слово «ел»?!? **
*Кто не знал переселений
цену знает ли земель?!?
А способны ли бродяги
иль осевший где-то сброд
воспринять советы
мудрых,
чтоб составить свой народ?!?*

Прим. * Ел – страна, народ, род, Родина

Асан тек жаңа көшпелі елді орнықтыруды ғана емес, сонымен бірге оның ішкі және сыртқы саясатын да ойлап қайғырды.

Оның көзқарасы бойынша, кез-келген мемлекеттің ішкі саясатының негізінде принципті түрде демократиялық, теңқұқылы және әділетті қатынастар жатуы тиіс.

Асан үшін халық біздің қазіргі заманғы Конституциямызда тұжырымдалғандай, жай ғана «биліктің қайнар көзі» емес, сол биліктің өзі.

Халықтың еркі – әрбір демократиялық мемлекеттіліктің басты және негізқалаушы бастауы.

Сыртқы саясат Асан Қайғының пайымы бойынша, - ішкі саясаттың жалғасы: тату көршілік, өзге этностардың, елдердің, халықтардың мүдделерін түсіну және құрметтеу.

Страдал Асан не только из-за забот об обустройстве новой кочевой страны, но и её внутренней и внешней политике.

С его точки зрения, в основе внутренней политики любого государства должны принципиально лежать демократические, равноправные и справедливые отношения.

Для Асана, народ не просто «источник власти», как постулируется в нашей современной Конституции, а сама власть.

Воля народа – главное и основополагающее начало всякой демократичной государственности.

Внешняя же политика, по Асану Страдальцу, – продолжение политики внутренней: политика добрососедства, уважения и понимания интересов других этносов, стран, народов.

Адамдарға және жалпы адами қауымдастыққа деген көзқарастың мұндай ұстанымы Асанның мына жолдарынан көрініс тапқан.

*Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол құсырып барған соң,
Аса кеште барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да
Атың шықпас дұрысқа
Мінезі жаман адамға
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Өркімменен ұрыспа.
Ашу – дұспан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!..*

Бірақ қоғам жекелеген адамдардан құралады, ал олардың кейбіреуі билік саласына немесе басқаруға ұмтылады.

Асан осындай адамдардың Жәнібек хан сияқты, халықтың сеніміне лайықты өкілдік ету дәрежесіне жетпегенін де ойлап күйінеді.

Бұл тұрғыда оның көзқарастары Платонның ақылды және данышпан билеуші туралы идеяларына, Ежелгі Русьте аты аңызға айналған ақын әрі ойшыл Боян-жыраудың ұстанымымен, орыс князьдіктерін бір тұтас етіп біріктіруге тырысқан, бірыңғай этникалық тұтастықтың арасына «іріткі мен оқ сепкен» князьдерді мінейтін «Игорь полкі туралы жырдың» белгісіз авторының көзқарастарына өте жақын.



Эта позиция отношения к людям вообще и людскому сообществу в частности отражена в следующих строках Асана.

*Протекай Уралом, Волгой,
умеряя свой прибой.
Если враг напал на друга, -
за него ты встань горой.
Если кто-то тебе должен,
виноват кто пред тобой,
ты его простить старайся,
а злопамятство зарой.
Пусть во всём ты трижды прав,
свое имя не прославишь
этой самой правотой.
С человеком не сближайся,
если он совсем плохой,
никогда не отчуждайся,
если он хорош собой.
Из-за жеребка или же клячи,
иль земель совсем невзрачных,
горьким потом обливаясь,
не вступай напрасно в бой.
Гнев советник нам плохой,
чтобы сам не провалился
из-за мести ров не рой.*

Но общество состоит из отдельных людей, некоторые из которых прорываются в область власти или правления.

Асан скорбел и из-за того, что эти люди, подобно хану Джанибеку, не дорастали до уровня достойного представительства воли народа.

В этом плане, его взгляды очень близки с идеями Платона о мудром и умном правителе, с позицией Бояна-жырау, ставшего легендарным поэтом и мыслителем Древней Руси, с взглядами неизвестного автора «Слова о полку Игореве», пытавшимся объединить русские княжества в единое целое, критиковавшим князей «сеявших раздоры и стрелы» между единым этническим целым.



Осындай билеушілердің ең басты ерекшелігі және қажетті қасиеті деп Асан даналықты, азаматтықты, халыққа қамқорлықты және оның тағдырына алаңдаушылықты бөліп көрсетті.

Бірақ билеушілердің мінез-құлқын ұзақ жылдар бойы бақылай отырып, Асан өзінің ақылды және халықшыл билеуші туралы идеяларының құрғақ қиял екендігіне көзі жетеді, бірақ сонда да болашақта сондайлардың келетініне сенуін тоқтатпайды.

Ол билеушілердің қателігін кешіре білді, дегенмен билік иелерінің өз қиялындағы идеалы мен бейнесін жасауын қоймады...

*Есті көрсең кем деме,
Бәрі тұйғын табылмас.
Қарындасың жамандап,
Өзіңе туған табылмас.
Адам әзіз айтар деп
Көңіліңді салмағыл.
Нәпсі алдаушы дұспанның
Насихатын алмағыл.
Бақыты оянған ерлердің
Әрбір ісі оң болар.
Дәулетті күнге артылып,
Не қылса да, мол болар.
Тазылары түлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жөн болып,
Не десе де жарасар.
Бай, байсын деп ат қойып,
Ел аузына қарасар.
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.*

И главным необходимым качеством или отличием этих правителей Асан считал мудрость, гражданственность, заботу о народе и страдание за его судьбу.

Но долгие годы, наблюдая за поведением правителей, Асан убеждается в утопичности своих идей о мудром и народом властелине, но продолжает верить в приход таковых в будущем.

Он умел прощать ошибки правителей, не переставая при этом создавать свой образ и идеал власть предержащих...

*Никого не унижай,
ведь не все же соколы.
Не найдут родней родные,
коль тебя уж прокляли.
Не растрачивай внимание
на шуточные слова.
Не поддайся пожеланиям
сверх коварного врага.
Коль взойдет звезда мужчины, -
все дела идут на лад,
рад он счастью своему,
умножая тучность стад.
Он содержит ловчих птиц,
псы его хватают лис,
а в речах его слова, –
словно песни соловья.
Знатен он, но он не жаден,
полня только свой лишь рот,
за народ он, за державу,
он прокормит свой народ.
Хоть скачи на аргамаке,
знай, что сзади кто-то есть.
А на скачке честолюбий
умеряй гордыню-честь.
От избытка своих знаний
не строчи словесный треск.
Чтоб кого-то одолеть,
не пускайся в ложь и лесть.*

Алайда, ұлы орыс тілінде талай рет қайталанғандай, - «в Отечестве родном пророков нет» («өз Отанында пайғамбарлар болмайды»).

Дана Асанның көптеген кеңестері мен ой-толғамдары қабылданбай, тыңдалмай, оның замандастарының және ұрпақтарының дүниетанымына кірмеген күйінде қалды.

Ал осы құбылыстың өзі тағы қайғы-мұңға салады, налытады, азаптайды.

Асанның өзі енді оны **«ғаріп»** категориясына қосады.

*Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғаріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғаріп.
Мүритін тауып алмаса,
Азғын болса пір ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.*

Асан Қайғының өмірі мен шығармашылығындағы ең бастысы — өзі ұрпақтарына қалдырған рухы мен руханилығы.

Но, как многократно повторялось в великом русском языке, - «в Отечестве родном пророков нет».

Многие советы и размышления мудреца Асана остались не принятыми, не услышанными, не включёнными в мировоззрение его современников и потомков.

А это явление вновь вызывает очередную грусть, скорбь, страдание.

Сам Асан озвучивает его уже в категории **«Лишние»**.

*В наше время что есть «лишний»?
- В белом граде серость лишня;
слово, свежее как сок,
коль его никто не слышит;
старцы старятся не в срок,
коль им сверстников не дал
иль забрал уже Всевышний;
коль сноха не уважает —
то и дева никудышна;
коль народ не окружает —
вид не важен уже внешний;
без крылатых и пернатых
воды озера излишни;
раз бесцелен и развратен,
то святоша тоже лишний;
не содержит, коли муж
всех своих родных и ближних,
лишний он, хотя могуч
и совсем хотя не грешник.*

Самое же главное в жизни и творчестве Асана Кайгы — его дух и духовность, оставленные им своим потомкам.

Примечание: автор всех переводов стихотворений Асана Кайгы — Бекет Карашин

РЕСПУБЛИКА – ҚОҒАМДЫҚ ІС

Философ Мәлік Исабеков досымның аруғына

Республика – латын сөзі, «қоғамдық іс» деп аударылады.

Содан кейін барып мемлекетті білдіреді, дәлірек айтқанда, оны басқарудың монархияға қарсы қойылатын бір формасын білдіреді.

Республикада заңнамалық билік белгілі бір мерзімге халық сайлаған органдарға тиесілі (көсемдер, ақсақалдар кеңестері, сенат, парламент және т.с.с.).

Әлемдік тарихтағы алғашқы республикалар өте ерте кезде пайда болған деуге болады.

Ежелгі Грекияда – Афина республикасы, Русьте – Новгород вечесі, Украинада – гетмандық республика және т.б.

Дәл солайша, республикалар дала өркениетінің бастапқы кезеңінде де өмір сүрді.


Шын мәнісінде, көшпелі қоғамда республика әрқашан да монархиядан басым болды.

Ежелгі дәстүр бойынша монархтарды халықтың таққа отырғызуы бекер емес: оны алдымен халықтың өзі таңдады, содан кейін барып сол халық оны ақ киізге салып көтерді.

Күнби, қаған, хан, жабғу, сұлтандардың билігі әрдайым демократияға (халық билігі) немесе республикаға тәуелді болды.

Көшпелі қоғамда халық тек таңдап қана қойған жоқ, сонымен бірге монархты қадағалап отырды.

Егер де олардың өзі сайлаған қандай да бір хан, халық үшін ұнамсыз саясат жүргізсе, онда оның бодан халқы жай ғана ханды тесік астаудың жанында қалдырып, басқа жерге көшіп кеткен, яғни хан халықсыз, демек мемлекетсіз қалды.



РЕСПУБЛИКА - ДЕЛО ОБЩЕСТВЕННОЕ

Памяти моего друга, философа Малика Исабекова

Республика – латинское слово, переводится как «общественное дело».

Затем уже обозначает государство, а точнее, одну из его форм правления, противопоставляемую монархии.

В республике законодательная власть принадлежит выбранным народом на определённый срок органам (советы старейшин, вождей, сенат, парламент и т.п.).

Первые республики в мировой истории, можно сказать, возникли давным-давно.

В Древней Греции – Афинская республика, на Руси – Новгородское вече, на Украине – гетманская республика и т.д.

Точно так же, республики существовали и на заре степной цивилизации.


По-существу, в кочевом обществе республика всегда преобладала над монархией.

Не зря существовала древняя традиция коронования монархов народом: его сначала выбирал сам народ, а затем народ же поднимал на белой кошме.

Власть куньби, коганов, ханов, ябгу, султанов всегда зависела от демократии (власти народа) или республики.

В кочевом обществе народ не только выбирал, но и контролировал монарха.

Если какой-нибудь хан, выбранный им самим, всё негодную для народа политику, то его подданные просто-напросто откочёвывали на новое место, оставив хана у разбитого корыта, т.е. хан оставался без народа и, соответственно, государства.



Шын мәнісінде, бұл ханның тақтан түсірілгенін білдіреді. Ал отырықшы халықтар мұндайды ойларына да алуы мүмкін емес, міне, осыдан келіп, олардың монархтық билікке қарсылығы өзгеше формаларда болды: бүліктер, ойран салу, физикалық көзін жою, революциялар.

Монарх пен демос арасындағы делдал Көсемдер немесе Ақсақалдар Кеңесі болатын (ру, тайпалар деңгейінде).

Бұл кеңестерге билер (рулардың жоғарғы билеушілері, судьялар және т.с.с.), даңқты батырлар, ақындар, ойшылдар, абыздар (бақсылар, молдалар), ерлер, бектер, адами іс-әрекеттің қандай бір түрінде табысқа жеткен көрнекті адамдар (өнерде, кәсіптерде және т.с.с.) кірді.

Кеңес мүшелерін де халық сайлады, бұл мүшелікке ие болу немесе лауазым мұрагерлікпен емес, еңбегіне қарай берілді.

Әдеттегідей, осы заңнамалық органға соғыстағы ерлігімен, ақыл-ой әрекетімен, адамгершілігі жағынан және т.с.с. ерекше көзге түскен адамдар кірді.

Дала монархы тек биліктің атқарушы органы болып саналды.

Сол себепті ол кеңес мүшелері немесе ерікті адамдар тарапынан өз адресіне айтылған сын-пікірлер үшін ешкімді қудалай алмады.

Шындықты жақтаушылардың (сайқымазақтар, қылжақбастар, философтар, ақындар) қол сұғылмаушылық құқығы болды, олар осы заңдармен қорғалатынына сенімді бола отырып, өздерінің саяси ойларын батыл айту мүмкіндігіне ие болды.

Қазақ хандығының тарихында билеушілерге қаратып айтылған осындай батыл сөздердің көпшілігі сақталып қалды.

По-существу, низлагался. Понятно, что осёдлые народы допустить себе такого не могли, отсюда формы сопротивления монаршей власти были иными: бунты, погромы, физическое устранение, революции.

Посредником между монархом и демосом являлся Совет вождей или старейшин (родов, племён).

В эти советы входили бии (верховные правители родов, судьи и т.п.), славные батыры, поэты, мыслители, жрецы (шаманы, муллы), еры, беки, выдающиеся в каком-либо виде человеческой деятельности люди (в искусстве, ремеслах и т.п.).

Члены советов тоже выбирались народом, членство или должность эта была не наследственной, а заслуженной.

Как правило, в этот законодательный орган попадали люди, особо отличившиеся в войнах, в мыслительной деятельности, в нравственности и т.п.

Степной монарх являлся лишь исполнительным органом власти.

Поэтому существовали законы, по которым он не мог преследовать критику в свой адрес со стороны членов совета или вольных людей.

Правдолюбцы (скоморохи, шуты, философы, поэты) были неприкосновенны, будучи уверенными в том, что они охраняются этими законами, могли смело высказывать свои политические мысли.

В истории Казахского ханства сохранилась масса таких дерзких речей поэтов в адрес правителей.

Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға және Жәңгір ханға айтқан жалынды өлеңдерін, Асан Қайғының Жәнібек ханға, Жиенбеттің – Есім ханға айтқан сөздерін еске салудың өзі жеткілікті.

Дала монархының лауазымы оны тек халық сайлаған жағдайда ғана легитимді деп саналды.

Хан, әрине, өз кандидатурасын (өзінің баласын, немере інісін, бауырын) ұсына алады, бірақ бұл мәселе бүкіл ру-тайпалардың немесе олардың өкілдерінің қатысуымен құрылтайда (дала съезі, халық жиналысы) біржолата шешілетін.

Мысалы, Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін Ұлы ханның мұрагерін халық сайлады.

«Әлемді тітірентушінің» өліміне байланысты өткен азалы екі жыл бойы тақты оның төртінші және кіші ұлы Төле иеленді.

Бірақ құрылтай нағыз мұрагер деп Шыңғыстың үшінші ұлы Үгедейді тағайындады. Айтпақшы, оны Шыңғыс хан тірі кезінде өзі ұсынып кеткен болатын (назар аударыңызшы, тағайындап емес, ұсынып).

Осылайша, құрылтай биліктің ең жоғары органы деп есептелді.

Заңнамалық органы – Ақсақалдар мен көсемдер кеңесі.

Атқарушы органдары – хан (қаған, сұлтан), оның әскери қолбасшылары, қосарлы билеушілер, кеңесшілер және т.б.

Мұндай практика билікке ақыл-есі кем, даярлығы жоқ, аморальды, қылмыскер, лайықсыз адамдардың келу жағдайларының алдын алуға ықпал етті.

Достаточно напомнить пламенные стихи Махамбета в адрес султана Баймагамбета и хана Жангира, обращение Асанакайгы к хану Жанибеку, Жиенбета - к Есим-хану.

Должность степного монарха считалась легитимной только в случае избрания его народом.

Хан, конечно, мог предложить свою кандидатуру (своего сына, племянника, брата), но окончательно вопрос решался на курултае (степной съезд, народное собрание), с участием всех родов-племён или их представителей.

Например, наследника Великого хана после смерти Чингисхана избирал народ.

Два года, пока шёл траур по случаю смерти «Потрясателя Вселенной», трон наследовал его четвёртый и младший сын Тулуй.

Но курултай истинным наследником назначил третьего сына Чингиса Угедея. Которого, кстати, при жизни рекомендовал сам Чингисхан (заметьте, не назначил, а рекомендовал).

Таким образом, высшим органом власти считался курултай.

Законодательным органом – Совет старейшин и вождей.

Исполнительными органами – хан (коган, султан), его военачальники, соправители, советники и т.д.

Такая практика способствовала тому, что исключались случаи прихода к власти слабоумных, неподготовленных, аморальных, преступных, недостойных людей.

Ал бұл прецедент – дала республикаларының немесе демократияларының жемісі екендігі күмәнсіз.

Біз отырықшы елдерде билік көбінесе мұрагерлікпен берілетінін білеміз, яғни әкеден балаға ауысады.

Осындай практиканың нәтижесінде ақыл-ойы кеміс, сырқат, әлжуаз, содырлы, жасөспірім мұрагерлер билікке келді, мұның өзі регенттік институтына, патша өлтірушілікке, жалған атақ жамылуға және басқа да жағымсыз уақиғаларға әкеп соқты.

Бір қарағанда даладағы билік те мұрагерлікпен берілетін сияқты болып көрінуі мүмкін.

Иә, ондай жағдайлар да болды, бірақ әрқашан Ақсақалдар Кеңесімен, құрылтаймен мақұлданып, бекітіліп отырды. Көшпелі қоғамдағы мұрагерлік биліктің «лествица жүйесі» іспетті тағы бір ерекшелігі болды...

Яғни билік әкеден балаға ғана беріліп қойған жоқ, сонымен бірге монархтан оның ағасына немесе немере бауырына, ағайынан немере інісіне, бауырынан бауырына және т.с.с. беріліп отырды.

Бұл жағдайда отбасыға тиесілі билік туралы емес, биліктің «кландығы» туралы айтуға болады.

Тарихта билікке белгілі бір кланның (ру, ұрпақ, тайпа) келуі де болған, мысалы, патшалық скифтер тегі (сколоттар), битуриктер тегі (Альпіден асып өтіп, кейіннен б.д.д. 600 ж. Мадолиан қаласына (қазіргі Милан) қоныстанған кельт-галлдар), Ашина ұрпағы, Шыңғыс ханның кланы.

Осы билеуші клан, әдеттегідей, әскери күштері, адам ресурстары, территория, экономика, дипломатия, саясат жағынан басым болды.

А этот прецедент – несомненная заслуга степных республик или демократий.

Мы, знаем, что в осёдлых странах чаще, чем надо, власть была наследственной, т.е. передавалась от отца к сыну.

В результате такой практики к власти приходили умственно отсталые, больные, хилые, порочные, малолетние наследники, что приводило к институту регентства, царевбийствам, самозванству и другим нелицеприятным событиям.

Может показаться, что и в степи власть была наследственной.

Да, она была и такой, но всегда опосредовалась и утверждалась Советами старейшин, курултаем. Наследственная власть кочевого общества имела ещё и такую особенность, как «система лествицы»...

Яғни билік әкеден балаға ғана беріліп қойған жоқ, сонымен бірге монархтан оның ағасына немесе немере бауырына, ағайынан немере інісіне, бауырынан бауырына және т.с.с. беріліп отырды.

Бұл жағдайда отбасыға тиесілі билік туралы емес, биліктің «кландығы» туралы айтуға болады.

Тарихта билікке белгілі бір кланның (ру, ұрпақ, тайпа) келуі де болған, мысалы, патшалық скифтер тегі (сколоттар), битуриктер тегі (Альпіден асып өтіп, кейіннен б.д.д. 600 ж. Мадолиан қаласына (қазіргі Милан) қоныстанған кельт-галлдар), Ашина ұрпағы, Шыңғыс ханның кланы.

Осы билеуші клан, әдеттегідей, әскери күштері, адам ресурстары, территория, экономика, дипломатия, саясат жағынан басым болды.

Бірақ клан үстемдікке салып көзсіз билеп-төстеген жоқ, ол тағы да халықтың, құрылтайдың алдында еңбегімен жеңіп алуға ұмтылды.

Түптеп келгенде, Шыңғыс ханның барлық ұлдары билікке лайық болды, өйткені олар ұлы әскербасылар, өз әкесінің тәрбиесін көрген шәкірттері еді.

Дегенмен, құрылтай Аспан қағанының үлкен ұлдары (Жошы мен Шағатайдың) арасындағы егесті, сондай-ақ марқұмның тілегін ескере отырып, бәрібір қажетті адамды таңдады.

Айтпақшы, түркі қағанаттары дәуірінің (біріншінің де, екіншінің де) өзінде өмір сүрген «лествица жүйесін» немесе клан билігін, Владимир Мономах тұсында Русь қабылдап алғанын атап өтеміз.

Мұнда олар республикалық басқарудан басқасын алды, себебі сол уақыттағы князьдіктер абсолютті монархия жүйесін ұстанған болатын («Ұлы Новгород мырзасынан» басқасы).

Сондай-ақ, сахарада ғасырлық заңдарға кесекөлденең тұрып, атқару билігін ғана емес, сонымен бірге заң шығару және сот билігін өз қолына алған билеушілер де болды.

Мысалы, Нұралы хан (Жәңгірдің атасы) республикалық басқаруға қарсы шықты, бірақ 1785-1800 жылдардағы Байбақты руынан шыққан Сырым Датұлының жетекшілігімен болған көтеріліс оны бұл «лауазымынан» айырды.

Сырым Нұралы ханды тағынан тайдырып, оны қуғынға салды, одан кейін Есім ханның басын кесті.

Но клан не слепо диктовал свою волю к власти, он её, опять-таки, добивался, заслуживал перед народом, курултаем.

В принципе, все сыновья Чингисхана заслуживали власти, так как они были великими военачальниками, воспитанниками и учениками своего отца.

Но всё же курултай, учитывая трения между старшими сыновьями Небесного Когана (Джучи и Чагатаем), а также волю покойного, назначил того, кого назначил.

Кстати, отметим, что «систему лестницы» или власти клана, которая существовала ещё при тюркских каганатах (и в первом, и во втором), при Владимире Мономахе переняла и Русь.

Кроме республиканского правления, ибо княжества того времени придерживались системы абсолютной монархии (кроме «Господина Великого Новгорода»).

Были в степи и такие правители, которые шли наперекор вековым законам, брали в свои руки не только исполнительную, но и законодательную, а также судебную власть.

Например, Нуралы-хан (дед Жангира) пошёл против республиканского правления, но его отлучило от «должности» восстание в 1785-1800 годах под руководством Сырыма Датова из рода Байбакты.

Срым, сместив с трона хана Нуралы, подверг его преследованию, затем обезглавил хана Есима.

Өз әкесінің қателігін терең ұғынған Бөкей хан (Жәңгірдің әкесі) тағы да «аталарының жолымен» жүрді (халық Республика мен демократияны осылай атады): Ақсақалдар Кеңесін, құрылтай билігі институтын қайта жаңғыртты.

Жәңгір хан өз әкесінің жолымен жүрген жоқ, ол атасының соқпағына түсті: Ақсақалдар Кеңесінің билігін таратуға дейін барды, өзін жалдамалы әскермен, казактармен, төлеңгіттермен қоршады.

Ашынған халық ханның Республикаға қайтып оралуын, халықтың өзі сайлаған ру басылары Кеңесінің шешімін орындауын талап етті.

Ақырында іс Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басқаруымен болған көтеріліске әкеп соқты.

Бұл қайшылықтың немен аяқталғанын біз білеміз. Жәңгірдің өлімімен ғана емес, сонымен бірге хандық биліктің де жойылуымен бітті.

Есет пен Бекет Көтібар ұлдарының жетекшілігімен болған көтерілістер де осы бағытта жүрді.

Ол 19 ғасырдың 60-жылдары болған. Есет патша үкіметінің «жандайшабына» айналып, «аталар жолынан» адасқан билеуші сұлтан Арыстан «ханның» да басын алды

«Республикашыл» Махамбет бұл жанжалдарды былай суреттеді:

*Айтып, айтпай немене,
Егер халық қозғалса, -
Тұра алмайды хан тағында-ай!*

Осы шағын тарихи экскурстан сабақ алуға және қазіргі заманғы Қазақстан Республикасына қатысты түйін жасауға болады.

Осознавший оплошность своего отца Бокей хан (отец Жангира) снова пошёл «по дороге дедов» (так народ называл Республику и демократию): восстановил институт власти курултая, Совета старейшин.

Хан Жангир не пошёл по дороге своего отца, а вернулся на стезю деда: почти упразднил волю Совета старейшин, окружил себя наёмными войсками, казаками, туленгутами.

Возмущённый народ требовал, чтобы хан возвратился к Республике, исполнял волю Совета старейшин родов, которых избирал сам народ.

Дело дошло до восстания под руководством Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова.

Чем закончилось это противостояние, мы знаем. Не только смертью Жангира, но и упразднением самой ханской власти.

То же самое касается и восстания под руководством Есета и Бекета Котибаровых.

Оно произошло в 60-х годах 19 века. Есет умертвил султана-правителя «хана» Арыстана, который также был «подпевалой» царского правительства, сошёл с «дороги дедов».

«Республиканец» Махамбет озвучил эти конфликты:

*«А когда народ восстанет, -
он то явно всех сильней, -
скинет ханов всех с престола,
в этом весь урок историй!»*

Из этого небольшого исторического экскурса можно брать уроки и делать выводы по поводу современной Республики Казахстан.

Кез-келген республикада билік тармақтары қатаң шектеледі.

Біріншіден, ең жоғарғы билік – халық, халық жиналысы.

Ал біздің Конституциямыз халықты биліктің өзі емес, тек қана «биліктің көзі» деп жариялайды, сол арқылы оның атқару билігін қадағалау және оны тарату өкілеттілігі қызметтерінің жолын кеседі.

Осылайша, халық «жоғарыда» емес, «төменде» тұр. Осының өзімен-ақ Конституция барлығының басын аяғына шығарады.

Екіншіден, ең жоғарғы заң шығару билігі – сайланбалы Кеңес (бізде парламент).

Бірақ біздің парламенттің, БАҚ-та айтылып, жазылып жүргендей, - азуы жоқ. Ол сайланбалы, заңнамалық орган болғанмен де, халықтың мүддесін дұрыс қорғамай отыр.

Үшіншіден, жоғарғы атқару билігі бізде – Президент, үкімет, жергілікті әкімдер. Бірақ та, ол Жоғарғы биліктің функцияларын орындаушы болып қалыптасты.

Әлбетте, биліктегі бұл коллизиялар бір жағынан тоталитаризм мен партократиядан демократияға және республикаға ауысуға байланысты орын алды.

Бұл арада бізде Республика құрудың тәжірибесі болған жоқ, сол себепті барлық перипетиялардың кесірі осыдан деуге болмайды.

Тәжірибе, оның ішінде тарихи, әсіресе далалық тәжірибе бар, бірақ ешкімнің оны үйренуге құлқы болмады, керісінше заманауи демократиялық мемлекеттерден аналог іздеді, яғни өзінікі өз қолында бола тұрып, бөтеннің тәжірибесін алды.

В любой республике ветви власти строго ограничены.

Во-первых, высшая Верховная власть – народ, народное собрание.

Наша же Конституция объявляет народ лишь «источником власти», а не самой властью, тем самым отсекая его функции контроля над исполнительной властью и функции полномочий по её упразднению.

Таким образом, народ представляет не «верхи», а «низы». Уже этим самым Конституция ставит всё с ног на голову.

Во-вторых, высшая законодательная власть – выборный Совет (у нас парламент).



Но наш парламент, как говорят и пишут в массовых СМИ, - беззуб. Хоть он и выборный, хоть и законодательный, но интересы народа защищает не адекватно.

В-третьих, высшая исполнительная власть у нас – Президент, правительство, местные акимы. Но, сложилось так, что она исполняет функции Верховной (народной) власти.

Конечно, эти коллизии во власти отчасти были связаны с переходом от тоталитаризма и партократии к демократии и республике.

Нельзя сказать, что опыта созидания Республики не было и отсюда, мол, все перепитии.

Опыт был, в том числе опыт исторический, да ещё степной, но ему никто не старался учиться, искали аналоги в современных демократических республиках, т.е. перенимали чужой опыт тогда, когда свой был под рукой



Біздің биліктің жоғарғы эшелондарында болып жатқан қазіргі жаңсақтықтар Республика, демократия ұғымдарын дискредитациялауға әкеп соғады.

Әрине, мұны біздің бүкіл жоғарғы билік қондырмасы жақсы түсінетіні сөзсіз.

Бірақ проблеманы терең түсініп, оны практикада жүзеге асырудың шешімін тапқанға дейін қиын жол жатыр, бірақ бұл жолды бәрібір жүріп өтуге тура келеді.

Біздің Республикамызды саяси салада құтқаратын жалғыз жол – билік туралы заңдарды, Конституцияны қоса алғанда, қайта қарау, билік жүйесін іс жүзінде өзгерту, биліктің барлық сатыларын халықтың өзі сайлауын жүзеге асыру.

Алайда бұл қадамдарды жасау аса қажет, себебі демократия мен республикаға жасалған эксперименттердің немен аяқталатынын тарихи тәжірибе көрсетіп берді.

Егер де біз «Қазақстан Республикасы» деген асқақ атты сақтап қалғымыз келсе, бүгінгі күн үшін ғана емес, болашақ үшін, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы үшін жасау керек!

Республика формасындағы мемлекетті құру ісі ешқандай да аяқталған жоқ, өйткені демократия аспаннан түспейді, жорамалмен жасалмайды, сыйға берілмейді, керісінше, жеңіп алынады, жетілдіріледі, дамытылады.

Біздің Республикамыз, шетелдік сарапшылар мойындайтындай, өзге посткеңестік елдермен салыстырғанда – ең тұрақты, дамушы және перспективалы мемлекет екеніне мақтанамыз.

Бұдан біз ең алдымен халықтың, біздің барлық азаматтарымыздың, біздің Республиканы мекендеген ұлттарымыздың еңбегін көреміз, олардың даналығын, төзімділігін, табандылығын және өз Отанына деген сүйіспеншілігін, Атамекенінің және балаларының келешегіне деген алаңдаушылығын көреміз.

Нынешние перекося в высших эшелонах нашей власти ведут к дискредитации понятий Республики, демократии.

Конечно же, это понимает вся наша высшая властная надстройка.

Но от осознания проблемы к её практическому разрешению, осуществлению лежит нелёгкий путь, но этот путь, всё равно, пройти придётся.

Единственное спасение для нашей Республики в политической сфере – пересмотр законов о власти, включая саму Конституцию, практическое изменение системы власти, осуществление выборности всех ступеней власти самим народом.

Но эти шаги крайне необходимо сделать, ибо исторический опыт показывает, чем заканчиваются эксперименты над демократией и республикой.

Сделать во имя не только настоящего, но и будущего, будущего наших детей и внуков, если мы хотим сохранить гордое имя «Республика Казахстан»!

Государственное строительство в форме Республики никоим образом не завершено, ведь демократия не дарится, не постулируется, сверху, как манна небесная, не падает, а отвоёвывается, совершенствуется, развивается.

Мы гордимся тем, что наша Республика, как признают зарубежные эксперты, по сравнению со всеми постсоветскими странами - самая стабильная, развивающаяся и перспективная.

В этом нам видится заслуга, прежде всего народа, всех наших граждан, национальностей, населяющих нашу Республику, их мудрости, терпимости, стойкости и любви к своей Родине, тревоги за будущее Отечества их и их детей.

ШЕЖІРЕГЕ СЫНИ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақтар шежірені (генеалогияны) өзінің ата-тегін, басқа рулардың генезисін білу үшін құрастырған.

Әлбетте, мұндай дәстүр қазақтарға дейін де болған, олардың ежелгі арғытектері (сақ-скифтер, ғұндар, оғыз-қыпшақтар және т.б.) тек генетик қана емес, сонымен бірге антропогенетик болды, малдардың жаңа тұқымдарын ғана шығарып қоймай, рудың, тайпаның, халықтың тектік қорының қамын ойлады, ру ішінде жеті атаға дейін қан араластыруға жол бермеді.

Дәл солар әрбір саналы адам өзінің жеті атасын білуге міндеттілігі туралы, «жеті тектік» туыстарымен қан араластыруға тыйым салатын және 7 деген қасиетті санның шеңберінде кез-келген инцест жасауды қатаң жазалайтын заңның негізін қалады.

Қазақша бұл тектер былай аталады:

- 1) **бала**
- 2) **немере**
- 3) **шөбере**
- 4) **шөпшек**
- 5) **немене**
- 6) **туажат**
- 7) **жүрежат** (жетінші ұрпақ)
- 8) **жұрағат** (осы ұрпақтан бастап некелік қатынас жасауға болады).


Бұдан әрі жинақтаушы топтарға мыналар жатады:

жекжат – алыс туыстар, жақын құдалар

жамағат (жалпы халық).

Бұл сынды мен өзге де қазақ руларының «шежірешілік» фактілерін қозғай отырып, негізінен Беріш руының шежіресі мысалында жүргізуге тырысамын.

Шежіре, ең алдымен, рудың «көбейту кестесі» (және де «көбею кестесі»!).



КРИТИЧЕСКИЕ ЗАМЕЧАНИЯ К ШЕЖИРЕ

Генеалогия (шежіре) составлялась казахами для того, чтобы знать свою родословную, генезис других родов.

Разумеется, такая традиция была и до казахов, древние предки которых (сако-скифы, хунно-гунны, огузо-кипчаки и др.) были не только генетиками, но и антропогенетиками, выводили не только новые породы животных, но и заботились о генофонде рода, племени, народа, не позволяли кровосмешения внутри рода до семи колен.

Они-то и основали закон, по которому каждый сознательный человек обязан, был знать своих предков до семи колен, табу, запрещающий, смешивать кровь с «семиколенными» родственниками, пресекающий и наказывающий любую попытку инцеста в рамках сакральной цифры 7.

По-казахски эти колена выглядит так:

- 1) **бала** — дети,
- 2) **немере** — внуки
- 3) **шөбере** — правнуки
- 4) **шөпшек** — пра-пра-внуки
- 5) **немене** — пра-пра-пра-внуки
- 6) **туажат** — пра-пра-пра-пра-внуки
- 7) **жүрежат** - (седьмое поколение).
- 8) **жұрағат** - (с этого поколения можно вступить в брачные отношения)


К обобщающим, далее, группам относятся:

жекжат - дальние родственники, близкие сваты

жамағат (миряне, общий народ).

Эту критику я попытаюсь провести в основном на примере шежіре рода Берш, касаясь и «шежіреистских» фактов других казахских родов.

Жежіре есть, прежде всего, «таблица умножения» (и «таблица размножения») рода



Жақын жеті тек, өз кезегінде, - есімдері көбінесе уақыт пен уақиғалар тасқынында жоғалып кеткен, бағзы заманда тіршілік кешкен бабалардың ұрпақтары ғана.

Бірақ, өзінің ең терең тамырларын жоғалтып алмау үшін түркілер ру-тайпа-негізін қалаушылардың есімдерін есте сақтап қалды.

Генеалогиялық тізбектің аралық буындары ұмытылды, жадыда тек 7 тікелей ата ғана шегедей қағылып қалды, сондай-ақ рудың негізін қалаушының есімі (мысалы, Беріш), этностың (Қыпшақ), суперэтностың (Түркі) негізін қалаушының есімі сақталды.

Олардың кімдермен таныс болғаны немесе қарым-қатынас жасағанына байланысты түркілер өздерінің ата-бабаларының есімдерін солай атады.

Басқа суперэтностың өкілдері үшін (мысалы, арабтар, гректер, парсылар) біз өзімізді Түркінің балалары деп атағанымыз да жеткілікті болатын.


Ал өзге түркілер үшін (мысалы, қарлұқтар, оғыздар) Қыпшақтың ұлы деген атау да жетіп жатыр.

Егер де қыпшақпен кездесіп қалсаң, сен – Беріштің ұлы екендігіңді дәлелдеуге тиіссің.

Ал шежірені жақсы білетіндер немесе шектен тыс әуестік танытқыштар үшін, - өзіңнің ең жақын аталарыңның есімін санамапа беру қажет.

Осы себепке байланысты шежіреге қателесу, жаңылысу, кейде тіпті нонсенстер мен тарихқа қарсы шығушылықтар жасырын кіріп кетті.

Шежіре салыстырмалы түрде тек белгілі бір шекке дейін ғана ақиқат, олар, әдетте, жеті атаға дейін анық (кейде одан асып та жатады), бірақ осы жақын аталардың ар жағынан асқан соң аралық аталардың басы мен есімінен аттап өтіп, бірден рудың негізін қалаушыға «секірістер» жиі кездеседі.



Ближние семь колен, в свою очередь, - лишь отпрыски далёких по времени жития предков, имена которых часто терялись в потоке времени и событий.

Но, чтобы не потерять свои наиболее глубочайшие корни, тюрки запоминали имена родо-племя-основателей.

Промежуточные звенья генеалогической цепи забывались, в память, как гвозди, вбивались только 7 непосредственных предков, а также имя родооснователя рода (например, Берш), основателя этноса (Кипчак), суперэтноса (Тюрк).

В зависимости от того, с кем они знакомились или общались, тюрки и называли имена своих предков.

Для представителей иных суперэтносов (например, арабов, греков, персов) достаточно было того, что мы называли себя детьми Тюрка.

Для других тюрков (например, карлуков, огузов) хватало того, чтобы назваться сыном Кипчака.

Если встречался кипчак, следовало уточнять, что ты – сын Берша.

А уже тем, кто был сведущ в шежире или чрезмерно любопытен, - перечислять имена своих близких предков.

По этой причине в шежире вкрадывались ошибки, заблуждения, а порой нонсенсы и антиисторичность.

Шежире относительно истинно лишь до определённых пределов, которые, как правило, истинны до семи колен (бывает и более), но часто за пределами этих ближайших колен идут «скачки» через головы и имена промежуточных предков сразу к родооснователю.



Мысалы, шежіре Себек, Жайық, Есенқұл, Қаратоқай, Құлкеш, Есен, Бегіс, Жаңбыршы есімді адамдарды Беріштің «ұлдары» деп есептеген кезде қателеседі, өйткені олар тек тарихи түрде рудың негізін қалаушының немересінің немерелері ғана.

Олардың өмір сүрген уақыты Беріштің өзінің өмір кезеңі сияқты аса ежелгі емес, бұған тарихи дереккөздер мен салыстырулар дәлел болады.

Ал осы «секірістердің» шығу себептері әртүрлі, оларды толығымен сипаттау тіпті мүмкін емес.

Арғытектегі аралық аталарды ұмыту ғажап емес, өйткені, біріншіден, олардың «көбею кестесін» жаттау және қайталай беру оңайға соқпайды.

Сол себепті, ең алдымен арғы аралық аталардың есімдері есте сақталды, бірақ өзін де, өзгені де шаршатпау үшін өздерінің тікелей жетіге дейінгі (кейде одан да көп) аталарын санамалап берумен шектелді, содан кейін рудың «бастапқы көзінің» есімін атайды.

Кейіннен бұл тәжірибе жаппай әдетке айналды.

Осыдан барып біреудің жетінші (одан да арғы) атасы шежіреде көрсетілгендей, сонау алыс арғы тектегі рудың негізін қалаушының баласы (немесе немересі) екендігі туралы иллюзия құрала бастады.

Әдетте, айрықша еңбектерімен, даңқымен ерекшеленген, саналуан аңыз-әңгімелерде аты қалған аталар жылдам есте сақталады, ал қарапайым және қораш өмір сүріп, өз тегін жалғастырғандар жадыдан жиі жоғалып кетеді.

Сол себепті, екіншіден, генеалогиялық тізбекте олқылықтар, дәл сол «секірістер» пайда болады.

Например, шежира ошибается, когда «сыновьями» Берша считают людей, имена которых Себек, Жайык, Есенкул, Каратокай, Кулкеш, Есен, Бегис, Жанбыршы, тогда как они исторически лишь какие-то «пра-пра-пра»... внуки родооснователя.

Времена их жизни не так древни, как время жизни самого Берша, о чём свидетельствуют исторические источники и сверки.

Причины этих «скачков» различны, описать их полно даже не представляется возможным.

Забывать дальних промежуточных предков неудивительно, ибо, во-первых, заучивать и повторять «таблицу размножения» их утомительно.

Поэтому, сначала имена промежуточных предков помнились, но чтобы не утомлять ни себя, ни других, ограничивались перечислением своих непосредственных предков до семи (иногда и более) колен, а затем называли имя «первоисточника» рода.

Затем эта практика становилась привычной, повсеместной.

Начинала создаваться иллюзия того, что чей-то семи (и более) коленный предок и есть сын (или внук) далёкого, дальнего-дальнего родооснователя, что утверждает шежира.

Как правило, запоминаются те предки, которые отличались особыми заслугами, славой, остались в многочисленных рассказах, а те, кто лишь скромно и невзрачно продолжили свой род, часто терялись в памяти.

Поэтому, во-вторых, и возникают пробелы в генеалогической цепи, те самые «скачки».

Алыста қалған кейбір есімдер кейінгі аталардың даңқының көлеңкесінде қалып қойды және тіпті ұмытылды, сол кезде ру дәл осы айбынды (атақты, даңқты, ұлы) «кейінгі атаны» рудың негізін қалаушының баласы, тікелей ұрпағы деп есептей бастады.

Үшіншіден, Даладағы таусылмайтын мыңжылдық соғыстар (олардың қасында Жүзжылдық еуропалық соғыс деген не, тәйірі!) көбінесе тұтас бір рулардың жойылып кетуімен аяқталатын.

Тиісінше, генеалогиялық жадының иелері мен сақтаушылары да жойылып кетті, ал қандай да бір ғажап кездейсоқтықпен тірі қалған жастар көптеген аталарын, тіпті жақындарын да есінде сақтап үлгермеді.

Бірақ, егер олар рудың негізін қалаушының есімін есте сақтаса, онда өздерін осы атаның балалары деп есептеуді жалғастырды.

Олардан жаңа бұтақтар пайда болды, ал өздерінің есімдері тайпаның негіз қалаушысының баласымын деп санайтын жаңа «ру негізін қалаушылардың» атауына айналды.


Олар енді жанама буындарды ұмытып, жаңа шежіре құрастыра бастайды, матрицаға, анық айтқанда, «паприцаға» тікелей бұрап кіргізіледі.

Жалпы, іс жүзінде, көбінесе «әке» деп ең алыс атаны атаған, осыдан барып түсінбестіктер туындайды.

Міне, мысалы, екі жарым ғасыр бойы орыс жылнамашылары Беріштің «ұлдарын» осылай атады (беріштер өздерін атағаны сияқты).

Алайда, олардың «әкесі» мұндай ұзақ өмір сүре алмайтындықтан, орыс дереккөздері оларды «Бурчевич» фамилиясымен жинақтап әбден дұрыс атады.

Төртіншіден, даладағы құл иелену, егіншілерге қарағанда, мүлде басқаша болды



Некоторые имена дальних затмевались славой последующих предков и даже забывались, тогда род начинал считать, что именно этот доблестный (знаменитый, славный, великий) «постпредок» и есть прямой потомок, сын родооснователя.

В-третьих, бесконечные тысячелетние войны в Степи (куда до них Столетней европейской войне!) заканчивались часто уничтожением целых родов.

Соответственно, уничтожались носители и хранители генеалогической памяти, а та или иная молодь, чудом оставшаяся в живых, уже не помнила многих, даже ближайших предков.

Но если они помнили имя родооснователя, то продолжали себя считать сыновьями этого предка.

От них появлялись новые побеги, а имена их самих становились именами новых «родооснователей», считающих себя детьми основателя племени.


Они и начинают создавать уже новое шежире, забыв опосредующие звенья, «ввинчиваются» к матрице, точнее, «паприце» напрямую.

Вообще, практика была такова, что чаще всего «отцом» называли самого дальнего предка, отчего и происходит путаница.

Так, например, в течение двух с половиной веков русские летописи отмечали «сыновей» Берша (так, как сами берши называли себя).

Но, так как «отец» их не мог быть таким долгожителем, русские источники совершенно верно обобщили их под фамилией: «Бурчевичи».

Рабовладение в степи, в-четвёртых, было совершенно иным, чем у земледельцев.



Тіпті өз дәуірінің озық ойшылы Аристотель құлды «сөйлеуші құрал» деп атады.

Бірақ ол құлда еркіндік те, жер де, құрал-сайман да болмағаны, керісінше оның өзі сайман, өзі өндірістің құралы болғаны туралы фактіні ғана келтірді.

Далада басқаша уклад болды.

Құл жеке үй, мал, құрал-сайман түріндегі мүлікке ие болды.

Оны үйлендіріп қойды, ол рудың құрамына ерікті адам ретінде қосылды, балаларын дүниеге әкеле бастады, олардың қаны тектік қорды байытатын жаңа қан ретінде дәл сол билеуші рудың меншігі саналды.

Құлды тіпті бала кезінде асырап алатын.

Бұл тәжірибені орта ғасырда түркілер басқа елдерге де (Мысырға, Сирияға, Иранға, Ауғанстанға, Үндістанға және т.б.) алып барды.

Құлдық емес, тексіздік әбестік және қорлық саналған. Шежіре мұндай фактілерді көрсетуге тырысады, бірақ бұл кейде ойдағыдай шықпайды.

Шежіредегі былықтар, бесіншіден, түркі есімдерінің көптүрлілігінен пайда болады.

Бір адамның өзі жалқы есім, тілек-есім, батыр есімі, титулдық есім, лақап ат, тұмар-ат, еркелеткен есім, құрметті есімі, еңбегі сіңген есім және т.б. ие бола алатын, ол генеалогияға да, тарихтағы сияқты көбінесе әртүрлі есімдермен кірді.

Ондай кезде шежіреде ол өзінің ұлына немесе әкесіне айналды. Дәл сондай нәрселер тарихнамада да көп кездеседі.

Оған қоса, түркілердің есіміне магиялық көзқарас тән.

«Говорящим орудием» называл раба даже передовой мыслитель своего времени Аристотель.

Но он просто констатировал факт того, что у раба не было ни свободы, ни земли, ни орудий, он сам был лишь орудием, средством производства.

В степи был иной уклад.

Раб наделялся имуществом в виде отдельного дома, скота, орудий.

Его женили, он вливался в состав рода свободным человеком, начинал плодить детей, кровь которых была уже собственностью именно владетельного рода, свежей кровью, обогащающим генофонд.

Раба могли даже усыновить.

Эта практика в средневековье была завезена тюрками и в другие страны (Египет, Сирию, Иран, Афганистан, Индию и т.д.).

Неприличным и унижительным считалось не рабство, а безродность. Шежіре пытается отразить такие факты, но не всегда ему это удаётся.

Путаница в шежіре возникает, в-пятых, из-за многообразия тюркских имён.

Имя собственное, имя-пожелание, геройское имя, титульное имя, прозвище, имя-оберег, ласкательное имя, уважительное имя, заслуженное имя и т.д. мог иметь один и тот же человек, который в генеалогии, так же как и в истории, проступал часто под разными именами.

Тогда в шежіре он становился сыном или отцом самого себя. То же самое происходило и в историографии.

Кроме того, к именам у тюрков было магическое отношение.

Бұл жағдайда, егер де қандай да бір ру бақытсыздыққа, ауруларға, сәтсіздіктерге тап бола берсе, онда осының бәріне кінәні атаның жеке басына, дәлірек айтқанда оның есіміне аударуды жөн көрді.

Ру құрылтайы рудың атауын, ұранын және тіпті таңбасын ауыстыру туралы шешім қабылдайтын.

Қарғыс атқан өткенді ұмытып, жаңа есіммен өмір бастау мақсатымен жаңа ру пайда болатын.

Құлдық өткенін ұмытып, «жаңа адам» қатарына қосылу үшін өз халқын ұзақ уақыт бойы шөл даламен алып өткен Мойсей туралы библиялық сюжет осыған үндеседі.

Бұндай жағдайда шежірешілер енді бұл рудың ежелгі тамырларын таба алмай қалады, ал генеалогия-шежіренің басты міндеттерінің бірі генді неғұрлым ең терең дәуірдегі «скважиналардан» қазып шығаруға ұмтылыс болып табылады.

Осыған қатысты шежірешілердің «шығармашылық» шабытының шарықтайтыны сонша, «ген қазушылар» тіпті «тамырына» дейін – мифтік Нұх пайғамбарға келіп тірелетіні күлкілі.

Ал енді неге Адам ата мен Хауа анаға дейін жетпеске? Адам деп қазақ даласында әлі күнге дейін «жалпы адамды» айтады емес пе?

...Генеалогиялық тізбекке қоса шежіре ұран мен таңбаны да тіркеуге тырысады.

Бірақ бұл жерде, тағы да бәрі оңды емес.

Ұран тарихи себептермен қандай да бір атаның артықшылық дәрежесіне байланысты өзгеріп отырды.

В данном случае, если тот или иной род преследовали несчастья, болезни, неудачи, то на полном серьёзе вину за всё это взваливали на голову, а точнее, на имя предка.

Родовой курултай решал тогда менять имя рода, уран (боевой клич) и даже тамгу (герб, знак, печать рода).

Появлялся как бы новый род, целью которого было забыть проклятое прошлое и вести начало от нового имени.

С этим перекликается библейский сюжет о Моисее, долго водившим свой народ по пустыням, чтобы он забыл рабское прошлое, вышел в «новые люди».

В этом случае шежирист уже не могут обнаружить древние корни этого рода, тогда как одной из главных задач генеалогии-шежиры является стремление выкапывать гены, как можно из более глубоких временных «скважин».

«Творчество» шежиристов в этом отношении доходит до смехотворности тогда, когда, «генекопы» докапываются до самых «корней», - до мифического Ноя (Нух-пайгамбар).

А почему не до Адама и Евы? Ведь Адамом до сих пор называют в Степи «человека вообще».

...Кроме генеалогической цепи шежиры пытается зафиксировать уран (боевой клич) и тамгу (родовой знак).

Но и здесь, опять-таки, не всё ладно.

Уран исторически менялся в зависимости от превосходной степени того или иного предка.

Әдетте, соғысқа арғы замандағы қаһарман бабаның есімі мен ерлігіне қарағанда есімі мен ерліктері ұрпақтарына неғұрлым жақсы таныс ең кейінгі батыр бабаның есімін ауызға алып аттанды.

Мысалы, Беріш руының ұраны «Ағатай!» деп саналады.

Бұл Исатай Таймановтың батыр бабасы, ол 18 ғасырда Тәуке ханның тұсында өмір сүрген және еділдік қалмақтармен соғысқан.

Шежіре бұның тым кейін пайда болған ұран екенін түсіндірмейді, ал оған дейін беріштер жауларына қарсы бүкіл Кіші Жүзге ортақ «Алшын!» ұранымен аттанған.

Шежіре тек кейінгі ұранның атауын келтіріп қана қоюмен шектеледі, сөйтіп өзінің табынушыларының бойында Ағатай берішке дейін соғыспаған және басқа ұраны болмаған тәрізді қасаң түсінік туғызады.

«Алшын!» ұраны, біздің пайымдауымызша, өзара бірлікті, елді басқыншылардан құтқару ісіне деген ортақ мақсатты сезіну үшін бүкіл батыс қазақтарының соғыстарын бастаған.

Дегенмен, осы оқиғаларға дейін де, ру аралық текетірестер кезінде әрбір ру өзінің рулық ұранына ие болғанын айту қажет.

Расында да, олар бір-бірімен сол «Алшын!» ұранын айтып соғысқан жоқ қой.

Тарихта мынадай да фактілер де болған. Мысалы, «Бахтияр!» ұранымен «моңғолдар» да, үйсіндер де бір-біріне қарсы тұра шапқан, бірақ кенет аңтарылып тоқтай қалған.

Міне, сөйтіп ортақ ұран бауырлардың өзара бірін-бірі өлтіруінен және «моңғолдық» үйсіндердің олардың оппозиция жасағындағы бауырларын қырып жоюынан құтқарып қалды.

Оған қоса, ру аралық, рушілік алауыздықтар да болғаны белгілі.

Как правило, в бой шли с именем на устах более позднего героического предка, имя и подвиги которого были более известны потомкам, чем подвиги и имена дальних героических предков.

Например, ураном рода Берш считается клич «Агатай!».

Это имя героического прадеда Исатая Тайманова, жившего в 18 в. при хане Тауке и воевавшего с волжскими калмыками.

Шежире не объясняет, что это лишь более поздний уран, тогда как, до его появления берши бросались на врагов с общим для Младшего Жуза кличем «Алшын!».

Шежире лишь констатирует существование позднего клича, создавая при этом такое догматическое представление у своих поклонников, что им кажется, что до Агатай берши не воевали и не имели другого урана.

Ураном «Алшын!», надо полагать, предваряли бой все западные казахи, для того, чтобы чувствовать единение, общие цели в деле освобождения страны от захватчиков.

Но, надо сказать, что до этих событий, во времена межродовых распрей, каждый род имел свои родовые кличи.

Ведь, на самом деле, не бились же они друг с другом с одним и тем же ураном «Алшын!».

Хотя в истории были и такие факты. Например, с кличем «Бахтияр!» бросались друг на друга и «монголы», и уйсыны, но в изумлении остановились.

Так, общий клич спас от братского взаимного истребления и «монгольских» уйсынов и их собратьев из стана оппозиции.

Кроме того, были же и распри между подкладами, внутриродовые раздоры.

Мысалы, тіпті кеңестік үкімет кезінің өзінде беріштер өзара жанжалдасып қалатын. Мынадай оқиға болған, Беріштердің ішіндегі Бегіс руы бүкілодақтық ақсақал Калининнің атына арыз-хат жазған: «Бізге есендіктер балтамен, айырмен және қарулы күштерімен шабуыл жасады» (тіл білмегендіктен «На нас напали есенцы с топорами вилами и вооружёнными силами» - «вилами» және «силами» деген сөздердегі екпінді екінші буынға қойған).

Калинин болса қарар шығарды: «Есендіктердің қандай халық екенін анықтау керек».

Есендіктер де дәл сол беріштер, дәл сол қазақтар екенін ол қайдан білсін.

Міне, осындай өзара тартыстар кезінде бұл ағайынды бауырлар өздерінің шежіреде есімдері сақталмаған қандас батыр бабаларының рухын, әруақтарын шақырды емес пе.

Бірақ әділеттілік үшін айта кетейік, кейде кейбір шежіреде жекелеген рулардың бір емес екі бірдей ұраны келтіріледі, бұл енді ақиқатқа жуықтау.

Шежіре, әдетте, уақыты бойынша соңғы шыққан ұранды назарға алады, сөйтіп қандай да бір рудың арғы тарихын көмескілеп, жаңа пайда болғандай жанама әсер туғызады.

Ал есімдері рудың ұранына айналған көптеген батырлар (Ағатай, Бекет, Қабанбай, Қарасай, Ақжол және т.б.) салыстырып қарағанда беріде өмір сүрген, бірақ оларға дейін де, әрине, осы рулардың басқа ұрандары болды.

Бұл тұрғыда ежелгі замандардан бері сақталып келе жатқан рулардың ұрандарын да айта кеткен жөн.

Бұл Тана руының ұраны - «Тана!», Рамадан руы - «Дулат!».

Например, даже при советской власти берши вступали в конфликт между собой.

Известен случай, когда бершев подрод Бегис написал письмо-жалобу на имя всесоюзного старосты Калинина: «На нас напали есенцы с топорами вилами и вооружёнными силами» (по незнанию языка в словах «вилами» и «силами» ударение ставили на второй слог).

Калинин поставил резолюцию: «Выяснить что за народ есенцы».

Откуда ему было знать, что есенцы те же берши, те же казахи.

Так вот, во время этой и других междоусобиц, вызывали же эти братья по крови дух своих геройских предков, арухов, имена которых в шежире не сохранились.

Но справедливости ради, надо отметить, что в некоторых шежире иногда приводятся не один, а два урана отдельных родов и это уже ближе к истине.

Шежире, как правило, берёт во внимание лишь последний по времени уран, создавая дополнительное впечатление о не столь древности того или иного рода.

Ведь многие герои, имя которых превратилось в уран рода (Агатай, Бекет, Кабанбай, Карасай, Ақжол и др.), жили относительно недавно, но до них, разумеется, были и другие ураны этих же родов.

В этом отношении следует отметить и кличи тех родов, которые сохранились с древних времён.

Это уран рода Тана – «Тана!», рода Рамадан – «Дулат!».

Беріштер де бір кезде «Беріш!», «Есен!», «Құлкеш!», «Себек!», «Бегіс!», «Қаратоқай!», «Жаңбыршы!», «Жайық!», «Есенқұл!» ұрандарымен оқтай атылып жауына қарсы шапқан.

...Ал енді шежіре таңбаны, ру белгісін түсіндіру кезінде өзінің мүлдем шарасыздығын байқатады.

Таңба – сөздің бұрмаланған нұсқасы, оның неғұрлым дәл жазылуының түрлері – таңба, танма. «Таны» сөзінен шыққан.

Танма, таңба (таныма, таныба) – етістік-императив және сонымен бірге зат есім.

Оның түсініктері: 1. «Білме» + 2. Белгі, герб, мөр, ерекшелік.

Таңба – сонымен бір уақытта графика мен иероглифика тілі.

Бірақ оны әлі күнге дейін оқи алмай келеді. Талпыныстар болды.


Соның бірі – Олжас Сүлейменовтің қыпшақ этнонимі мен оның гербін керемет интерпретациялауы және этимологиясын беруі: екі параллель сызықтар (екі стилет, екі пышақ), осыдан: екі + пышақ – екыпшақ – қыпшақ.

Алайда, өкінішке орай, шежіреде белгілерді, гербтерді интерпретациялау күнделікті тұрмысқа байланып, ақсап жатыр.

Рулардың мөртаңбалары тұрмыстық заттармен өте жиі ұқсастырылады: көсеу, сырық, тұмылдырық, сүргі, балдақ, көген, ілгек, ілмек, тарақ, тор, пиала, балға, түйе мойын және т.б.

Мұнда бәлкім, кейбір кезде мағына бар да шығар.

Ру қандай да бір еңбек операцияларына, қарудың жекелеген түрлерін даярлауға, тұрмыстық заттардың бір түрін жасауға мамандануы мүмкін.



Надо полагать, что и берши когда-то, стремглав, скакали на врага с кличами «Берш!», «Есен!», «Кулкеш!», «Себек!», «Бегис!», «Каратокай!», «Жанбыршы!», «Жайык!», «Есенкул!».

...И уж совсем свою беспомощность проявляет шежира при интерпретации тамги, родового герба.

Тамга – искажённый вариант слова, его более точные написания – танба, танма. От слова таны – «узнавай».

Танма, танба (таныма, таныба) – глагол-императив и одновременно существительное.

Его переводы: 1.«Не узнавай» + 2. Знак, герб, печать, отличие.

Танба – язык графики и иероглифики одновременно.

Но его до сих пор не прочитали. Попытки были.


Одна из них – блестящая интерпретация и этимология Олжаса Сулейменова этнонима кипчак и его герба: две параллельные черты (два стилета, два ножа), отсюда: еки + пшак – екипчак - кипшак.

Но, к сожалению, интерпретация знаков, гербов в шежире страдает бытовизмом.

Печати родов очень часто отождествляются с бытовыми предметами: кочерга, шест, намордник, рубанок, костыль, привязь, крючок, петля, расчёска, сеть, пиала, молоток, верблюжья шея и т.д.

Где-то в этом есть, наверное, резон.

Род мог специализироваться в каких-то трудовых операциях, в изготовлении отдельных видов оружия, тех или иных предметов быта.



Бірақ та, барлығы бірдей субстратты, материалдық құбылыстарға келіп тірелмейді ғой.

Ал абстрактылы идеялар, түсініктер, сенім, ұғымдар, идеалдар және т.с.с. қайда?

Әлбетте, шежіреде кейбір белгілерді, мысалы, шеңберді, жарты айды анағұрлым асқақ түсіндіруге тырысушылық бар.

Шеңбер, тілдің барлық әлемдік графикалық жүйелеріндегі сияқты, – күн, құдырет.

Осы арада шежіре бұл белгіні «күн» сөзімен дәл береді, жарты ай да оларда «ай» деп оқылады.

Алайда, дәл сол күнді орталығындағы нүктесімен кездестірген кезде, бірден тұрмыстық деңгейге түседі: бұл белгіні олар тостаған (кесе, ыдыс) деп оқиды.

Ал енді оқырманды шаршатпай-ақ, «Хат тілімен» саяхатқа және О.Сүлейменовтің «Тюрки в доистории» еңбегіне жіберейін, мұнда дәл сол нүктесі бар шеңбер «күннің жеңілісі», оның «өлтірілуі», «айға табынудың» басы делінеді.

«Соғыс тілі» тақырыбын да қозғай кетейін.

Жауынгер бабаларымыз ру белгісі ретінде қару-жарақ түрлерін қалдырмауы мүмкін емес.

Бұл тұрғыда шежіре қарулық белгілерді жаман «оқымайды», олар: садақ, жебе, пышақ деген сияқты.

Бірақ найза, қылыш, балтаны оқу жоқ деуге болады.

Тек Балталы руының Р белгісі (бұл белгінің дәл берілуі емес) мәжбүрлікпен балта деп оқылған. Дәл осындай жағдай

Шанышқылы («найзагерлер») руының белгісіне де қатысты, бірақ ұшы бар сызықты найза деп оқудың орнына, шежіре оны шанышқымен ауыстыра салады.

Но не всё же сводится к субстратным, материальным явлениям.

А где же абстрактные идеи, представления, вера, понятия, идеалы и т.п.?

Есть, конечно, в шежире попытки дать более возвышенное объяснение знаков, например, круга, полумесяца.

Круг, как и во всех мировых графических системах языка, – солнце, божество.

Шежире здесь верно переводит этот знак словом «солнце», так же как и полумесяц читается им, как «луна».

Но, как только встречает тот же круг, но с точкой в центре, так сразу же впадает в бытовизм: этот знак читается им, как тостаган (пиала, чашка).

Не утомляя читателя, отправлю его в путешествие по «Языку письма» и к «Тюркам в доистории» О.Сүлейменова, где тот же круг с точкой есть уже «поражение солнца», его «убийство», начало «лунопоклонения».

Коснусь и темы «языка войны».



Воинственные предки не могли не оставлять в качестве родового знака именно виды оружия.

В этом отношении шежире неплохо «читает» оружейные знаки, как-то: лук, стрела, нож.

Но почти нет прочтения копья, сабли, топора.

Лишь вынужденно знак рода Балталы («топороносцы») прочтён, как топор: Р (не совсем точная передача мною знака).

То же самое относится к знаку рода Шанышқылы («копьяносцы»), но вместо того, чтобы читать черту с наконечником, как копье, шежире заменяет его острой.



Ал алдаспан қылыш – далалықтың маңызы жағынан садақ пен найзадан кейінгі үшінші орында тұратын қаруы қайда?

Өте ертеде, мысалы, Шеркеш руының таңбасы қылыш болған, осы тайпаның бір руы қазір Қылышкескен атауын иеленеді.

Тіпті кавказдық черкестердің құрамында Қылыш руы болған, бұдан М.Тынышпаев біздің шеркештердің Кавказ черкестерімен тереңде жатқан туыстық байланыстарын көреді.

Бұл туыстықтың негізінде бір кездері қылыш белгісіндегі герб болған.

Ал қазір енді жауынгер шеркештер шежіренің «арқасында» қарабайыр тұрмыстық «ілгек», «сырық» белгілерімен қанағаттануға мәжбүр.

Шежіреде «бұрыш» сөзімен түсіндірілетін белгі-вектор жиі қайталанатын. Бұл не?

Рудың өзін-өзі бұрышқа қоюы немесе бұрышқа тыққаны ма?

Бұл вектордың бағыттары әртүрлі, тіпті осының өзінде сакральді мән-мағына жатқан жоқ па? Мұндай сұрақтар шежіреде жетіп артылады.

Беріш тайпасының таңбасына келетін болсақ, мұнда жебе де, шежіре тұмар деп «оқитын» үш бұрыш та кездеседі, және «күннің өлтірілуі» (нүктесі бар шеңбер) белгісі де, Z белгісі де бар, мұны шежіре «түйенің мойны» деп анықтайды.

Бірақ соңғы белгіге деген малшылық көзқарас тым күмәнді.

Дәл осындай жетістікпен қияли шабыт қазақтардың тотемі аққуды да, намазға жығылған дененің де суретін салады.

Бұл белгі әлі де өзінің оқылуын күтеді.

А где сабля, третье по значимости оружие степняка, после лука и копья?

Давным-давно, например, род Шеркеш имел тамгой саблю, один из подродов этого племени носит сейчас имя Кылышкескен.

Даже кавказские черкесы имели в своём составе род Кылыш (сабля), в чём Тынышпаев видел глубинное родство «наших» шеркешев с черкесами Кавказа.

В основе этого родства лежал когда-то герб, - сабля.

А теперь же воинственные шеркешы «благодаря» шежире вынуждены довольствоваться прозаичными бытовыми знаками «крючок», «шест».

В шежире часто повторяется знак-вектор, который он объясняет словом «угол». Что это?

Что, род сам себя ставил или загонял в угол?


Направления этого вектора различны, нет ли даже в этом сакрального смысла? Таких вопросов к шежире немало.

Что же касается танба племени Берш, то здесь встречается и стрела, и треугольник, «прочтённый» шежире, как тумар (оберег), и знак «убийства солнца» (круг с точкой), и знак Z, квалифицируемый шежире, как «верблюжья шея».

Но скотоводческий взгляд на последний знак весьма сомнителен.

С таким же успехом воображение рисует и лебедя, тотема казахов, и позу молитвы на коленях.

Знак этот ждёт ещё своего прочтения.



Дәл солайша үш бұрышты да «геометриялық ізгі тілек» деп оқуға болады (бәлки, қажет те): «осы фигура сияқты мықты және орнықты бол», себебі геометриядағы үшбұрыш – ең берік, қатты, мықты фигура.

Бәлкім, «беріш» сөзінің мағыналарының біреуі - «денедегі қатау» екендігі тегін емес шығар (Тынышпаев бойынша).

Шежіреде белгілерді, таңбаларды қалай болса солай түсіндіруге тырысқаннан гөрі мүлдем түсіндірмей-ақ қойған дұрыс сияқты.

Олардың ақиқатқа лайықты оқылуына дейін жай ғана осы белгілерді бейнелеп қана қойған жөн. Оның үстіне, оларды шежірешілердің а priori (көрінеу жалған) түсіндіруі оларды интерпретациялаудың кез-келген өзге талпыныстарын жоққа шығарады, ойдың затқа «кірігуіне» кедергі келтіреді.

Алайда ақылдың ұшқырлығы сызбалардың, шежіре кестелерінің догмасы алдында жүрексінебейді.

Өзімнің + (крест) таңбасын, белгісін ашуға деген талпыныстарымның біреуін баяндайын.

Шежіре бұл белгінің қазақ тұрмысындағы аналогтарын таппағандықтан, Кете, Керей, Керейіт руларының рулық белгісін оқуда еріксіз интрига туғыза отырып, «крест» күйінде белгілей салады.

Себебі, «қалайша осы ру-тайпалар христиан болған?» деген сұрақ қойылуы әбден мүмкін.

Бірде Мұрат Мұхтарұлы Әуезов басқарған «Каспий: мұнай және мәдениет» экспедициясы кезінде Бекет-атаның бабаларының рулық иелігінде болған «Ақ-Мешітке» барған кезде, зираттағы қабір үстіндегі тастардан біз ұлы Даланың көптеген жерлерінде кездесетіндей тең қабырғалы крестердің бейнелерін ұшыраттық.

Так же и треугольник можно (и, наверное, следует) прочитать как «геометрическое пожелание»: «будь крепок и устойчив, как эта фигура», поскольку треугольник в геометрии – самая твёрдая, жёсткая, крепкая фигура.

Возможно, не случайно, что одно из значений слова «берш», - «затвердение в теле» (по Тынышпаеву).

Наверное, лучше в шежире вовсе не пытаться объяснять знаки, чем объяснять их как попало.

Просто изображать эти знаки, до их истинного прочтения. Тем более, объяснение их шежиристами, как бы, а priori (заведомо, изначально) отрицает любые другие попытки их интерпретации, мешает «вхождению» мысли в предмет.


Но пытливость ума не тушует перед догмами схем, таблиц шежире.

Изложу одну из своих попыток раскрытия тамги, знака: + (крест).

Шежире этот знак, не найдя аналогов в казахском быту, так и обозначает: «крест», невольно создавая интригу в прочтении родовых знаков родов Кете, Керей, Керейт.

Потому что невольно можно задаться вопросом: неужели эти роды-племена были христианами?

Посещая однажды «Ак-Мечеть», родовое имение предков Бекет-ата, во время экспедиции «Каспий: нефть и культура», возглавляемой Муратом Мухтаровичем Ауэзовым, на кладбищенских надгробных плитах мы обнаружили, как и во многих уголках великого Поля, изображения равносторонних крестов.



Бұл зиратта, адайлардан басқа өзге де алшындар жерленгені бізге белгілі: кетелер, ноғайлар...

Рулық таңба мен тарихи мәліметтерді біле отырып, жердің астында жатқан керейіттер де, керейлер де емес, дәл сол кетеліктер екенін аңғару қиын емес, өйткені сол жерде, Ембінің жағасында 19 ғасырда адайлар мен кетелердің ру аралық тартыстары болған, соңынан ол бітім жасаумен және құдаласумен аяқталған.

Исатай Таймановтың өзі осы бітімгершілікке қатынасқан.

Міне, мен бұл белгіні өзімше оқуға талпындым...

Ақ-Мешіт құлпытастарындағы крестер

КРЕСшімін мен, бұл - КүРес,
қазақша күрес — мәңгілік үлес.
Менің түркі бабамның да,
Еншісіне тиген бұл күрес - «+».


Екі семсер айқыш-ұйқыш
иықтан шапты - тең түсті.
Мәңгілік күресте жоқ таза жеңіс,
әлемді де ұстап тұр күрес.

Нышандағы төрт тарабы әлемнің
өсиеттей бірін-бірі тұр тіреп:
Солтүстікті, оңтүстік пен ост, вест
оғыстырған осы белгі – дәл (крест).

Христан бұрын кресті салған бұл дала
түзу үстін сызған сызық айқара.
Екі түзу бір-бірімен тепе-тең
нышанына айналыпты сенімнің.

Христосты керген емес креске, -
«Т» әрпінде созылмап па ед денесі.
Тылсым сыры белгі, нышан, сөздердің
жүз голгофа жетер емес түбі осы.

Бұл мәңгілік, теңдік, күрес белгісі.
Крест – тәртіп, санаты мен реті.
Крестері – ақыл менен сананың,
шамшырағы адамшылық, ар-ойдың.
Жүрегімде ойып салған сол крест



Как известно, на этом кладбище, кроме адаев, похоронены и другие алшыны: ногаи, кете...

Зная родовую тамгу и исторические сведения, нетрудно было догадаться, что под землёй лежат именно кетинцы, а не керейты, а тем более керей, так как на той земле, на берегу Эмбы в 19 в. происходили межродовые распри адаев и кете, которые окончились перемирием и сватовством.

Сам Исатай Тайманов участвовал в этом миротворчестве.

Вот как я попытался по-своему прочитать этот знак...

Кресты на надгробьях Ак-Мечети

Я – КРЕСтоносец, ибо КуРЕС, -
борьба, по-казахски, - вечный процесс.
Тюрк, мой предок, по природе боец,
бой рисовал в форме: + («крест»).


Символ скрестил на себе два меча,
сплеча хоть рубили, получилась ничья,
в вечной борьбе нет чистых побед,
ведь на борьбе держится свет.

Все стороны света в символе этом
взаимосвязаны, словно заветом:
и север, и юг, и ост, и вест
соединяются в знаке том (крест).

Крест рисовали в степи до Христа,
прямую черту зачертила черта,
тоже прямая и равная с первой,
равенство стало символом веры.

Христос был распят не на кресте, -
тело распяли на букве «Тэ».
Таинство знаков, символов, слов
выше и глубже сотен голгоф.

Крест – знак вечности, равенства, боя.
Крест – категория всякого строя.
Крест – разума, нравов светоч и тест.
В сердце своём я вырезал крест...



Егер де менің оқыған нұсқам дұрыс болса, онда біздің бабаларымыз тұрмыстың тезінде текке өмір өткізбей, философиялық абстракциялар туғызғанын, онысын символдармен көлегейлегенін, оларды өздерінен «сауаттырақ» ұрпақтарының оқи алатынына үміттенгенін білдіреді.

Бірақ бұл ұрпақ әзірше тек «көбею кестесінің» догмаларын ғана жаттап жүр.

...Шежіренің тағы бір кемшілігі онда өзге де рулық атрибуттар: жалау, формалық киім, әнұран, марапаттар туралы мәліметтердің жоқтығы деп санаймын.

Әрбір рудың өз туы, байрағы, жалауы, штандарты болды.

Мысалы, Беріш руының жалауы Ағатай батырдың ала шұбар туы болған, оны Исатай Тайманов белгілі көтеріліс кезінде қағып әкеткен және өзінің сандығында сақтаған.

Формалық киім соғыста штандарт сияқты аса қажет болды.

Біз кейбір оғыздардың қыстыкүні қара бөрік, ал жазда қара қалпақ кигенін білеміз.

Қара Клобуктар, қарақалпақтар, - формалық киімнің арқасында олар дәл осылай тарихта қалды.

Адайларда формалық киімнің түсі қызыл болған. Олар әлі күнге дейін осы түске деген архаикалық әуестігін сақтап келе жатыр.

Беріштер сұр, қасқыр түсті киім киінді («Бері түсті боз беріш» деген бір кезде көнедегі қариялар).

Ал бүгінгі күні кім өзінің ежелгі формалық киімін немесе ең болмаса оның түсін есіне түсіре алады?

Бұл мәліметтерді шежірешілер сақтамағанда кім сақтауы тиіс?

Если моя версия прочтения верна, то значит, не только в быту прозябали предки, но и создавали философские абстракции, кодировали их в символах, надеялись на их прочтение более «грамотными» потомками.

Но эти потомки пока лишь заучивают догмы «таблицы размножения».

...Считаю, что недостатком шежиры является и отсутствие в нём данных и о других родовых атрибутах: флаге, форменной одежде, гимне, наградах.

Каждый род имел своё знамя, стяг, флаг, штандарт (ту, жалау, байрак).

Стягом, например, рода Берш было пёстрое знамя («ала шубар ту») батыра Агатая. Исатай Тайманов хранил его в своём сундуке и подхватил во время известного восстания.

Форменная одежда была необходима в бою, так же, как и штандарт.

Мы, знаем, что некоторые огузы носили зимой чёрные папахи, а летом чёрные колпаки.

Чёрные Клобуки, Каракалпаки, - так они и остались в истории, благодаря именно форменной одежде.

У адаев форменным цветом был красный цвет. До сих пор они сохранили архаичное пристрастие к нему.

В серый, волчий цвет рядились берши («Бури түсті боз беріш», - «Волчьего цвета серые берши» - изрекали когда-то древние старцы).

А кто теперь уже может вспомнить свою древнюю форменную одежду или хотя бы её цвет?

Кто, как не шежиристсы должны были сохранить эти данные?



...Ортағасырлық араб тарихшылары түркінің атты оркестріне қайран қалған: мұндай керемет көріністі олар түріктердің Жарты ай елдеріне келуіне дейін мүлде кездестірмеген.

Демек, бұл оркестрлер әскери гимндерді, марштарды орындаған.

Осыдан келіп, рулар да, әскери бөлімдер сияқты, өзінің гимніне, марштарына ие болуы әбден ықтимал деген ой туады. Өкінішке орай, олардың ұмытылғаны анық.

...Қазірде көптеген адамдар қазақтар әскери марапат ретінде батырларға тек ат, найза, шапан, әйел сыйлаған деп ойлайды.

Бірақ, осының бәріне қоса, ерекше ордендер, - бедерлі белбеулер болған екен. Бұл фактіні мен Шалкиіз жыраудың өлеңдерін аудару үдерісінде таптым:

Ойда қазақ көп жортса,
Беллерін күміспенен құрсар ма?!

деп ұлы жырау риторикалық сұрақ қояды

Осы түркілік дәстүр қазіргі заманғы әскери өнерде сақталғаны байқалады: бедерлі белбеулерді қазіргі кезде боксерларға тапсырады, шеберлік (дан) дәрежесін білдіретін түрлі-түсті белбеулер карате, айкидо, джиу-джитсу және басқа да жекпе-жектерде беріледі.

Шежірені тарихтың суррогаты деп атағым келмейді, онымен көптеген буын тәрбиеленді, оған қасиетті кітаптай қатты сенді.

Шежіре қажет, бірақ оны үнемі сыни түрде қайта қарау, тарихпен салыстыру аса қажет, өкінішке орай бұл кейде мүлдем жүргізілмейді.

...Арабские историки средневековья поражались тюркскому конному оркестру: такое зрелище они до появления тюрков в странах Полумесяца не встречали.

Значит, оркестры эти исполняли воинские гимны, марш.

Отсюда, вполне вероятно, что и роды, как боевые единицы, имели свои гимны, марши. Они, скорее всего, забыты.

...Ныне многим кажется, что в качестве воинской награды казахи дарили героям лишь коня, саблю, чапан, женщину.

Но, кроме всего этого, оказывается, были и своеобразные ордена, - инкрустированные пояса. Этот факт я нашёл в процессе переводов стихов Шалкииза:

«Коль казахи мельтешили б
мелкой рысью близ низин
то носили б пояс славы
из серебряных пластин?!?»

— риторически вопрошал этот великий жырау.

Примечательно, что эта тюркская традиция сохранилась в боевых искусствах современности: инкрустированные пояса ныне вручают боксёрам, пояса разных цветов, обозначающих степень мастерства (дан) присваивают в карате, айкидо, джиу-джитсу и других видах единоборств.

Не хочется называть шежиру суррогатом истории, ведь на нём воспитывались многие поколения, свято веря в него, как в священные книги.

Шежира необходимо, но его также необходимо критически переосмысливать, сверять с историей, что порой совершенно не проводится.



Дәл осы шежіренің жеті атадан ары қарай (кейде одан да ары) тарихқа қайшы келуі негізінде тарихты теріс қабылдау пайда болады.

Біздің жағдайымызда, нобайшылдық, осы нобайларды тарихи «тексерудің» болмауы, шежіренің догмалық ережелерін канондаушылық оқырмандардың (тыңдаушылардың) санасында Беріш тайпасы (басқа да қазақтың ру-тайпалары) тек жуырда ғана, Қазақ Хандығының тарихы басталған тұстан бері пайда болғаны туралы түсінік туғызады, ал бұдан әлдеқайда бұрын орыс жылнамашылары тынымсыз Бурчевичтер тайпасы туралы жазған, ал араб тарихшылары – Берж-оғлы руынан шыққан ұлы сұлтандар туралы жазбалар қалдырды.

Сол тарихшылар Қазақ хандығы пайда болғаннан көп бұрын хат бетінде қазақтың өзге де тайпаларын (Дурут-Тертробичтер, Йете-Итебичтер, Токсоба-Токсобичтер, Колоба-Колобичтер, Даи-Адайлар, Дулу-Дулат, Шеркеш-Черкестер және т.б.) сақтап қалды.

Бірақ осы авторлардың және шежірені оқушылардың догмалық түсініктері олардың басына тереңдеп кіріп алғаны соншалық, оларды сол жерден ешқандай «сойылдай» аргументтермен соғып шығара алмайсың.

Ал бұл қыңырлық – ұлттық тарихқа тікелей зиянкестік.

Осылайша, бабалар дәстүрін құрметтей отырып, шежіреде көрсетілген ата текті білудің қажеттілігін түсіне отырып, осы халықтық генеалогияның барлық ережелерін, әсіресе баяғыда өтіп кеткен дәуірлерге қатыстыларын мүлтіксіз қабылдай беруге болмайды.

Өзінің бүкіл кемшіліктерімен, біржақтылығымен және тіпті жалғандығымен қоса алғанда тарихнама деректері шежіреге қарағанда анағұрлым артық көрінеді.

Именно на основании антиисторичности шежире за пределами семи (иногда и более) колен и возникает ложное восприятие истории.

В нашем случае, схематичность, отсутствие исторической «поверки» этих схем, канонизация догматических положений шежире, формирует в сознании их читателей (слушателей) представление о том, что племя Берш (и другие казахские роды-племена) появилось лишь относительно недавно, лишь с началом истории Казахского Ханства, тогда как задолго до этого русские летописи писали о беспокойном племени Бурчевичей, а арабские историки - о великих султанах из рода Бердж-оглы.

Те же историки запечатлели на страницах письма и другие роды-племена казахов (Дурут-Тертробичи, Йете-Итебичи, Токсоба-Токсобичи, Колоба-Колобичи, Даи-Адаи, Дулу-Дулат, Шеркеши-Черкесы и т.д. и т.д.) задолго до формирования Казахского ханства.

Но эти догматические представления авторов и читателей шежире до такой степени вбиты в головы их, что никакими «дубинными» аргументами их оттуда не выбьешь.

А это упрямство - прямое вредительство национальной истории.

Таким образом, при всём уважении к традициям предков, необходимости знания родословной, отражённой в шежире, не следует принимать все положения этой народной генеалогии безоговорочно, в особенности те, которые относятся к давно прошедшим временам.

При всех своих недостатках, тенденциозности и даже лживости, сведения историографии, по сравнению с шежире, предпочтительнее.

Себебі біріншісі хронологияны ерттеп мініп, тарихи дереккөздердің, география, топонимика, антропонимика, лингвистика және т.б. ғылымдардың тоғысында отыр, ал екіншісі уақыт жарымжан қылған аяғынан ақсап келеді

Ибо первая сидит на коне хронологии, исторических источников, стыка наук, географии, топонимики, антропонимики, лингвистики и т.д., а вторая хромает на искаленной временем ноге.



БАЙҰЛЫ ДЕГЕН «KIM» немесе «HE»?

(тілдік, ал кейіннен тарихи сипат алған қателік жайлы)

Тіл – айнаымалы бастау. Көптеген сөздер тарих барысында түрін өзгертеді...

Бұл түркілердің рулық (тайпалық) атауларына да қатысты.

Мысалы, Байұлы – қазақ этносының құрамындағы ру-тайпалық құрылым, оның құрамын біз алдыңғы мақалада атап көрсеттік.

Рулық атау, әдетте, сонымен бір уақытта адамның (рудың негізін қалаушының) есімі болып табылады.

Тайпалық атау да индивидтің есімі болуы мүмкін, егер де қандай да бір күшейген ру өзінің құрамына басқа ру-тайпаларды қосып алған жағдайда (мысалы, Қыпшақ, Оғыз, Селжүк).

Бірақ жіктеудің өзге де критерийлері бар.

Мысалы, түркілер әртүрлі коалициялар, конфедерациялар, әскери альянстар, блоктар, фратриялар құра отырып, оларды құрамдас бөліктерінің санына қарай атаған («он оқ бұдын», «тоғыз-оғыз», «тоқсаба», «қолоба», «төртоба», «жеті» және т.б.).

Бұл құрамалардың элементтері өзара берік байланысқа, тұтастыққа ие болуы үшін олар «оқ», «оба», «бума» (мысалы, «динлин бума»), «бау» (92 баулы қыпшақ), «қос» (қосоқтар), «уыс» (мысалы: оқ + уыс = оғыз, осыдан орыстың «узы» деген сөзі шыққан), «бодун» деген терминдерді пайдаланған.

Ежелгі түркілік «бодун» терминін («будун») түркологтар халық деп аударады. Ал егер біз байланыстың дәл сол қағидасын ұстансақ қалай болады: будун (қазақша бүтін) – ажырағысыз, «жарылмаушылық», бүтіндік?

«КТО» ТАКОЙ или «ЧТО» ТАКОЕ БАЙУЛЫ?

(об одной языковой, а затем ставшей исторической, ошибке)

Язык – изменчивое начало. Многие слова в ходе истории видоизменяются...

Это касается и родовых (племенных) имён тюрков.

Например, Байулы – родоплеменное образование в составе казахского этноса, состав которого мы уже выделили в предшествующей статье.

Родовое имя, как правило, одновременно является именем человека (родооснователя).

Племенное имя тоже может быть именем индивида, в том случае, когда какой-то усилившийся род присоединяет в свой состав другие роды-племена (например, Кипчак, Огуз, Сельджук).

Но существуют и другие критерии классификации.

Например, тюрки, создавая различные коалиции, конфедерации, военные альянсы, блоки, фратрии, именовали их по количеству составных частей («он ок бодун», «тогуз-огуз», «токсоба», «колоба», «тёртоба», «жети» и т.д.).

Чтобы элементы этих формирований имели между собой крепкую связь, сплочённость, они использовали такие термины, как «ок», «оба», «бума» (связка, например, «динлины бома»), «бау» («92 баулы кыпшақ»), «кос» (косоги), «уыс» (например: ок + уыс = огуз, отсюда и русское «узы»), возможно, «будун».

Древнетюркский термин «бодун» («будун») тюркологи переводят, как народ. А что если здесь мы имеем тот же принцип связи: будун (сравни казахское бүтін) – неразрывность, «не расщеплённость», цельность?



Осы тарихи фактілер Байұлы деген этноним де, ең дұрысы, қандық-туыстық тайпа емес, әлеуметтік-әкімшілік құрылым (блок, тайпалар мен рулардың коалициясы) деген ойға жетелейді, ал оның атауына дәл сол «бау» деген «біріктіруші», байланыстырушы терминнің қатысы бар.

Бау – байланыс, байланған, буылған, тартылған нәрсе.

Мысалы, бір бау астық, бір буда жебе.

Бір нәрсемен байланған зат (мысалы, жіппен, белбеумен, туыстық, қандық, әлеуметтік немесе келісім-шарттық байланыспен).

Мұндай жағдайда, біз қарастырып отырған этноним Байұлы (әйтеуір бір Байдың ұлдары) емес, «12 ата Баулы» деп жазылатынын мойындауға тиіспіз.

Сөйкесінше, бұл сөз тіркесі тұтасымен «әртүрлі ата-бабадан тараған 12 тайпаның одағы» деп аударылады.

Салыстыратын болсақ: **92 Баулы Қыпшақ, 7 Баулы Беріш.**

Байұлы – тілдік (ал кейіннен тарихи және ономастикалыққа айналған) **қателік.**

Біріншіден, тарихта бұл тайпаның Бай есімді біртұтас негіз қалаушысы болған емес.

Екіншіден, 12 санының атап көрсетілуі тегін емес, яғни әртүрлі құрамдас элементтердің мөлшері, және Ата сөзі, яғни тайпаның негізін қалаушылардың генетикалық әркелкілігі.

Ең соңында, «12 ата Баулы» атауы бұл этникалық белгілеу емес, керісінше Қазақ Хандығының қалыптасуы тұсында құрылған географиялық, әкімшілік, әскери институт екендігін дәлелдейді.

Эти исторические факты наводят на мысль, что и такой этноним, как Байулы, скорее всего, не кровнородственное племя, а социально-административное образование (блок, коалиция племён и родов), а в его названии участвует тот же самый «соединительный», связывающий термин «бау».

Бау – завязка, нечто перевязанное, перетянутое, завязанное.

Например, сноп злаков, пук стрел.

Нечто, перетянутое чем-то (например, верёвкой, ремнём, родственными, кровными, социальными или договорными узами).

В таком случае, мы должны признать, что рассматриваемый нами этноним пишется, как «12 ата Баулы», а не Байулы (сыны какого-то Бая).

Следовательно, словосочетание в целом переводится как «союз 12 племён, произошедших от разных прародителей».


Для сравнения: **92 Баулы Кыпшақ, 7 Баулы Беріш.**

Байулы – языковая (а затем ставшая исторической и, соответственно ономастической), **ошибка.**

Во-первых, в истории не было единого основателя этого племени по имени Бай.

Во-вторых, не случайно подчёркивается цифра 12, т.е. количество различных составных элементов, и слово Ата, т.е. генетическое различие основателей племён.

Наконец, имя «12 Ата Баулы» доказывает, что это не этническое обозначение, а географический, административный, военный институт, образованный во время формирования Казахского ханства.



Оған қоса, бұл ата тек осындай қуатты және кең таралған ұрпақтың негізін қалаған екен, - онда ол Оғыз-хан, Қыпшақ, Қимақ сияқты аса көрнекті тарихи тұлға болуы тиіс еді.

Алайда тарихта мұндай есім жоқ (ежелгі сына тастарда БАЙерку деген жақын этноним бар, бірақ оның біз іздеген есімге қатысы бола қоярма екен).

Тарих, карта колодасы сияқты, мыңдаған жылдар бойы даланың жауынгер ру-тайпаларын мидай араластырды, олар бірде дербес өмір сүрді, бірде өзге түркі және тіпті бөтен этникалық құрылымдардың құрамына қосылды, сіңіп кетті немесе олардан тармақталып шықты және жаңа бірлестіктер құрды.

Осылайша, түркілер басқа этностардың тарихшыларын ғана емес, өздерін де әбден шатастырды.

Бірақ біздің ата-бабаларымыздың кейбір іздерін әлі де табуға болады.

Сол 12 рулық блоктың құрамынан шыққан көптеген ру-тайпалар Кіші Жүздің өзге де ру-тайпаларымен бірге өздерін Кіші емес, Ұлы Жүз деп көрсете отырып, бір кездері қазіргі Моңғолияның, Алтайдың, Сібірдің территориясында өмір сүрді.

Олардың осы жерлерде қалған іздері топонимдердің (өзен, көл, тау атаулары) және қытайлық жылнамалардың көмегімен оқылады. Бұл туралы біз жоғарыда жаздық.

Бұл жалаң айтылған тұжырымдар емес, олар Мөде (Оғыз хан) ханның ұлы Кушу (Ересен) билігі кезеңінде бұл рулар хуннуларға қарсы көтеріліс жасаған, оны басып-жаншу нәтижесінде олардың бір бөлігі Тянь-Шань тауының арғы бетіне шегінді, ал содан кейін біртіндеп Үстірт, Арал, Каспий аймақтарына көшкенін атап көрсеткен қытай дереккөздерімен дәлелденеді.

К тому же этот предок, коли, он основал такое мощное и распространённое потомство, - должен был быть выдающейся исторической личностью, как Огуз-хан, Кипчак, Кимак.

Но в истории этого имени нет (есть древний приблизительный этноним из каменных рун БАЙерку, но вряд ли он имеет какое-то отношение к искомому имени).

История, как колоду карт, тысячелетиями перемешивала воинственные степные роды-племена, они жили то самостоятельно, то вливались в состав других тюркских и даже иных этнических образований, растворялись или отпочковывались от них и создавали новые объединения.


Таким образом, тюрки запутали не только историков из других этносов, но и самих себя.

Но некоторые следы наших предков мы всё же можем обнаружить.

Так, многие роды-племена из того же состава 12 родового блока вместе с другими родами племенами Младшежужья жили когда-то на территории нынешней Монголии, Алтая, Сибири, представляя собой не Младший, а Старший Жүз.

Следы их пребывания в этих местах читаются через топонимы (названия рек, озёр, гор) и посредством китайских летописей. Об этом мы писали выше.

Это не голословные утверждения, они подтверждаются китайскими источниками, отмечавшими, что во время правления Кушу (Ересена), сына Мөде (Огуз-хана), эти роды подняли восстание против хунну, в результате подавления которого часть из них отступила за пределы Тянь-Шаня, а затем постепенно мигрировала в районы Устюрта, Арала, Каспия.



Ыстықкөлдiң жағалауында, мысалы, олар сол жерде енисейлiк қырғыздар пайда болғаннан көп бұрын өмiр сүрген.

Сол уақыттың жаңғырықтары халықтың түпкi санасында қалып қойған.

Мысалы, ысықтар мен шеркештер өздерiн этникалық жағынан өте жақын санайды, дегенмен мұны ешкiм тарихи түрде растай алмайды.

Бiрақ осының өзi қазiргi Байұлының субэтникалық емес, бүгiнгi бiздiң облыстық, аудандық бiрлiктер тәрiздi әкiмшiлiк-аймақтық негiзде құрылғанын бiлдiредi.

Кейiннен осы «баулылар» барлық «халықтардың қоныс аударуына» қатынасады, Едiлдiң жасағында соғысады, 92 баумен байланған қыпшақтардың бiр бөлiгiн құрайды, iшiнара Парсыға, Византияға, Римге, Руське қарсы соғысты, кейде жалдамалылар ретiнде олардың құрамында да болды.

Қазақ хандығының құрылуы тұсында оларды этностың тайпалық емес, бiртұтас әкiмшiлiк құрамына бiрiктiрдi, ең дұрысы, «12 ата баулы» атауымен кiрген - арғы тегi бөлек, әрқайсының өз ата-бабасы бар 12 рудың будасы.

Лингвистикалық iзденiстер де осы тұжырымның пайдасына сөйлейдi.

Тiлдегi «бау» терминi көбiнесе «беу», «бай» сөздерiмен негiзсiз ауыстырылды.

Мысалы, бiз белБЕУ деймiз, ал бұл зат белБАУ – белдi баумен байлау дегендi бiлдiредi.

На берегах Иссык-куля, например, они жили задолго до появления там енисейских кыргызов.

Отголоски этих времён отложились в подсознании народа.

Например, ысыки и шеркеши считают себя очень близкими этнически, хотя никто уже не может подтвердить это исторически.

Но уже это говорит о том, что нынешнее Байулы было создано не на субэтнической, а административно-региональной основе, как нынешние областные, районные единицы.


Затем эти «баулинцы» участвовали во всех «переселениях народов», воевали в войсках Атиллы, составляли части кипчаков, связанных 92-мя узами (бау), частично воевали против Персии, Византии, Рима, Руси, иногда в качестве наёмников - за них.

При формировании Казахского ханства их объединили в единый не племенной, а административный состав этноса, скорее всего, под названием «12 ата баулы», - «связка 12 родов, имеющих своих предков», но не имеющих единого пращура.

В пользу такого толкования говорят и лингвистические изыски.

Термин «бау» в языке часто и необоснованно заменился словами «беу», «бай».

Например, мы говорим белБЕУ (ремень), тогда как этот предмет есть не что иное, как белБАУ (бел, - поясница, бау – завязка).



Сол сияқты БАУлау дегеннің орнына біз бұрыннан БАЙлау деп айтамыз және жазамыз, БАУлам емес, БАЙлам, БАУланыс емес, БАЙланыс дейміз, БАУпақ (аяққа оралатын киіз шұлық) емес, БАЙпақ, БАУымдау емес, БАЙымдау (өзара байланысқан, қисынды тілмен сөйлеу), БАУқұс (бейшара, дәрменсіз, бау + құс тіркесінен – бауланған құс) емес, БАЙғұс, БАУқағыш (өте сақ, ауды, тұзақты, тосқауылды тауып, көзін жоятын) емес, БАЙқағыш және т.б.

Бұл мысалдар – тілдегі сөздердің мағынасын бұрмалаған сипаттық өзгерістер.

БАУұлы мен БАЙұлы да осы модельдік қатардан шығады.

Соңғы сөздегі созылыс түркілерге тән «ау» дифтонгін бұзатын жасанды түрде құрылған «айу» трифтонгінен де байқалады.

Біз ұсынған болжамды талассыз дәлелдеу үшін тағы да фактілер мен аргументті түйіндердің бұдан да толық жинағы керек.

Қалай болғанда да, 12 құрамдас тұтастықты құрайтын ру-тайпалардың тығыз байланысы өзінің қазақ этносы құрамындағы тарихи тағдыры мен миссиясын дәлелдеп берді.

Одан өз қызметін ұлтты ұйыстыруға, оның бостандығы мен тәуелсіздігіне, әлемнің бүкіл халықтарынан құралған отбасындағы терезесі тең болашағына бағыттаған атақты батырлар мен жыраулар, композиторлар мен ақындар, билеушілер мен ойшылдар шықты.

Так же мы произносим и давно пишем БАЙлау, а не БАУлау (завязывать), БАЙлам, а не БАУлам (связка), БАЙланыс, а не БАУланыс (связь), БАЙпак, а не БАУпак (войлочные чулки, наматываемые на ноги, опутывающие их), БАЙымдау, а не БАУымдау (произносить взаимосвязанную, логически цепкую речь), БАЙгус, а не БАУкус (бедняга, беспомощный, от словосочетания бау + кус, - опутанная птичка), БАЙкагыш, а не БАУкагыш (осторожный, обнаруживающий и устраняющий петли, силки, засаду) и т.д.

Эти примеры – характерные изменения в языке, которые исказили смысл слов.

Из этого же модельного ряда БАУулы и БАЙулы.

Натяжка в последнем слове улавливается и в искусственно созданном трифтонге «айу», нарушившим характерный тюркам дифтонг «ау».

Чтобы уже неопровержимо доказать выдвинутую нами гипотезу, нужен ещё более полный набор фактов и аргументированных выводов.

Как бы то ни было, но тесная связь родов-племён, составляющих 12 компонентное единство, доказало своё историческое предназначение и миссию в составе казахского этноса.

Из него вышли знаменитые батыры и жырау, композиторы и поэты, правители и мыслители, направлявшие свою деятельность на сплочение нации, её свободу и независимость, равное будущее в семье всех народов мира.

ЖАҢАРУ МЕН ТЕНДІКТІҢ, СИММЕТРИЯ МЕН ГАРМОНИЯНЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

ТӘҢІРІ КҮНІ

Біздің ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен философиясы қайран қалдырады.

Ежелгі халықтардың барлығы дерлік астрономиялық білімдерге ие болды.

Олардың кейбіреуі бұл мәселеде жаңалықтар ашты, біреулері осы білімдерге еліктеді, қабылдап алды.

Біздің планетамыздың ең ежелгі математигі, астрономы, философы болғандардың бірі Заратустра (Zaratustra) болып табылады, ол тәңіршілдік атты тым ежелгі дүниетанымның (философия + ғылым + дін) негізін қалаушы немесе ағартушысы.

Ол нағыз түркілік Жаратушы (Негізін құрушы, Демиург) есімін иеленді.

Оған қоса, оның шамамен 3,5 мың жыл бұрын Ра (Волга) өзенінің жағалауында дүниеге келгені түркілік шығу тегінің жанама дәлелі болып саналады.

Ол біздің жерлесіміз десек те болады.

Ежелгі далалық ағайынды Шамбала мен Агарты бақсылар, Сакхамун данышпан («сақ адамы», Будданың өзі), сахарада туып, бірақ кейіннен дүниені ағарту үшін шарлап кеткен Анахарызы мен Токсары даналар (гректер оларды Анахарсис, Токсарис, Токсарид деп атады) сияқты Жаратушы да ежелгі дүниенің көптеген түкпірлерін аралап, өмірінің соңғы жылдарын Парсы елінде өткізді.

Егер де Будда ілімінің шеруі Үндістаннан, ал Анахарсисікі – Грекиядан басталса, ал Заратустра ілімінің манифестациясы дәл осы Парсыдан басталды.



ВЕЛИКИЙ ДЕНЬ ОБНОВЛЕНИЯ И РАВЕНСТВА, СИММЕТРИИ И ГАРМОНИИ

ДЕНЬ ТЕНГРИ

Поразительно древнее мировоззрение и философия предков наших.

Почти все древние народы обладали астрономическими знаниями.

Кто-то из них в этом плане совершал открытия, кто-то эти знания перенимал, заимствовал.

Одним из тех, кто был самым древним математиком, астрономом, философом нашей планеты является Zaratustra (Заратустра), основатель или просветитель древнейшего мировоззрения (философии + науки + религии) под названием тенгрианство.


Он носил вполне тюркское имя: Жаратушы (Создатель, Основатель, Демиург).

Кроме того, косвенным доказательством его тюркского происхождения является то, что он родился на берегах Ра (Волги) приблизительно 3,5 тысячи лет тому назад.

Можно сказать, что он наш земляк.

Как древние степные шаманы, братья Шамбала и Агарты, как мудрец Сакхамун («сакский человек», он же – Будда), мудрецы Анахарызы и Токсары (греки называли их Анахарсис, Токсарис, Токсарид), родившиеся в степи, но затем ушедшие по миру, чтобы просвещать его, Жаратушы прошёлся по многим уголкам древнего мира, проведя последние годы жизни в Персии.

Если шествие учения Будды началось с Индии, а Анахарсиса - с Греции, то манифестация учения Заратустры началась именно с Персии.



Осы негізде Будданы жаңсақтықпен үнділік деп, Заратустраны – ирандық деп, ал Шамбаланы – тіпті адам емес, жұмбақ ел немесе ілім деп санайды.

Анахарызы мен Тоқсарының «жолы болыпты», өйткені көптеген гректің жазушылары олардың Каспий жағалауынан екенін, киіз үйлерде тұратынын, «бие сауып», «қымыз ішетінін» айтып, олардың шығу тегін хат бетінде дүркін-дүркін нығарлап жазып кетті (Геродот, Страбон).

Zaratustira көрнекті адам болды, оның осындай құдыретті есімді иеленуі тегін емес, және де XIX ғ. немістің ұлы философы Фридрих Ницше жоғарғы ақиқатты және ең көрнекті ежелгі білімдердің иесін іздеу барысында дәл осы Заратустраның тұлғасы мен іліміне бет бұруы да бекер емес.

Ол ежелгі ғұламаның ойлары мен дүниетанымына жақындауға тырысты, өзінің «Заратустра осылай деген» атты трактатын да соның атынан баяндады.

Оның есімін әртүрлі атайды: Заратуштра, Зороастр, Зардош, Заратустра, Зораты.

Бірақ күн мен түн ұзақтығының теңдігін (тәуліктің «ортасы», «орталығы») есептеудің, теңелудің (көктемгі және күзгі) және көктемгі күн теңелуі жаңа жылдың басы екендігін дәл анықтаудың «авторлығын» дәл соған береді.

Бұл күн 22 наурызға келеді.

Түркілердің ата-бабалары бұл айды көкік (не көкек, ал Көк сөзінен – Аспан, Құдай), моңғолдар – шаған, буряттар – сансара, қытайлықтар – мэн-чунь, гректер – партих, парсылар – науруз деп атаған.

Бұл күн жер бетінде Хуанхе мен Сахалиннен Жерорта теңізіне дейін атап өтілетін ең ежелгі мейрамдардың біріне және ұлы мерекеге айналды.



На этом основании Будду ошибочно считают индийцем, Заратустру – иранцем, а Шамбалу - даже загадочной страной или учением, а не человеком.

«Повезло» Анахарызы и Токсары, поскольку многие греческие писатели многократно застолбили их происхождение на страницах письма, установив, что они из скифов Прикаспия, живущих в кибитках и юртах, «доющих кобылиц» и «пьющих кумыс» (Геродот, Страбон).

Zaratustira был выдающимся человеком, не зря он носил такое божественное имя, и не зря в поисках высшей истины и носителя самых выдающихся древних знаний великий немецкий философ XIX в. Фридрих Ницше обратился к личности и учению именно Заратустры.

Он пытался вжиться в мысли и мировоззрение древнего титана, от его имени вещал в своём трактате «Так говорил Заратустра».

Его называли по-разному: Заратуштра, Зороастр, Зардош, Заратустра, Зораты.

Но именно ему присваивают «авторство» вычисления равенства протяжённости дня и ночи («середины», «центра» суток), равноденствия (весеннего и осеннего) и абсолютно точного установления, что день весеннего равноденствия и есть начало нового года.

Этот день падает на 22 марта.

Предки тюрков называли этот месяц көкік (не көкек, т.е. кукушка, а от слова Көк – Небо, Бог), монголы – шаган, буряты – сансара, китайцы - мэн-чунь, греки – партих, персы – науруз.

Этот день превратился в великий и один из самых древних праздников, отмечаемых на земле от Хуанхе и Сахалина до Средиземного моря.



Христостың туғанына дейінгі 1,5 мың жыл, сондай-ақ исламның, грегориан күнтізбесінің пайда болғанынан шамамен 2 мың жыл бұрын, бүкіл әлем Жаңа жыл мейрамы деп дәл осы 22 наурызды есептеді (және дұрыс есептеген, өйткені Заратуштра оны астрономия бойынша есептеп шығарған).

Олай болса, бұл мейрам көптеген адамдар ойлайтындай мұсылмандық емес, керісінше тәңірлік, тіпті мүлдем діни емес (дегенмен дін элементтері онда бар), ал ең алдымен, - натуралистік, табиғи ғылыми, дүниетанымдық және әлеуметтанулық.

Ол астрономиялық және математикалық жағынан Симметрия, Үйлесім, Теңдік күні болып табылады.

Бұл жаратылыстану білімін біздің бабаларымыз әлеуметтік, қоғамдық қатынастар саласына экстраполяция жасады (таратты немесе ауыстырды).

Жаратушының сакральді заңдары бойынша, тәңіршілдер жылына 7 мейрам өткізетін, олардың арасында ең көрнектісі Ұлыстың Ұлы Күні, әлеуметтік құрылымдардың (рулардың, державаның, ұлттардың) Бірігу Күні, индивидтер мен тұлғалардың, халықтар мен этностардың, жыныстар мен нәсілдердің, дәулеттілер мен кедейлердің Теңдігі Күні болды.

Бұл күні, көшпелілердің дүниетанымына сәйкес, қоғам мен адамдарды қоса алғанда мәңгілік өмір жаңарады.

Осылайша, бұл күнді Жаңарудың Ұлы Күні деп атауға болады. Бұл дәстүрді Заратустра парсылар арасында дәлелдеп, уағыздады, олар бұл күнді қабылдап, Науруз деп атады.

За 1,5 тысячи лет до рождества христово, почти за 2 тысячи лет до появления грегорианского календаря, а также ислама почти весь мир праздником Нового года считал (и правильно считал, т.к. Заратуштра сосчитал его астрономически) именно 22 марта.

Следовательно, праздник этот не мусульманский, как об этом думают многие, а тенгрианский, даже не сугубо религиозный (хотя элементы религии в нём присутствуют), а, прежде всего, - натуралистический, естественнонаучный, мировоззренческий и социологический.

Астрономически и математически он является Днём Симметрии, Гармонии, Равенства.

Это естественнонаучное знание предки наши экстраполировали (распространили или перенесли) в сферу социальных, общественных отношений.

По сакральному установлению Жаратушы, тенгрианцы проводили в году 7 праздников, среди которых самым выдающимся был Ұлыстың Ұлы Күні (Великий День Улуса), День Сплочения социальных образований (рода, державы, нации), День Равенства индивидов и личностей, народов и этносов, полов и рас, имущих и не имущих.

В этот день, согласно мировоззрению кочевников, обновлялся вечный мир, включая общество и людей.

Таким образом, его можно называть и Великим Днём Обновления. Эту традицию доказывал и проповедовал Заратустра в среде персов, которую они приняли, назвав этот день Наурузом.



Ерте орта ғасырлар кезеңінде сахараға ислам жорығының басталуы, сондай-ақ онымен бірге араб-парсы мәдениетінің енуіне орай түркі тайпалары мен державалары көкік күнінің орнына наурыз күнін тойлай бастады.

Көкіктің күнтізбедегі екінші ай болуына астрономия да ықпал етті.

Көктемгі күн теңелуінің абсолютті уақыт нүктесі (сағат, минуттар, секундтар) жоқ, оның «куранттар соғуы» жыл сайын өзгереді.

Бұл Күн мен Зодиак жұлдыздарының арақатынасы үнемі өзгеріп отыратынына және әрбір 70 жыл сайын 1 градусқа жылжитынына байланысты.

Соның нәтижесінде жылдың бірінші айы 22 наурызда келеді және 21 сәуірде (көкікте) аяқталады. Біз екінші айдың екі атауға ие екенін көріп отырмыз, дегенмен бұл тарихи атаулар – кейінгі екі айдың атаулары.

Түркілер бірінші айдың атауын сақтап қалды (дұрыс емес болса да), бірақ парсы мәдениетінің ықпалымен оған «қысым жасап», екінші орынға ауыстырды.

Астрономиялық жағынан түркілердікі анағұрлым дұрыс, себебі бірінші айдың көп уақыты (22 күні) дәл осы сәуірге келеді, ал оның 8 күні ғана наурызға тиесілі. Көкік айын сәуірдің емес, наурыздың синонимі ретінде қолданған жөн болады.

Сол себептен, біздің жылдың бірінші айының тарихи атауын қайтаруға – наурыз емес, көкік немесе көктің айы, сондай-ақ Христтің атымен байланысты қабылданған толығымен діни жыл санауы григориандық күнтізбенің орнына ғылыми түрдегі байырғы тәңірлік күнтізбені қолдануға қақымыз бар.

Во времена раннего средневековья с проникновением в степь нашествия ислама, а вместе с ним арабско-персидской культуры, тюркские племена и державы, вместо дня көкік стали праздновать день науруза.

На то, что көкік стал вторым месяцем календаря, повлияла и астрономия.

Весеннее равноденствие не имеет абсолютной точки времени (часа, минуты, секунды), «бой его курантов» ежегодно меняется.

Это зависит от того, что соотношение Солнца и звёзд Зодиака постоянно изменяется и через каждые 70 лет смещается на 1 градус.

В результате этого первый месяц года наступает 22 марта и завершается 21 апреля (көкік, сәуір). Мы видим, что второй месяц имеет два названия, хотя исторически эти названия – имена двух последовательных месяцев.

Тюрки сохранили название первого месяца (хотя и неверное), но под влиянием персидской культуры «выдавили», переместили его на второе место.

Астрономически более правы тюрки, так как большее время первого месяца приходится именно на апрель (22 дня), тогда как лишь 8 дней его приходится на март. Вернее будет употребление месяца көкік как синонима науруза, марта, а не апреля.

Так что, мы будем правы, если вернём историческое название первого месяца года – көкік или көктің айы, а не науруз, а также вместо григорианского календаря будем пользоваться исконно тенгрианским календарём, который научен, а не полностью религиозен, как принятое летоисчисление, связанное с именем Христа.



Біздің төбеміздегі Аспанның туған күні индивидтің туған күніне қарағанда маңыздырақ, ол индивид тіпті Құдайдың атымен жарияланған болса да мейлі.

Азиаттар Христан анағұрлым бұрын Құдайдың атымен жарияланған болса да, күнтізбені Будданың туған күнінен бастап енгізуге тырысқан жоқ қой.

Алайда, мұндай ойлар ғылымға сүйенген әрі ақиқат болса да, дегенмен, білімнің сенімді жеңетін мезгілі әлі де бой көрсетер емес.

Бірақ біз адамзаттың тарихи қателіктерін, адасулары мен «ауытқуларын» алдымен білуге тиіспіз, содан кейін оларды жөндеп, түзетуге міндеттіміз.

Бір заманда, ғылым Жердің Күнді айнала қозғалу фактісін дәлелдеген кезде, біз геоцентрлік түсініктерімізді гелиоцентрлікке түзете алдық емес пе, ал оған дейін мыңдаған жылдар бойы біз керісінше ойлап келдік.

Сол себепті григориандық күнтізбенің де өмір сүруге деген ешқандай «астрономиялық құқығы» жоқ. Ол – сенімнің білімді жеңуінің уақытша нәтижесі.

Неліктен бұл айды көкек (құс) емес, көкік (көктің айы) деп атау қажет?

Көкек құсы көшпелілердің мәдениетінде ешқашан құрметті орын алған емес.

Оны ешкімнің суқаны сүймейді және жаратпайды.

Бәрінен бұрын, өз жұмыртқаларын бөтен ұяларға тастап кететін тасбауырлығы үшін жек көреді.

Ол қасиетті құс не тотем емес.

Мұндай құстарға сахарадағы қаз, аққу, бүркіт, сұңқар, қыран, қаршыға, қарлығаш, бәбісек және ең соңында, қарға жатады.

День рождения Неба над нами важнее, чем день рождение индивида, пусть даже объявленного Богом.

Не настаивали же азиаты ввести и вести календарь со дня рождения Будды, хотя и этот индивид был объявлен Богом намного раньше Христа.

Хотя эти рассуждения и научны, и истинны, но времени наступления победы знания над верой ещё не предвидится.

Но мы должны знать исторические ошибки, заблуждения и «перекося» человечества, чтобы затем их исправлять.

Сумели же мы исправить наши геоцентрические представления на гелиоцентрические, когда наука доказала факт вращения Земли вокруг Солнца, а не наоборот, как об этом думали тысячелетиями.

Поэтому никакого «астрономического права» на существование григорианский календарь не имеет. Он – результат временной победы веры над знанием.

Почему этот месяц следует называть көкік (көктің айы) а не көкек, (кукушка)?


Кукушка в культуре кочевников не заняла почитаемого места.

Её презируют и недолюбливают.

Скорее всего, из-за жестокосердия, которое заключается в подбрасывании своих яиц в чужие гнёзда.

Она не является священной птицей, тотемом.

Такими птицами в степи являются гусь, лебедь, орёл-беркут, ястреб, сокол, гриф, ласточка, угод, фазан и, наконец, ворон.



Олардың ішінде көктемнің, жаңа жылдың хабаршысы қара қарға (ұзақ) болып саналады.

Егер де отырықшы халықтарда қарға ұры (ұры сауысқан), құзғын, өлексешіл, «кәрі қарға» тәрізді жағымсыз эпитеттер туғызған болса, ал көшпелілердегі қарға – ұлы құс.

Ол тайпалар мен руларға атау болған неше түрлі синонимдерге ие: хусгун (тувалықтарда), суар (якуттарда), қарға (шорлар мен керейлерде).

Тіпті солтүстікамерикалық үндістерде кейбір тайпалар қарғаны ел деген сөзбен атап, оны барлығының жаратушысы, құдай деп санайды.

Башқұрлар, барабалық және чулымдық татарлар жылдың көктемгі айын қарға айы деп атайды.

Сондай-ақ саяндықтар, алтайлықтар, шорлар мен тувалықтар көктем мерекесін қарға белгісімен атап өтеді, бұл күнді осы құстың неше түрлі есімдерімен атайды.

Осылайша, Ұлыстың Ұлы Күнін және бірінші айды, бәрінен бұрын, көкектің емес, Қарғаның күні (айы) деп атауға болады екен.

Бірақ басқа бір қызықты нұсқа да бар: сәуір қарғаның ежелгі бір атауы суар-дан шыққан жоқ па екен?

Егер бұл болжам дұрыс болса, онда қарға айы аспан күнтізбесіндегі екінші орынға жылжиды, ал бірінші орында Аспанның, Ғарыштың (Көк) және жап-жасыл жердің (көк шөп) бірлескен мейрамы – көк айы, көкік, көк-көк әдеміленіп бой көрсетеді.

Из них предвестником весны, нового года является ворон (грач).

Если ворон у осёдлых народов породил такие нелицеприятные эпитеты, как вор (сорока-воровка), вороньё, падальщик, «старая карга», то ворон у кочевников – великая птица.

Он имел разнообразные синонимы, которыми назывались племена и роды: хусгун (у тувинцев), суар (у якутов), карга (у шорцев и кереев).

Даже у североамериканских индейцев некоторые племена, называя ворона, словом ел, считают его создателем всего, богом.

Башкиры, барабинцы и чулымские татары весенний месяц года называют месяцем ворона (қарға айы).

Отмечают весенний праздник под знаком ворона также саянцы, алтайцы, шорцы и тувинцы, называя этот день разными именами этой птицы.

Таким образом, Великий День Улуса и первого месяца, скорее всего, можно называть днём (месяцем) Ворона, а не кукушки.

Но есть и другая интересная версия: не от древнего ли названия ворона суар происходит сәуір (апрель)?

Если предположение это верное, тогда месяц ворона сместится на второе место в небесном календаре, а на первом месте будет красоваться көк айы, көкік, көк-көк, совместный праздник Неба, Космоса (Көк) и озеленённой земли (зелень в языке тоже көк).

САХАРАДА ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУ ҚАЛАЙ ӨТКЕН

Ежелгі дәстүрлерге сәйкес төңірікшілердің жаңа жылды қарсы алуы түн ортасында басталады.

Жаңа жылдың жаршысы Қызыр немесе Қыдыр атты көзіне түскен әппақ қалың қасы бар ақсақалды қария саналады.

Оған арайлап атқан таңды қарсы алу міндеті жүктелген. Ол түні бойы өзінің Бақ (Тағдыр, Бақыт) атты серіктерімен бірге даланы кезіп жүреді.

Егер де ол сияқты, таңды күтіп ұйқтамай жүрген біреулер алдынан кезіксе, қария ауыр қастарын көтеріп, алдынан шыққан адамға көз алмай қарайды.

«Егер осы түні Қыдыр атаны кезіктірсең, басыңа бақ қонады», - дейді халық.

Сондықтан адамдар, әсіресе жастар, бұл түні ұйқтамайды, ал ұйқтап қалмас үшін, - оны ойын-сауықпен өткізеді, осы әулие қариямен кездесу мүмкіндігін күтеді.

Осы дәстүрден көрініп тұрғандай, Қыдыр – Санта Клаустың, Аяз Атаның түпбейнесі және Аяз-Ата оның «көшірмесі».

Оны көптеген жүзжылдықтар өткен соң Еуропа алып пайдаланды және 2,5 мың жылдан кейін – Русь алды.

Батыс Жаңа жылды жарым түнде қарсы алуды да көшіріп алды.

Бірақ Шығыста түн ортасы күн мен түн теңелуінің астрономиялық рөлін ойнаса, ал Батыста ол – мазмұнсыз, жай ғана абстрактілі форма.

КАК ПРОХОДИЛА ВСТРЕЧА НОВОГО ГОДА В СТЕПИ

Согласно древним традициям встреча нового года тенгрианцев начинается в полночь.

Предвестником нового года выступает седобородый старец с густыми белыми бровями, ниспадающими на глаза, по имени Қызыр или Қыдыр.

На нём лежит миссия встречи утренней зари. Всю ночь он бродит по степи со своим поводырём по имени Бақ (Судьба, Счастье).

Если кто-то, так же как и он, бодрствующий в ожидании рассвета, попадает на его пути, старец тяжёло приподнимает свои брови и пристально смотрит на встречного.

«Если Қыдыром ты примечен, то и счастьем отмечен», - говаривали в степи.



Поэтому люди, в особенности молодёжь, в эту ночь бодрствуют, чтобы не уснуть, - проводят её в играх и развлечениях, ждут возможной встречи с этим чудотворным старцем.

Как видно из этой традиции, Қыдыр – прообраз Санта Клауса, Деда Мороза и «копии» Деда Мороза, - Аяз-Аты.

Его спустя многие столетия заимствовала Европа и через 2,5 тысячелетия – Русь.

Запад заимствовал и встречу Нового года в полночь.

Но если на Востоке полночь играла астрономическую роль момента равноденствия, то на Западе она – лишь абстрактная форма без содержания.



Көшіріп алудың тағы бір айырмашылығы мынада, яғни Санта Клаус пен Аяз сыйлықтар, яғни заттар үлестіреді, ал Шығыстағы Қыдыр-Ата – заттарды иеленудің «бақытын» емес, рухани игіліктер, теңқұқылық және дәл сондай рухани бақыт сыйлайды.

Затқа қызығушылық пен руханилықтың айырмашылығы үлкен мәнге ие.

Өзін әрдайым тәкаппарлықпен бүкіл жаңалықтың, ең озық және ең ежелгі нәрсенің бәрінің бастауы және орталығы деп санайтын Батыс өзінің осындай көшіріп алғандары туралы үндемей қалуды артық көреді.

Сахарада жаңа жылды жаппай қарсы алу туралы қытай және грек авторлары жазды.

Мысалы, грек тарихшысы Квинт Курций Руф (б.д.д. 1-ғасыр) «Александрдың жорықтары» кітабында бұл күні хақанның шатырының үстінде күннің бейнесі бар туды көтереді, жазық далаға жылдың 365 тәулігін бейнелейтін алқызыл киім киген 365 жігіт шығады деп хабарлайды.

Одан кейін даладағы авансценада абыз (бақсы) пайда болады және ол бүкіл халықтың атынан Аспанға жалбарынып, халықтың арман-тілектері мен өтініштерін қобыздың дыбысымен жеткізеді.

Бақсы 9 күй-әуен (мінәжат музыкасы) орындайды, содан кейін халық мерекені тойлауға кіріседі.

Другое же отличие в заимствовании состоит в том, что Санта Клаус и Мороз дарят подарки, т.е. вещи, а на Востоке Қыдыр-Ата – духовное благоденствие, равноправие и такое же духовное счастье, а не «счастье» обладания вещами.

Отличие между вещиизмом и духовностью весьма существенно.

Об этих заимствованиях Запад, всегда высокомерно считавший себя источником и центром всего нового, передового и наиболее древнего, предпочитает умалчивать.

О массовой встрече нового года в степи писали китайские и греческие авторы.

Например, греческий историк Квинт Курций Руф (1 век до нашей эры) в книге «Походы Александра» сообщал, что в этот день над шатром хаkana поднимали знамя с изображением солнца, на равнину в алых одеждах выходили 365 джигитов, которые олицетворяли 365 суток года.

Затем на степной авансцене появлялся жрец (шаман, бақсы) и от имени всего народа обращался к Небу с молением и молитвами, озвучивая народные чаяния и мольбы под звук кобыза.

Шаман исполнял 9 кюев-наигрышей (молитвенная музыка), после чего народ приступал к празднованию.



ЖАҢА ЖЫЛДЫ МЕРЕКЕЛЕУ ҚАЛАЙ ӨТКЕН

Ең алдымен басты салт-жора және міндет орындалды: шығып келе жатқан күнді қарсы алу.

Әппақ киімге оранған егде әйелдер тостағандағы қымызды алып шығады (кейіннен ол кез-келген сүтпен алмастырылды) және оны күншығыс жаққа қарай шашады (құрбандық шалу).

Одан кейін мынадай сөздерді айтып, үш рет тізе бұғу рәсімі орындалады: «Келген Таңға, Шыққан Күнге – тәу-тәу-тәу, барлығымызға денсаулық бер, біздің малымызды сақта және көбейте гөр».

Оларға ақсақалдар қосылады: «О, Жаратқан ие, халқымызды сақта және көбейт, бізге ұзақ ғұмыр бер. Саған осы Ұлыстың Ұлы күнін сыйлағаның үшін шүкірлік айтамыз. Әумин!».


Осындай дұға-тілектермен барлығы шығысқа қарай қолдарын жайып, алақандарымен беттерін, сақалдарын сипайды.

Айтпақшы, менің жорамалым бойынша, бұл ишарат кіші дискіні (бетті) үлкен дискінің (Күннің) шапағатына бөлеуді білдіреді, яғни күннің шұғыласын өзінің денесіне дарытуға тырысу.

Сақал, басындағы немесе бас киіміндегі қауырсынның шоғырлары – күн шұғыласының көшірмесі.

Тәңіршілдіктің бұл рәсімдері (бетін алақанымен сипау, шоқыну, дұғаны «әумин» сөзімен аяқтау) кейіннен барлық діндердің салт-жоралық атрибутына айналып, бүкіл әлемге таралды.

Және де осы ауыс-түйіс туралы соңыра пайда болған ілімдер үндемей қалуды артық көреді.



КАК ПРОХОДИЛО ПРАЗДНОВАНИЕ НОВОГО ГОДА

Сначала исполнялся самый главный ритуал и обязанность: встреча восходящего солнца.

Пожилые женщины, облаченные в белые одеяния, выносили в чашах кумыс (затем он был заменён молоком любого происхождения) и разливали (брызгали) его в сторону восхода (жертвоприношение).

Затем совершалось троекратное коленопреклонение со словами: «Наступающему Утру, Восходящему Солнцу – благо-благо-благо, дай всем здоровья, сохрани и преумножь наш скот».

Им вторили аксакалы: «О, Всевышний, сохрани и увеличь наш народ, дай нам долгих и добрых лет жизни. Благодарим тебе за этот дар – день Великого Улуса. Благо! Благо! Благо! (Аминь!)»

С этими молитвами все простирали руки к восходу и оглаживали ладонями лица, бороды.

Кстати, по моему предположению, этот жест означает освящение малого диска (лица) лучами диска большого (Солнца), желание обратить благоприятные лучи солнца на свою личность (от слова лицо, личина).

Бороды, пучки перьев на головах или головных уборах – копии солнечных лучей.

Эти обряды тенгрианства (гладить лицо ладонями, креститься, завершать молитву словом «аминь») распространился затем по всему миру, став обрядовыми атрибутами всех религий.

И об этом заимствовании религиозные учения, возникшие позже, предпочитали умалчивать



